

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



**«Бекітемін»
ЖШС «Радуга» балабақшасы
меңгерушісі : У.О.Серибаева
«30» «04» 2024ж**

1 мамыр достық күні

Тақырыбы: Достық мерекесі

Ересек «Звёздочки» тобы .

Тәрбиеші : У.Темірбекова

2023 – 2024 оқу жылы .

Тақырыбы: Достық мерекесі

Мақсаты: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету.

Әдіс – тәсілі: Сұрақ – жауап, түсіндіру, ойын, ән айту.

Көрнекілігі: Әр ұлт өкілдерінің суреттері, DVD, теледидар, сурет салу құралдары.

Салалық байланыс: Шығармашылық, таным.

Мотивациялық қозғаушы:

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем мезгілі.
- Дұрыс айтасыздар, қазір көктем мезгілі, көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қане есімізге түсірейікші.
- 8 наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз, наурыз мерекесі.

Жарайсындар, сендер жақсы біледі екенсіңдер, естеріңе жақсы сақтап қалыпсындар. Осы көктем мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен. Ол мереке 1 мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні мерекесі.

Іздену ұйымдастырушы:

- Балалар біздің ұлтымыз қандай?
- Қазақ
- Біз қай тілде сөйлесеміз?
- Қазақ тілінде.

Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады.

Қане балалар бәріміз экранға қарайық.

1 – слайд: Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру.

Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмасада, Қазақтардың елін – елім деп, жерін – жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде. Әлем халықтарының тату – тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді.

2 – слайд: Экраннан Елбасы құттықтауы мен Астана қаласы орталық алаңда өткізіліп жатқан шеруді тамашалау. (түсіндірме беру)

Ертең 1 мамыр мерекесі. Біздің де Қазалы халқы орталық алаңға осындай

салтанатты шеруге шығады. Әр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық киімдерін киіп, өнерлерін көрсетеді.

Балалар, ертең біз мерекеге барғанда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсыңдар?

- Шар, жалауша.

- Дұрыс айтасыңдар, біз мерекеге шар, жалаушалар ұстап шығуымыз керек. Олай болса осы мерекеге арналған шарымыз бен жалаушаларымыздың суретін салайықшы.

- Жалауша қандай пішінге ұқсайды?

- Тіктөртбұрышқа

- Түсі қандай болады?

- Көк болады.

- Ал шар қандай пішінге ұқсайды?

- Домалақ, сопақша.

- Түстері қандай болады?

- Қызыл, көк, жасыл, т. б

Жарайсыңдар балалар, жалаушамыздың түсі көк, пішіні тіктөртбұрышты, ал шарларымыздың түстері әр түрлі, пішіндері домалақ, сопақша болады екен. Қане алдарыңдағы қағазға өздеріңе ұнайтын шар мен жалаушаның суретін салайық. (Балалар өз қалаулары бойынша ұнайтын суреттерін салады)

Сергіту сәті: Ортақ мекен жер шары,

Төбемізде бір аспан.

Барлық ұлттың баласы,

Достығымыз жарасқан. (өлеңге сәйкес қимылдар жасайды)

Рефлексивті коррекциялаушы:

Дидактикалық ойын: «Қай ұлттың бас киімі?»

Ойын шарты: Көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу.

Балалар сендер достық, ынтымақ туралы қандай мақал – мәтелдер білесіңдер?

Ырыс алды – ынтымақ.

Бірлік болмай, тірлік болмас.

Ұрыс, ырысты қашырап

Ынтымақ, халықты асырап.

Балалардан бүгінгі өтілген тақырып бойынша сұрақ – жауап арқылы қорытынды жасау.

Жарайсыңдар балалар, бүгінгі оқу іс - әрекетіне жақсы қатыстыңдар. Бір – біріңе деген достықтарың мәңгі болсын, ата – аналарың аман болсын. Ал мен сендерге ертең 1 мамыр мерекесіне барғанда қолдарыңа ұстап баратын жалауша мен гүл берейін. Ертеңгі мерекеде әдемі болып жүріңдер.

Біздің достығымызды білдіретін «Достықпен» әнін айтайық.

Күтілетін нәтиже:

Білуі; Балалар 1 мамыр мерекесі Қазақстан Халықтар бірлігі күні екенін біледі.

Меңгеруі: Өз Отанын сүюді, қорғауды, өзге ұлт өкілдерін құрметтеуді үйренеді

Игеруі: Әр ұлттардың киім ерекшеліктерін біледі.

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



«Бекітемін»
ЖШС «Радуга» балабақшасы
меңгерушісі : С.Сербаева
У.О.Сербаева
«30» «04» 2024ж

1 мамыр достық күні

Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан»

Ортаңғы «Улыбки» тобы .

Тәрбиеші : М.Нурова

2023 – 2024 оқу жылы .

Балаларға достық, татулық туралы мағлұмат беру. Есте сақтау қабілеттерін, танымын, ой-өрісін дамыту. Сөйлеу қарым-қатынасында өзін еркін ұстауға, ойын нақты жеткізе білуге жаттықтыру, ынталандыру. Достық қарым-қатынасты сыйлауға, татулыққа, ауызбіршілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Ағаш - тамырымен, адам - достарымен мықты. Балдырған, достық,

Әдіс-тәсілдер

Мақал-мәтелдер, әңгімелесу, сөздік жұмысы, тапсырмалар орындау, интерактивті тақта арқылы әңгімелесу, сұрақ-жауап, түсіндіру, кері байланыс.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Қолдарынан ұстап, шеңбер болып тұрған балалардың суреті.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты жүрекшелер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

Мақал-мәтел.

Досы көппен сыйлас,
Досы азбен сырлас.

1.1. Көркем сөз.

Педагог балаларға Жұмағали С. «Достық» атты өлеңін дауыстап оқиды.
Өлеңнің мазмұнын түсіндіреді.

Дән ексем, жерге достық егер едім,
Бұлт болсам, соған тамшы себер едім.

Жайнаған гүлден гөрі, ыстық құмға
Дос үшін жылда айналып келер едім

- Балалар, сендердің достарың бар ма? Қане, кімнің достары көп екен?

Балалар жарыса жауап беріп, өздерінің достарын айта бастайды.

- Ендеше, балалар, бүгін дос, достық туралы айтатын боламыз.

- Дос сөзін қалай түсінесіңдер?

Балалардың еркін жауаптары.

Педагог балалардың жауаптарын толықтыра келе:

- Иә, балалар! Дос - әрдайым қасыңнан табылатын жанашыр адам.

Достық - сол адамдардың арасындағы сыйластығы мен татулығы.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мақал-мәтел:

Ағаш - тамырымен, адам - достарымен мықты.

Педагог балаларға мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіріп кетеді.

2.1. Педагог:

- Балалар, мықты достықты немен салыстыруға болады?

(Темірмен, таспен, тізбекпен, арқанмен, құлыппен, күнмен, әнмен және тағы басқа.)

Педагог:

- Достық туралы көп біледі екенсіңдер. Жарайсыңдар!

- Қане, балалар, қазір достығымыздың қандай мықты екенін көрсетеміз. (Балалар кілемге тұрады.)

- Кейде достар ренжісіп қала ма? (Ия, ренжіседі.)

- Достар ренжіспеу үшін не істеу керек? (Ренжіспей, ұрсыспай ойнау үшін ойыншықтарға таласпау керек. Бөлісіп ойнау керек, бір-біріне көмектесу керек, кешірім сұрай білу керек, кешіре білу керек.)

- Жарайсыңдар, балақайлар! Қане, біз нағыз достың қандай болатынын білу үшін ойын ойнайық.

«Сөз айт» сөздік ойын.

Мақсаты: досты сипаттайтын сын есімдерді айтуды үйрету.

Дос ... болу керек (мейірімді, адал, шыншыл, жақсы, қамқор, ...)

Ойын доппен ойналады.

2.2. «Достық аралы» жаттығу.

Педагог:

- Балалар, сендер өздеріңді аралға тап болдық деп елестетіңдер. Ол жақтағы теңізде дауыл басталды. Теңіз қатты толқып жатыр. Дауылдан қорғану үшін барлығымыз бір жерге жиналуымыз керек. Бұл жерде біздің құтқарушымыз газет болады. Әр бала достыққа туралы бір тілектен айтып газетке тұрады.

Мысалы:

- Біз көңілді достармыз.

- Достығымыз жарасқан.

- Біз татумыз.

- Біз мейірімдіміз.
- Достарымыз көп болсын.
- Достар ренжіспейді.
- Біз достықты сақтаймыз.

Балалардың бәрі бір жерге жиналады. Газеттен шықпай бірге жерде тұруға, яғни, ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиеленеді.

2.3. Педагог:

- Ал, енді бәріміз кілемге жайғасып бір-бірімізге жақын отырайық. Бір-біріміздің қолымыздан ұстайық. Жылулығымызды сезінейік.
- Бір-біріңнің жылуыңды сезініп тұрсыңдар ма?
- Ия, сеземіз.
- Балалар, біз көппіз, бір-бірімізбен доспыз дегенді білдіреді. Қазір «Тыныштық» ойынын ойнайық.

Мақсаты: балаларды достыққа, мейірімділікке, адалдыққа баулу.

Балалар шеңбер бойымен қол ұстасып жүреді. Мына сөздерді айтады:

Тыныш, тыныш, тыныштық ...

Су да тапты тыныштық.

Қамыстарда шуламайды.

Балақайлар ұйықтайды.

Балалар тізерлеп отырып ұйықтағандай қимыл жасайды. Педагог қай балаға қаратып: «Мына жерде кім ұйықтап жатыр?» - деп сұраса, сол бала орнына тұрып атын атайды. (Ойын осылай жалғаса береді, тұрғандар орындықтарына барып отырады.)

2.4. Саусақ жаттығуы.

Біздің топта балалар (саусақтарын құлып сияқты қосады),

Тату-тәтті ойнайды (екі қолдың саусақтарын түйістіреді).

Бір, екі, үш, төрт, бес (әр саусақтарды жұптап түйістіру),

Бізге ешкім тең емес (саусақтарды төменге қарай сілкілеу)!

Педагог:

- Балалар, тыңдаңдаршы. Айдын мен Дамир дос болыпты. Бір күні Айдын мен Дамир футбол ойнап жүреді. Айдын допты қатты тепкенде, доп Дамирдің қолына тиіп, Дамир жылап қалады. Ол досына ренжіп қалыпты.
- Балалар, Дамир мен Айдынды қалай достастырсақ болады?

«Достасу» қимылды ойын

Мақсаты: балааларды кішіпейілділікке, кешірімді болуға, дос болуға, татулыққа тәрбиелеу. (Музыка әуеніне ілесіп балалар жан-жаққа жүреді. «Достасамыз-достасамыз» сөздерін естіген кезде балалар жұптасып тұра қалады.)

2.5. «Даусынан таны» дидактикалық ойыны

Мақсаты: балаларды достыққа, мейірімділікке, аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Балалар шеңбер құрып отырады. Көздерін жұмады. Педагог қай баланы көрсетсе, сол бала: «Мені танымайсың, дауысымды білмейсің!» - деп айтады. Дауысын өзгертуге болады.

Ойын осылай жалғаса береді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Бүгін достық туралы, дос туралы не білдік?

Балалардың жауаптары.

- Балалар, бүгін сендер өте керемет белсенділік таныттыңдар. Нағыз дос екендеріңді көрсеттіңдер.

- Жарайсыңдар!

- Достардың жүрегі кең болады, мейірімді болады.

(Педагог балаларды мақтайды.)

- Мен сендерге бүгін осындай әдемі жүрекшелер сыйлаймын.

- Бүгінгі достық туралы оқу қызметіміз аяқталды. Бәріңе нағыз достық тілеймін. Сау болыңдар!

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



**«Бекітемін»
ЖШС «Радуга» балабақшасы
меңгерушісі : С.Сер
У.О.Серибаева
«31» «05» 2024ж**

1 маусым балаларды қорғау күні

Тақырыбы: Біз шыныққан баламыз!

Ортаңғы «Улыбки» тобы .

Тәрбиеші : М.Жулдасбекова

«1-маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні»

Балаларды қорғау дегеніміз - әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз.

Арманы бір, үні бір
Аға ардақты, іні гүл
Бақыт туын көтерген
Балалардың күні бұл

Мақсаты: «Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту. Ойын - сауықта өлең айтып, би билеу арқылы белсенділіктерін арттыру. Балаларды өзін құрметтеуге, әлеуметтік мәнділік сезімін, жеке тұлға ретінде көрсете білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата - аналар, қымбатты бүлдіршіндер мен сәбилер! 1 - маусым балаларды қорғау күні құтты болсын! Барлығыңызға ашық аспан, бейбіт өмір, сәбилерге бақытты балалық шақ, әрқашанда сыңғырлаған күлкі тілейміз.

Баршамызды бала тілімен баурайтын,

Бала деген бір бақыт қой самғайтын.

Ата - ананың арманы мен тілегін,

Бала емес пе?, бал бұлақтан жалғайтын.

Сүп - сүйкімді періштелер сендерсіңдер,

Қандай бейне өздеріңе тең келетін.

Данышпан да, ғарышкер де, ғалым да,

Ең алдымен балалықты меңгерген.

Балалар, 1 - маусым 1950 жылдан бастап, Халықаралық балаларды қорғау күні болып келеді. Біздің Қазақстан Республикасында балалар құқығы заңмен бекітілген.

Әр бала, балабақшаларда, мектепте мемлекет тарапынан тегін тәрбие мен білім алуға құқылы. Міне, біздің «Бәйтерек» балабақшасында да, осы балаларды қорғау күніне арналған «Мен өмірдің гүлімін» атты мерекелік шара өткелі отыр.

Аталған мерекеге бізді құттықтап келген қонағымыз, «Нұр Отан» партиясының мүшесіне сөз кезегін береміз.

Балалар күніне арналған мерекелік ертеңгілігімізді ашып беру және мерекелік лебізін білдіру үшін сөзді балабақша меңгерушісіне сөз кезегін береміз.

Жүргізуші: Жүздерінен мейірім мен нұр тамар

Алдарыңда жауқазындай құлпырған

Алаңсызда балғын шақты балалар

Құшақ жая қарсы аламыз сіздерді

Би: Би билеп, әнле бүгін шырқалар — дей отыра. «Тәрбиеші мен бүлдіршіннің

диалогы» әсем әнге салып орындайтын балабақшамыздың тәрбиешісі мен тәрбиеленушілерімізді ортаға шақырамыз.

Жүргізуші: Тамаша! Қандай көңілді ән десеңші! Сәбидің көкейінде бәрін білсем деген сұрақ әсте таусылған ба?!

Сайқымазақтардың келуі: Бұл не деген мереке? Нені тойлап жатырсыңдар?

Жүргізуші: Бүгін бізде, 1 - маусым балалар күніне арналған үлкен мерекелік шара өтіп жатыр. Бізбен бірге тойлағыларыңыз келсе, қалып тойлауға болады. Балалар, сайқымазақтарды қалдырамыз ба?

Балалар: Иә, қалдырамыз.

Сайқымазақтар: Қане, балалар онда сендермен бір көңіл көтеріп ойын ойнайық. Ойынымыздың аты «Кім жылдам?»

Ойынның шарты: Үстел үстінде тұрған ыдыстағы суды түтікшемен ішіп тауысу. Ойынға әр топтан 5 бала қатысады.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар. Бәріңіз де епті екенсіңдер.

Өнері де өрілген,

Биіктерден көрінген

Бишілерді шақырсак

«Домбыра» биін билеген – аудандық «Жауқазын» фестивалің жүлдегерлері, балабақшамыздың биші бүлдіршіндерін қарсы алайық.

Жүргізуші: Ортақ мекен жер шары,

Төбемізде бір аспан.

Барлық ұлттың баласы

Достығымыз жарасқан.

Осы кезде әуенмен Тәттібек пен Джек келеді.

Джек: Хеллоу чилдрен! Сәлеметсіздер ме, балалар. Бүгінгі балаларды қорғау күні құтты болсын. Рұқсат болса, бізде сендермен бірге мерекені тойлайықшы. Қызықты болсын деп, бәріміз бірге ойын ойнайық.

Балалар: Алақай!!! ойнайық.

Ойын: «Тәттіні тасымалдау»

Ойынның шарты: Қолымызды артымызға қойып, үстел үстіндегі тәтті кәмпиттерді ауызбен тасымалдау.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар. Сүйікті балалар, бүгін сендердің тойларың жер бетіндегі балалардың достық мерекесі. Джек өзімен бірге Дараны да ертіп келіпті. Ол өзінің жүрек жарды тілектерін айтуға ниет білдіріп тұр.

Дана: Хеллоу чилдрен, хов а ю. Ай кам хия ин алэ ту селибрейт виз чилдренз лей.

Ай уиш ю хапинес, энд опенед скай.

Жүргізуші: Тэнк ю Дара

Аю мен қоян: өздерімен бірге Қызыл телпекті ала келеді.

Аю мен қоян: бұл не деген мереке?

Жүргізуші: Бұл 1 - маусым балаларды қорғау күні мерекесі. Келіңіздер, бізбен бірге көңіл көтеріңіздер.

Қызыл телпек: Здравствуйте, ребята. Я пришла вас поздравить. Я желаю вам крепкого здоровья и счастливого детства!

Жүргізуші: Олай болса, ойынымызды бастайық.

Ойынымыздың аты: «Кім мықты?»

Ойынның шарты: Алдымыздағы гүл мен доптарды екіге бөліп, екі себетке салайық.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, өте тамаша ойын болды.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, келесі кезек тағы әсем әнге беріледі.

Балабақшамыздың өнерлі бүлдіршіні Ақылбектің орындауында «Туған өлке» әні.

Қабыл алыңыздар.

Жүргізуші: Балалар, бізге африка елінен тағы да қонақтар келіпті. Қане, қарсы алайықшы.

Би: «Чунга - чанга»

Осы кезде Томпақ келеді: Қандай ғажайып әлем! Мен қай елге келдім.?

Жүргізуші: Бұл «Улыбки» Улыбкидар елі. Бұр елде ақылды, әдемі, өнерпаз балалар тұрады. Бүгін бізде үлкен мереке. Кел, Томпақ бізбен бірге көңіл көтер.

Томпақ: Жарайды балалар.

Олай болса, Томпақпен бірге көңіл көтеріп алайық.

Би: «Томпақ»

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар.

Ән көмейден құйылды.

Қайғы бұлты шегінді.

Балалар мен дүние

Көрікті де, көңілді.

Құрметті қонақтар, қымбатты балалар! Бүгін естен кетпес керемет мерекелік шарамызды өткізіп отырмыз. Аспанымыз ашық, болашағымыз жарқын болсын.

Осымен, «Біз өмірдің гүліміз» атты мерекелік іс - шарамыз аяқталды. Балалардың бәрін бірге «Ай, будет круто» биіне шақырамыз.

Жаз да келді көңілді.

Келді гүл мен өрнекпен.

Ел бакыты мерейлі.

Балалары әндетті.

Гүлмен келсін келер күн.

Бала бағы бар елдің

Балалардың күлкісі

Көркі, сәні әлемнің

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



«Бекітемін»
«Радуга» балабақшасы
меңгерушісі : 
У.О.Серибаева
«08» «05» 2024ж

Ертеңгілік

Тақырыбы: «9 - мамыр - Жеңіс күні!»

Ортаңғы топ «Улыбки» тобы .

Тәрбиеші : М.Жулдасбекова

Тақырыбы: 9 - мамыр - Жеңіс күні!

Тәрбиеші: Құрметті кішкентай бүлдіршіндер, апайлар және бүгінгі ертеңгілігіміздің қонақтары!

Сіздерді 9 - мамыр Ұлы Жеңістің —... жылдық мерекесімен құттықтаймыз!

Аталарымыз бен әжелеріміздің ерлігімен келген бұл Жеңіс мерекесі ұрпағымыздың есінде мәңгі сақталады. Бүгінгі «Жұлдыз» сәбилер тобында өткізілгелі отырған ертеңгілігіміз Ұлы Жеңістің келбетін насихаттауға арналғандықтан «9 - мамыр - Жеңіс күні!» атты ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймыз.

Тәрбиеші: Бүгін жеңіс күні — адамзат аңсап күткен күн, жеңістің туын тіккен - 1945 жылғы 9 мамыр азаттық күрестің айбынды күні.

Алақай – ай! Әйгілі!

Тоғызыншы май бүгін

Алғаш күні шаттықтың

Соңғы күні қайғының,- дегендей бүлдіршіндеріміздің жыр шумақтарын қабыл алыңыздар.

Айару: Бар елге қымбат туыстық,

Баянды болсын тыныштық

Мирас: Жеңіс келді далама,

Жеңіс келді қалама.

Мұхаммедәли: Бір, екі, үш

Бойға жинап күш.

Шынығамыз таңертең,

Солдат болам мен ертең.

Алинұр: Жеңіс күні құтты толсын,

Құтты болсын аталар

Тәрбиеші: Біздің Ұлы Жеңісіміз көктем боп,

Көңілдерге шұғыласын төккен көп.

Сонау жылы 9 май күні,

Алмастырған қуанышқа қайғыны,- дей келе келесі кезекте биге берейік

Би: «Ұландар»

Тәрбиеші: Бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларымыз кімдер еді?

- Ә. Молдағұлова. М. Мәметова. Б. Момышұлы, Н. Әбдіров т. б

- Дұрыс айтасындар, балалар есімдері аңызға айналған ағаларымызды, әкелерімізді, аналарымызды, тарих бетінде «Батыр» деп жазып кетті. Батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкімде, ешқашан ұмытпақ емес. Олар еліміздің бақыты

үшін, ерлікпен қаза тапқан. Келесі кезекті балалардың батыр аға - апаларына арналған өлең жолдарына кезек берейік.

Айша: Бауыржан атам ардақты,
Алды биік атақты.

Раяна: Мәншүк апай батыр қыз.
Ардақтаймыз атын біз.

Айкөркем: Ұқсап Мәншүк апайға
Өсіп келе жатырмыз

Тәрбиеші: Отаным еркелеймін енді кімге
Өзіңмен нені болса көрем бірге
Қалайша қабырғама батпас менің

Басына қатер болды төнген күнге,- дегендей Жеңіс атылған оқпен ғана келген жоқ,
әнмен де келді. Жауынгерлерді ән алға жетеледі, жігерлендірді. Жаңа ерліктерге
көтеріп, үлкен ұрыстарға жеңіс дабылын қақты. Ендеше келесі кезекті «Отан Ана»
әніне берейік.

Келесі кезекті қыздардың орындауындағы биге кезек берейік.

Би: «Сарбаздар»

Келесі кезекте тақпаққа берсек:

Арнұр: Шекарада солдат тұр,
Ел бақытын қорғап тұр

Ардана: Елімізде жерімізде,
Бүгін үлкен мереке

Айлин: Болашақтың тыныштығын
Қорғайды жас ұландар

Радуга: Бейбітшілікке үнемі
Ән саламыз әдемі

Алинұр: Ұмытпайды ешқашанда
Жауынгерді балалар.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар мен апайлар бүгінгі «9 - мамыр - Жеңіс күні!» атты
ертеңгілігімізді аяқтай отырып, баршаңызға бақыт, бірлік тілейміз. Әрқашан еліміз
тыныш, бейбітшілік болсын! Елімізде Жеңіс туы ардайым желбіреп тұрсын!

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС«Радуга» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
ЖШС«Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Д.Б.Каттабекова  21.09.2023ж



Ертеңгілік

Тақырыбы : "Ана тілім-тірегім".

Тәрбиеші : Г.Жакиянова

Сарыағаш қаласы
2023 – 2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Ана тілім-ардақтым!»

Мақсаты: балалардың өз балабақшасы туралы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып

тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қолданылатын көрнекіліктер: суреттер, слайд, музыка

Әдістемелік әдістер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап

Тәрбиеші сөзі: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар және балалар! Біздің тобымыздың

«Ана тілім-ардақтым!» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Бүгін біз Қазақстанымыздың

тіл мерекесін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын! Ендеше бүгінгі мерекені

бастау үшін «Қошақан» тобының кішкене бүлдіршіндерін ортаға шақырайық.

Балалар ән ырғағымен залға кіреді.

Балалар, бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр, олармен сәлемдесіп алайықшы.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды күніміз,

Жарқырайды бақшамыз.

Қайырлы таң, қонақтар,

Қайырлы таң, достарым!

Балалар, сендер білесіңдер ме біз қандай мемлекетте тұрамыз?

Біз қандай ұлтқа жатамыз?

Біздің елбасымыз кім екен кім айтат білесіңдер ме?

Біз қай тілде сөйлейміз?

Біздің Қазақстанда тұратын қандай ұлттарды білеміз?

Балалар, бүгін біз тіл мерекесін тойлағалы жатырмыз солай ма, ендеше тіл бізге не үшін керек?

Сөйлеу үшін, қарым-қатынас жасау үшін, бір-бірімізбен сөйлесу үшін керек екен. Бүгінгі мерекеге басқада ұлт өкілдері келу керек еді олар неге кешігіп жатыр екен?

Кенет ұшақтың дыбысы естіледі.

Музыка әуенімен өзге ұлт өкілдері кіреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Сіздер неге кешігіп келе жатырсыздар?

Қонақтар: Сәлеметсіздер ме, ренжімеңіздер біз Қазақстанның әсем қалаларын аралап келе

жатырмыз.

Тәрбиеші: Қанеки келеген қонақтардан қай ұлттың өкілдері екен өздеріннен сұрап көрейікші.

Орыс ұлт өкілі: біз орыс еліннен келдік.

Грузин: ал біз грузинбіз.

Қазақ: ал біз қазақ қызарымыз, сендердің бауырларыңыз.

Тәрбиеші: Қане ендеше келген қонақтарды да бүгінгі мерекені бізбен бірге тойлау үшін орта-

мызға отырғызайық.

Тәрбиеші: балалар,мына суретке назар аударайықшы.

Суретпен жұмыс.

Билингвалды компанент: Елтаңба-Герб, Отан-Родина, тіл-язык,

Тәрбиеші: Бізге келген қонақтар біздің елдің рәміздерімен, қалаларымен танысты
енді олармен

бірге Әнұранымызды орындайық!

«Әнұран» орындалады.

Тәрбиеші: Балалар,бізге келген қонақтар біздің тіл мерекемізді тойлап
жатқанымызды білу үшін

оларға әдемі жыр шумақтарымызды айтып береміз бе?

Дінмұхаммед:

Тілім барда мақтанам

Тілім менің аппақ ән

Бірлігімді бүгінгі

Ана тілім сақтаған

Ерсайын:

Ана тілім-менің

Әлдилеген әнім

Ана тілім-демім

Ана тілім-жаным.

Раяна:

Ана тілің арың бұл

Ұятың боп тұр бетте

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тіліңді құрметте!

Кәусар:

Бейбітшілік ұраны

Жарқыраған алтын күн

Ән қанаты қыраны

Еркіндігі халқымның.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, ал енді бізге келеген қонақтар да
мерекеге арнап қандай сый
әкелді екен?

Жолсерік: Бізде мерекеге бос келген жоқпыз. Өз ұлттарымыздың биін ала келдік
және жыр

шумақтарымызда бар.

Нұрасыл:

Достық шырағымыз

Достық ұранымыз

Достық туымыз

Достық әніміз

Алихан:

Ана тілім елдігім

Ана тілім ерлігім

Тілді бүгін құрметпен

Тойлап жатыр ел бүгін

Ернар:

Сүйесің өз тіліңді

Боласың білімді

Өз тілің үйретер

Өнерді ғылымды

Ардақты тіліңді

Аяна:

Ана тілім тірегім

Ана тілім жүрегім

Қасиетті елімнің

Теңі өзің деп білемін

Әдемі:

Жаныма қымбат

Ана тілім маған

Ана сөзден тыңдап

Үлгі өнеге алам

Жолсерік: Ал енді, биімізді де тамашалаңыздар?

Би: «грузин биі», «орыс биі»

Тәрбиеші: Міне керемет, ендеше бізде қалыспай өзіміздің қлттық ойынымыз
«Қыз қуу» ойынын

ойнайық.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, сендерге ойын ұнады ма?

Құрметті қонақтар, сіздерді тағыда тіл мерекесімен құттықтай отырып
ертеңгілігімізді

«Дос болайық бәріміз» әнімен қорытындылаймыз!

Сау саламатта болыңыздар!

1 маусым балаларды қорғау күні

Тәрбиеші : У.Темірбекова

2023 – 2024 оқу жылы .

Тақырыбы: Біз шыныққан баламыз!

Мақсаты:Спорттық эстафеталық жарыстарға деген қызығушылықты арттыру. Спортқа деген сүйіспеншілігімізді нығайту. Ептілікке шапшаңдыққа жаттығу.

Көрнекі құралдар: 2-кубик, 6-доғал, 1-арқан, 12-кегли,2-тығыз доп , 2-қағаз.

Жүргізуші:

Спорт деген азанда

Алады да тұрғызып.

Еріншектік аз онда,

Бастайды ойын бір қызық

Аязда да тоңбайсың,

Ыстыққа да күймейсің,

Сергектікті қолдайсың,

Жалқаулықты сүймейсің,

Бақыт сенен қашпайды,

Өнер білген пайдалы,

Спорт соның айғағы дей тұрып,

Бүгінгі балабақшамыздың ересектер тобының арасында өткелі отырған «Біз шыныққан баламыз» атты сайысымызға қош келдіңіздер ! Бүлдіршіндер сіздерді денсаулық күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, мол бақыт, жүздеріңе күлкі, қуаныш,көлдей көңіл, өзендей өмір тілейміз.

Уа халқым назар аудар денсаулыққа ,

Өмірде бақыттысың денің сауда

«Денсаулық-терең бақыт» деген сөзді

Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да.

Денің сауда күштісің бұл әлемде,

Денің сауда сұлусың жер бетінде

Сол мықты денсаулықтың арқасында

Жетерсің әлі талай бақыттарға деп ортаға «Алау» және «Жалын» тобын

шақырамыз.

«Алау» тобы Ұраны : Біз лаулаймыз жанамыз

Жарыстарда әрқашан озамыз

«Жалын» тобы Ұраны: Қиындыққа төтеп берер ,

Біз боламыз Жалын тобы

Жарысымыз 6 турдан тұрады.

1. «Кім жылдам»

Ойын шарты: Бірінші ойыншы қолына кубикті алып, жүгіру арқылы белгіленген орыннан айналып келіп, екінші ойыншыға кубикті береді. Ойын ары қарай жалғасады. Қай топ бірінші аяқтаса, сол топ жеңіске жетеді.

2. «Кедергіден өту»

Ойын шарты: Ойыншылар алдарына қатарласып қойылған кеглилерді ұрып құлату керек, әр ойыншыға 3-реттен кезек беріледі. Қайсы топ көбірек кегли құлатса жеңіс сол топтыкі.

3.«Арқан тарту»

Ойын шарты: Екі топтың ойыншылары белгіленген сызықтың екі жағына орналасып арқанды тартады. Қайсы топ арқанды көбірек тартса, сол топ жеңіске жетеді.

4.«Кеглиді доппен құлату»

Ойын шарты: 2-3 метрге тігілген кеглиді доппен ұрып құлату. Қай топ барлық кеглиді құлатса сол топ жеңіске жетеді.

5.«Қағазды баспен ұстау»

Ойын шарты: Ойыншылар қағазды басымен ұстап белгіленген межеге жетіп, айналып келеді де келесі ойыншыларға береді. Ойын дәл солай жалғасады.

Жүргізуші: осымен ересектер тобының арасында өткен **«Біз шыныққан баламыз»** атты жарысымыз өз мәресіне жетті.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Д.Б.Каттабекова
«29» «08» 2023 ж



Білім күні

Ересектер «Звёздочки» тобы .

Тәрбиеші : Г.Жакиянова

2023 – 2024 оқу жылы .

Тәрбие сағатының мақсаты: Балаларға 1 — қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Көрнекі — құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс — тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ — жауап.

Барысы: I. Кіріспе бөлім.

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік әнұранды орындау.

Тәрбиеші: Шаттық шеңбері:

Жаңа қадам жасадым,

Қош болып тұр, бесігім.

Мен қуанып ашамын,

Балабақша есігін.

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар, ата — аналар және барша қазақстандықтар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу іс — әрекетіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1 — ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1 — қыркүйек барша қалықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Балалар, біз ересектер «Звёздочки» тобында оқу оқығанда біздің Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.

(балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, әнұран, елтаңба, ту.

Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев

Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?

Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айтыңдаршы, біз қай ауылда туып, өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Біз Сарыағаш қаласында туып, өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?

Балалар: «Радуга» балалар бақшасы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздеріннің Республикаларын, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Жарайсыңдар!

II. Негізгі бөлім.

Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу іс — әрекетімізді жалғастырайық.

Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.

Білім — ғылым бастауы, мерекелі

Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).

Ердәуір: Жымындап күз келді,

Күліңіз сіз де енді.

Бірінші қыркүйек

Қарсы алшы біздерді!

Аяна:

Балабақша есігін

Үшке тола ашқанбыз.

Балапандай мәпелеп,

Өсіруде бақшамыз.

Раяна:

Мен кішкентай баламын,

Кітап оқи аламын.

Дәптер, қалам, сызғышты,

Сөмкеме өзім саламын.

Нұрасыл:

Сырлары көп ғылымның

Шешілмеген әлі де

Тереңдігі білімнің

Керек екен бәріне!

Алихан:

Білім — менің ертеңім

Өсу үшін өркенім

Жүзем оқу — айдында

Жайып білім желкенін

Мұхаммед:

Қиындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге!

Ерке:

Қыркүйектің бірінде,

Кеудем толы дірілге,

Құлақ түйем елендеп,

«Бақша» деген бір үнге.

Нұрай:

Балабақша — айтар әнім,

Сан рет қайталадым.

Өзіңнен алғанымды,

Өзіңе қайтарамын.

Ойын: дидактикалық ойын

Тәрбиеші: енді балалардың мақал — мәтелдерін тыңдап көрейік.

Аяла:

Білекті бірді жығар,

Білімді мыңды жығар.

Кәусар:

Кітап — білім бұлағы,

Білім – өмір шырағы.

Арслан:

Ақыл азбайды,

Білім тозбайды.

Айеркем:

Оқы да біл,

Ойна да күл.

Ислам:

Оқу білім азығы,

Білім-ырыс қазығы.

Бағым:

Білім басы-бейнет,

Соңы зейнет.

Ердаулет:

Әліппенің ар жағы,

Білім бағы.

Ақбөпе:

Наданмен дос болғанша,

Кітаппен дос бол.

Нұрболат:

Кітап-алтын қазына.

Айым:

Күш білімде,

Білім кітапта.

Айда: Өнер ағып жатқан бұлақ,

Ілім-жанып тұрған шырақ.

Тәрбиеші: Сергіту сәті.

Күндей болып күлеміз,

Гүлдей болып өсеміз.

Құстай болып ұшамыз,

Көбелектей қонамыз.

III. Қорытынды бөлім.

Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!
Ғылымның көп тас қамалы
Ғалымдық та асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы —
Балабақшадан басталады!

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу іс —
әрекеттеріміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан
бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
«Радуга» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Д.Б.Каттабекова
«29» «08» 2023ж



Білім күні

Кіші топ «Капельки» тобы.

Тәрбиеші : С.Бозорбаева

2023 – 2024 оқу жылы .

Мерзімі : 01.09 .2023ж

1 қыркүйек - Білім күніне арналған салтанатты шара

Мақсаты:

1. бүлдіршіндерге Білім күні мерекесінің мән - мағынасын ұғындыру;
2. сахналық мәдениетін қалыптастыру;
3. мерекелік көңіл - күй сыйлау.

I.«Көңілді балалар»биі орындалады.

II. Ән «Күмбірле, қоңырау»

Ортаға тәрбиеші мен кіші топтың бүлдіршіні шығады.

Бала: Балабақша есігін

Үшке тола ашқанбыз.

Капелькидай мәпелеп,

Өсірді бізді бақшамыз.

Бұл - екінші үйіміз,

Бір туғанбыз бәріміз.

Біз осы үйдің сәніміз,

Біз осы үйдің гүліміз.

Тәрбиеші: Қош келдіңіздер, құрметті ата - аналар, балалар, барша қонақтар!

Бүгін - 1 қыркүйек - білім күні. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Тәрбиеші: Биіктерге бастайтын асқаралы

Әр жүректің сүйікті, асқақ әні

Мерекеде бәріміз бір дауыспен

Шырқайық бақшамыздың әнұранын!

Балабақша әнұраны

Тәрбиеші: Білім бастауы - балабақшада. Ендеше бүгінгі мерекеде тағы бір әнімізді балабақшамызға арнайық!

Ән «Бақытты баламыз»

Тәрбиеші: Енді біздің балалардың білім алудың маңызына байланысты айтарларын тыңдап көріңіздер..

Білім керек бәріне!

Ф. Оңғарсынова

Корабльді басқарып

Көк жүзіне самғасам

Тауды бұзып, тас жарып

Мұхиттарды жалғасам

Таңдандыра бар елді

Ғажап үйлер сала алсам

Жасартатын әжемді

Дәрі де ойлап таба алсам....

Сырлары көп ғылымның

Шешілмеген әлі де

Тереңдігі білімнің

Керек екен бәріне!

Білім

М. Ибраимова
Білім - менің ертеңім
Өсу үшін өркенім
Жүзем оқу - айдында
Жайып білім желкенін
Қиындықтан өтуге
Армандарға жетуге
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге!

Ән «Тәй - тәй»

Тәрбиеші: Жарайсыңдар. Өнерлерің өрге жүзсін! Бүлдіршіндеріміздің өнер,
білім үйреткен, сүйікті балабақшаға арнаған кезекті бір
әніне кезек берейік.

Ән «Балабақшам - бақұям»

Тәрбиеші: Жаңа оқу жылын қоңыраудың сыңғырымен бастау - жылдар бойы жалғасын тауып келе
жатқан қалыптасқан дәстүр. Ендеше биылғы 2023 - 2024 оқу жылының қоңырауын қағуды кішкентай
бүлдіршініміз..... ұсынамыз!

Алғашқы қоңырау соғу салтанаты

Тәрбиеші: Шырылдаған тыным алмай

Қоңыраудың үні қандай!

Мақсатына жете ме адам

Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы

Ғалымдық та асқаралы

Бар білімнің нұр бастауы -

Балабақшадан басталады!

Бүгінгі мерекелік ертеңгілігіміз осымен тамам. Ден қойып тамашалағандарыңыз үшін көп рахмет!

Баршаңызды балабақшамыздың білім бағына шақырамыз!

Ән «Күмбірле қоңырау»

Түркістан облысы.Сарыағаш ауданы.Сарыағаш қаласы.
"Радуга" бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Д.Б.Каттабекова
«25» «12» 2023ж

*Кіші жас «Капельки» тобының
жаңа жылдық сценарий*
**«ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ
ТЕЛЕФОН»**



Тәрбиеші: Г.Кошикбаева

2023-2024 оқу жылы

Жаңа жылдық телефон.

Жүргізуші балаларды залға шақырады.

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы.

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңде

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы.

Құтты болсын балалар!

Жаңа жылын тағы да

Қол соғып қарсы алайық.

Шақырайық ортаға

Ертеңгілік басталсын

«Капельки» тобында

Жаңа жылды қарсы алайық

Би билеп, ән салайық.

БИ«ШЫРША»

Жүргізуші: : Балалар, қараңдаршы шыршаның түбінде не жатыр?

(Жүргізуші балалармен шыршаның астынан телефон тауып алады.)

Балалар бұл телефон!

Ал енді осы телефонмен орман аңдарына телефон соғып, жаңа жылдық мерекеге шақырайық

(Телефон шырылдайды

Жүргізуші: Қызықты телефон көріп тұрмын мен мұнда

Шақырамыз қонақтарды біз мында

Тетікшені басайық

Кімді қарсы алайық?

Жүргізуші телефонды алып тетігін басады.

Жүргізуші: Алло! Сәлем қоян аман ба?

Нұр берді шырша алаңға

Келші биге басайық,

Жаңы жылды тойлайық

Музыка ойнайды. Қоян шығады.

ЗАЙКА: Я, зайчишка в белой шубке,

Из лесочка к вам бежал.

Услыхав о приглашение,

Сразу к вам я прискакал.

И о подарке, вовсе, не забыл,

Чудную коробочку с собою прихватил.

Жүргізуші: Қорапты біз ашайық

Ішінде не барын табайық

Жүргізуші қорапты ашып, ішіндегі көжсекті балаларға көрсетеді.

Жүргізуші: Рахмет саған қоянжан

Шын жүректен айтамыз

Жаңа жылмен құттықтап

Сәбізді сыйға тартамыз

Жүргізуші қоянға сәбіз сыйлайды. Қоян жүгіріп шығып кетеді..

Жүргізуші: Телефонды соғамын

Қонақтарды шақырамын

Жүргізуші телефонды алып тетігін басады.

Жүргізуші: Алло! АЮ келіңіз

Ойын ойнап беріңіз

Қызығы мол Жаңа жылдың

Тамашасын көріңіз

Музыка ойнайды Аю шығады.

Медведь: А вот и я, пришёл волчок,

Конечно, серенький бочок.

Не буду никого пугать,

А буду с вами я играть.

И о подарке не забыл,

Коробочку с собою прихватил.

Көрменің үстінен қорап пайда болады, оның ішінде қар ұлпалары жатады.

Жүргізуші: Қорапты біз ашайық

Ішінде не барын табайық

Жүргізуші қорапты ашып, ішіндегі қар ұлпаларын балаларға көрсетеді.

Жүргізуші: Қораптағы ақ ұлпа

Ұқсап тұр бауырсаққа

Жаңа жылдың тойында

Жан салайық ойынға

ОЙЫН «ҚАР ҰЛПАЛАРЫ»

Жүргізуші: Рахмет саған АЮ

Шын жүректен айтамыз

Жаңа жылмен құттықтап

Бәлішті сыйға тартамыз

Жүргізуші Аюға себетпен бәліштер сыйлайды. Аю қоштасып көрменің артына тығылып қалады.

Жүргізуші: Балалар менде бар бір сұрақ

Жетпей тұр қай қонақ?

Телефон шалайық

Қонаққа шақырайық

Жүргізуші телефонды алып тетігін басады.

Жүргізуші: Алло! Аяз Ата біз сені күтіп отырмыз, бізге қонаққа келші.

Аяз атаның дауысы естіледі.

Аяз Ата: Иду я!Иду!

Аяз ата кіреді.

Аяз Ата: Здравствуйте, ребяташки!

Девчонки и мальчишки!

Как народу много в зале!

Славный праздник будет тут.

Значит верно мне сказали,

Что меня здесь очень ждут?

С Новым Годом поздравляем,

Всем здоровья вам желаем.

Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме, балалар.

Жаңа жыл, жаңа жыл

Жаңа жылда жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр.

Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы көз тоймайды қараса.

- Мына жердегі шырша қандай әдемі бірақ неге шамдары сөніп тұр. Аяз ата қане балалармен бірге жағайықшы.

Аяз ата: Ребятки, а почему ёлочка у вас не светится,

Не горят разные огоньки на ней?

Давайте похлопаем в ладоши,

Чтоб ёлочка у нас засверкала

Красивыми огоньками!

Дед Мороз: Раз, два, три – ёлочка гори!

Шыршаның шамдары жарқырап жанады.

Жүргізуші Шыршаға жақын келейік

Аяз атаға би билеп берейік

Би жаңа жыл»

Аяз Ата:

-Дети, пока я с вами плясал, я свой мешок с подарками потерял. Поможете мне найти мой мешок?

Ақшақар:

-Дети, поможем Дедушке Морозу? (Балалардың жауаптары). Давайте найдем мешок

Балалармен бірге залды айналып шығып, шыршаның астындағы қапты тауып алады.

Жүргізуші:

Балалар, қапта не бар екенін білгілерің келе ме? Аяз атаны жақынырақ шақырып, қаптың ішінде не жатқанын көрейік.

Аяз ата балаларға сыйлықтарын таратады

Ақшақар: Жаңа жыл келді

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын Жаңа жыл!

-Дед Мороз, нам пора прощаться.

Аяз Ата: : До свиданья детвора, нам домой идти пора.

Я к вам в следующем году обязательно приду!

Жүргізуші:

Балалар біздің қонақтармен қоштасайық. Бүгін сендер өз өнерлеріңді көрсеттіңдер, Аяз атадан сыйлық алдыңдар. Осымен біздің мерекеміз аяқталды.

Өткізілген күні: 25 Желтоқсан 2023 жыл

Тәрбиеші: Г.Кошикбаева

**Кіші жас «Капельки» тобының
жаңа жылдық мерекелік іс-шараға
ӨЗДІГІНЕН ТАЛДАУ**

Тақырыбы: «Жаңа жылдық телефон»

Мақсаты. Балаларға мерекеден қуанышты көңіл-күй, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, эмоционалды атмосфераны қалыптастыру.

Міндеттері:

- балалардың мереке туралы білімдерін бекіту;
- балаларды тәрбиешімен бірлескен әрекетке қосу;
- мерекелік жағдайда тәртіп ережелерін үйрету.
- құрдастарының арасында мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру;
- музыкалық сүйемелдеумен тиісті қимылдарды орындауға;
- баланың ересек және құрдастарымен қарым-қатынасының дамуына ықпал ету;
- балалар арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту;
- эмоционалды реакцияны және әнмен ойынға қатысуға деген құлшынысты оятады

Сценарийді тәрбиеші мен музыка жетекшісі дайындады. Мереке балалардың жас ерекшеліктері мен олардың мүмкіндіктері ескеріле отырып жоспарланды

Атрибуттар алдын-ала таңдалып олардың эстетикалық түріне және балаларға көрінетіндей көлемді түрде әзірленді.. Балалар мен ересектердің сыртқы келбеті мерекенің эстетикасы мен тақырыптарына сәйкес келді, олар мерекелік түрде киінеді, костюмдер жарқын және әдемі болды,

Балалар безендірілген топқа кіріп, орындықтарға жайғасты, содан кеэн сценарий бойынша олардың назарларын шырша мен оның астындағы телефонға аудардым. Мереке барысында балаларды қызықтырып, назарларын аударып алдым. Ертеңгілік биден басталды.

Содан кейін балалардың назарларын театрландырылған ширмаға аударып, одан шыққан кейіпкерле: Қоян, Қасқыр, Түлкі қонаққа шақырылып, әр кейіпкер балаларға тапсырма берді, ол тапсырмалар музыкалық және ойын түрде болды. Балалар әр биге және ойынға белсене қатысып, эмоционалды түрде жауап қайтарды. Әр кейіпкерге қызығушылықпен қарап, өз көңіл-күйлерін эмоция


арқылы білдірді.

Мерекеге Аяз ата мен Ақшақар келгенде балалар ерекше көңіл-күймен оларды қарсы алды. Аяз атамен билеп, берген сыйлықтарына ерекше ықыласпен қарады.

Ертеңгілік барысында барлық кейіпкерлерді ата-аналар ойнап шығып, мерекеге белсене ат салысты. Мереке қойылған мақсат пен міндеттерге сай өтті. Балалар көтеріңкі көңіл – күйде барлық тапсырмаларды орындап, ойын мен билерге белсене қатысты.

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



«Бекітемін»
«Радуга» балабақшасы
меңгерушісі 
У.О.Серибаева
«21» «05» 2024 ж

Тақырыбы: «Қош бол балабақшам»

Ересек «Звёздочки» тобы .
Тәрбиеші: У.Темірбекова

2023 – 2024 оқу жылы .

Қош бол балабақшам

Қымбатты ата-аналар, қонақтар, ұстаздар бүгін біз 4жыл мәпелеп өсірген бүлдіршіндерімізді күтіп баптап ұясынан мектепке шығарып салғалы отырмыз. Олардың әр бірі «Звёздочки» ересек тобының білім деген іргетасын қалап, мектепке үлгілі оқушы болатынына сеніміміз мол!

Өтті қызық көп күндер 5 жасқа жеттіңдер

Барасыңдар мектепке бір белестен өттіңдер,

Өсті ақыл ойларың өсті міне бойларың.

Қуанышқа ортақ боп құтты болсын тойларың!

Жүргізуші: Олай болса кішкентай бүлдіршіндерді ортаға шақырайық.

Жүргізуші: Ал енді ортамызға Аяла мен Азаматты шақырып әсем әндерін тыңдайық.

Ән: «Тәрбиеші апайға»

Жүргізуші: Мың бұралған бишілеріміздің өнерін тамашалайық.

Би: «Әжемнің сандығы» (Барлық қыздар)

Жүргізуші: Балалар сендердің мектепке дайын екендеріңе қуанып **Бестік** қонаққа келіпті. Қарсы алайық. (бестік кіреді).

«Бестік» : Сәлеметсіңдерме, балалар мен сендердің достарыңмын, менің атым «Бестік». Мектепте сендердің достарың боламын. Мен сендердің мектепке дайын екендеріңді білу үшін бірнеше тапсырмалар алып келдім. **1-ші тапсырма:** Маған кім жаңылмай жағылтпапай айтып берсе мен оның өте жақын досы боламын.

Раяна

Аяна

Қара майлы қарағайды

Әй әй Айдарбай

Кесейінбе кеспейінбе?

Үйір мүйіз сиырыңды

Қызықтығы қара тайды

Үйіңе айдай бар

Шешейінбе шешпейінбе?

2-ші тапсырма: Бестік: Мен енді жұмбақ жасырайын шешуін тауып көріңдерші:

Тілі бар да, үні жоқ

Ортасында ішегі бар

Сөйлеп тұрар ішінен

Жіп-жіңішке денесі бар

Көзбен шалсам бір рет,

(қарындаш)

Не дегенін түсінем (кітап)

Бестік: енді сендерге жұмбақ-есеп жасырайын шешуін кім табар екен?

Мүз айдында 4 бала

Сен , мен және бізбен бірге

Асыр сап жүр сырғанап

Аяна бар. Сонда біз нешеуміз?

Сырғанамай бір бала

(Үшеу)

Жағалауда тұр қарап

Енді осы барлық баланың,

Санын айсандар жарадыңдар. (Бес)

Бестік: Балалар сендер өте білімді, өнерлі балалар екенсіңдер, әрқашан білімді, тәртіпті, үлкен азамат, азаматша болып өсе берулеріңізге шын жүректен тілектеспін. Мен сендердің келешек достарыңмен таныстырып өтейін, енді соларды ортаға шақырайық.(кетеді)

(Арнайы бастарына тігілген белгілермен ортаға Әдемі, Нұрасыл, Аяла, Бағым шығады)

«Әліппе» Әдемі

«Математика» Нұрасыл

Менің атым Әліппе

Біздің келер шамамыз

Мені анаңдай дәріпте

Бестен үшті аламыз

Мені оқып ер жеткен

Төртті бөліп екіге

Бауыржанда Мәлікте

Жауабын тез табамыз

«Күнделік» Аяла

«Дәптер» Бағым

Жазулы менде әр күнің

Ел құрметтеп бағалар

Бар мінезің тәртібің

Досың бар ол тазалық

Дос болайық жарқыным

Кел дәптерге балалар

Жолдасымсың жарқыным.

Тап-таза етіп жазалық.

Жүргізуші: Бүлдіршіндеріміздің балабақшаға айтқан арнауында тыңдап алайық.

Хор: «Балабақша»

Жүргізуші: Ал енді балалардың биін тамашалайық.

Би: «Балабақша биі»

Жүргізуші:

Тәрбиеші төзімді, мейірімді балажан.

Балалықтың кылығына, кешіріммен қараған,

Қуыршақ ойнап, доп қуған

Бала тұлпар баптаулы

Әр баланың қылығы жадымызда жаттаулы- деп бүлдіршіндеріміздің тәрбиешілеріне арналған лебіздерін қабыл алыңыздар.

(Нұрасыл,Раяна,Аяла,Адемі,Алихан,Каусар,Бағым,Ислам,Мұхан)

Нұрасыл

Орын берген бақшадан

Меңгеруші жақсы адам

Сондықтанда біз үшін

Артық өзі басқадан

Меңгеруші апайым

апайға мың алғыс

Аяла

Біздің үлкен бақшада

Бар әсем бір асхана

Бар онда аспазшы

Ақ көңілді жақсы апа

Бәзден сізге мың алғыс

Алихан

Жазу жазып үйреткен

Сандарды да жаттатып

Раяна

Кайнаған су әкеліп

Іш деп дәрі береді

Жылтыңдатып инесін

Түршіктірер денеңді

апайға

Алғысымыз көп біздің

Адемі

Бұзықтық етсек кешірдіңіз

Ұмытпаймыз сөзіңізді

Ұмытпаймыз өзіңізді

Әлпештеп бізді баптадыңыз

апайыма мың алғыс

Каусар

Бөбегім деп аянбай

Сүйген өз ұл-қызындай

Әріптерді оқытқан

Жақсы болсақ қуанған

шын алғыс

Бағым

Ботқа сорпа, көже де

Шанышқы кесе, тәрелке

Соның бәрін табатын

Шаршамайтын күлетін

мың алғыс.

Мұхан

Жарқын жүзді жақсы адам

Зыр жүгіріп жүретін

мың алғыс.

Жүргізуші: Балалар бізге Білім ханшайымы қонаққа келіпті. Қане қарсы алайық.

Білім ханшайымы: Кіп кішкентай бүлдіршіндерім мектепке аяқ басуға бала-бақшамен қоштасып жатсыңдар. Мен сендерді алғыр, озат, білімді болатындарыңа сенемін. Мен сендерге құр алақан келмедім. Сендермен бір қызықты ойын ойнайық.

Жүргізуші: Ойын. Үстелдегі мектепке қажетті заттарды сөмкеге бір-бірден салу керек. Ол үшін балалар 2 командаға бөлінеді. (10 баланы 5 баладан 2 командаға бөледі). Қайсы топ бірінші жинап аяқтаса сол команда жеңіске жетеді.

Білім ханшайымы: Жарайсыңдар! Балалар жолдарың ашық болсын, мектепте беске оқыңдар, сәттілік тілеймін!

Жүргізуші: Балаларымыз көңілді

Шақырамыз ортаға

Тойымызға сән беріп

Би билейік тамаша-деп

Звёздочки тобының қоштасу вальсін тамашалаңыздар!

Би: Вальс . Нұрасыл,Раяна,Аяла,Адемі,Алихан,Бағым,Ислам,Мұхан

Мәпелеген біздерді

Аялаған анамдай

апайға мың алғыс.

Ислам

Әрқашан өзі тынбайтын

Мейірлене қарайтын

апайға

мың алғыс.

Жүргізуші: Ән « Қимай тұрмын » (балалардың қолдарына жалаушалар беріледі)

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар! Бүгінгі балабақшамыздан ұшып бара жатқан бүлдіршіндерімізге тек қана ақ жол тілеп, білім көгіне қанаттары талмай самғай берсін деген тілек айтамыз. Келесі құттықтау сөз кезегін бақшамыздың меңгерушісі У.О.Серибаева апайға береміз. Марапаттау (винетка, диплом) .

Жүргізуші: Осымен «Звёздочки» тобының балабақшамен қоштасу ертеңгілігі аяқталды. Бүлдіршіндерімізге сәт сапар!

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«11» «12» 2024ж

АШЫҚ ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: «Қызықты ойындар әлемінде».

Ересек «Звёздочки» тобы

Тәрбиеші: У.Темірбекова

2023 -2024жж

Тақырыбы: «Қызықты ойындар әлемінде»

Қызмет этапы	Тәрбиешінің қызметі	Бала әрекеті
Қозғаушы ынталандырушы	Сәлемдесу Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты Сәлеметсіздерме балалар Сәлеметсіздер қонақтар! Тәрбиеші: Балалар сендер ойынды жақсы көресіңдерме?	Сәлемдесті
Ізденіс ұйымдастырушы	Тәрбиеші: Білесіңдерме бізге кеше «Қызықты ойындар әлемінен» шақырту келді. Сол жерге барғыларың келе ме? Тосын сәт: (Жол серік қыз кіреді) - Сәлеметсіздер ме. Бұл «Звёздочки» тобы ма? Жол серік қыз:Ой жарайсыңдар. Мен сендерді «Қызықты ойындар әлемінен» апаратын жол көрсетуші апаймын. Ал дайсыңдарма?Сыртта тұрғанавтобусқа жайғасайық. - Сендерге автобус ұнады ма? Жол серік қыз: Ал кетті жолға шығайық. Айтпақшы бізге жол жүру билеті керек. Билетсіз ол жерге сендерді апара алмаймын. Билеттерің барма? Тәрбиеші: Әрине, біздің жол жүру билетіміз бар. Мен алдын ала балдарыма алып қойғанмын Жол серік қыз:Бастаушы:Ал балалар,қане атобусқа жайғасайық.Ал қозғалдық. Сәт сапар!Біз қазір қаланың көшесімен келе жатырмыз.Көше қиылыстарының бәрінде бағдаршам тұр екен.Бағдаршамның қай түсі жанғанда біздің автобусымыз жүру	Иа
		Иа
		Иа
	Иә ұнады.	

керек.

Апса кезек үш көзін,
Айтты деп ұқ, үш сөзін

-Токта!

-Сақтан!

-Жол ашық!

Жүрме жолға таласып.

Жол серік қыз:Балалар жүргізуші
неғып жүрісін баяулатты деп
ойлайсыңдар?

Бұл жерде «Абайла» деген белгісі
тұр.

Бұл «Зебра» деген жаяу жүргінші
жолаушыларға арналған белгі.

Жол серік қыз: Бұл белгі қай
жерлерде болады.

Балалар: Мектептің жанында және
бағдаршам жоқ жерлерде.

Жол серік қыз: Бұл жолдан қалай өту
керек екенін түсіндірейікші.

Әуелі жолдан өтерде сол жағыңа
қарайсын.Жолдың

ортасынкелгесін,оң жаққа
қараймыз.Бұндай белгі бар жерлерде
машиналар жаяуға жол береді.

Мінекей «Қызықты ойындар әлеміне»
келіп жеттік. Мұнда бізді көптеген,
қызықты тапсырмалар күтіп тұр.
Дидактикалық ойын. «Шардың жібін
тап!»

Оооооооо қандай әдемі шарлар,
түстерін атап көрейік. (Балалар
түстерін атайды).

Шарлар ауыр ма әлде жеңіл ма?
(Жеңіл)

Тәрбиеші: Балалар, шарлардың
ішінде ауа болады, ал жарылып
қалған жағдайда ауа
шығып кетеді. Қараңдаршы мына
шарларды бір-бірлеп қолымызға
ұсатйық


десек, оның жібі жоқ болып шықты,
енді не істеуге болады?

Балалар: Жіпті тағуға болады

Қорытынды	Тәрбиеші: Маған осы шарлардың түсіне сай жіпті тауып, тағып беріндерші. (балалар түсіне сәйкес, шарлардың жібін тауып береді) Жол серік қыз : Жарайсыңдар балалар, бұл тапсырманы жақсы орныдадыңдар. Біз саяхатымызды одан әрі жалғастырайық. Қараңдаршы балалар, қандай әдемі қар жауған. Мына шыршаларымызды қараңдаршы аппаққарлар басып тастапты. Тәрбиеші: Балалар, қазіргі жылдың қай жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі. Тәрбиеші: Қыс мезгілінің бірінші айы қандай? Тәрбиеші: Желтоқсан айында қандай мерекелер бар? Тәрбиеші: Балалар біз қазірқысқы дала суретін саламыз ба? Тапсырма:Балалар ол үшін бізге мына көк қағазға салынған дайын ағаштың бейнесіне желім жағыу арқылы ақ мақтаны жабыстырып қарға оралған даланың бейнесін салып шығамыз. Балалардың жұмыстарын көрмеге қойып бағалайды. Тәрбиеші. Біз енді сәл бойымызды сергітіп алайық Сергіту сәті: Қыс келді, қыс келді иықтап, Қалды аю ұйықтап. Қыс келді, қарлы, боранды, Ал орман ақ көрпеге оранды. Тәрбиеші:Міне, балалар қараңдаршы мынау қысқы орман суреті. Осы суретті қар жауған орманға айналдырайықшы. Ол үшін біз қолымзыға мына ақ бояуға батырып былай сурет бетіне бастырып түсіреміз. Осы кезде суретіміз қар жауған орманға оралды. Қортынды: Күтілетін нәтиже:	Желтоқсан айы Сәлемдесті 1-желтоқсан Тұңғыш Президент күні, 16-желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі, Иә Иә. Иә Иә Иә ұнады. Желтоқсан айы
------------------	---	--

	Тапсырамын орындап, берілген шартты дұрыс меңгереді. Жасай білуі керек: Өз ара тату қарым-қатынаста істі аяғына дейін жеткізе алады.	
--	---	--

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС«Радуга» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
ЖШС«Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Д.Б.Каттабекова  14. 12.2023ж



Ертеңгілік

Тақырыбы : "Менің Отаным Қазақстан".

Тәрбиеші : Г.Жакиянова

Сарыағаш қаласы
2023 – 2024 оқу жылы .

«Отаным менің-Қазақстан!»

Ересек «Звёздочки» тобы

Мақсаты:

Балаларды туған жерін, туған елін, халқын құрметтеуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сүюден басталатындығын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Бүлдіршіндер жүрегінде отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, мемлекетін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Тулар, шарлар, суреттер, буклет, слайд.

Ұйымдастыру кезеңі: Балалар қолдарына ту ұстап кіреді.

Кенге толы қойнауы

Төлге толы жайлауы

Ол- біздің Қазақстан!

Анамыздай тілеуі- ақ

Отан бізде біреу-ақ,

Ол біздің Қазақстан!

Қайырлы күн Қазақстандықтар!

Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болғалы тұр ендеше әнұранмен бастайық.

Таңғажайып сәт. Ой, балалар бізге почташы хат әкеліп берді кәне бірге оқиық.

Хатта жазылыпты 25-шы қазан қандай мереке күні? Республика күніне байланысты Қазақстан Республикасының туның суретін салып беріңдер депті.

Сұрақ-жауап және түсінік беру

-Балалар 25- қазан Республика күні болып 2022 жылы қайта бекітілді

Республика күнінің тарихна тоқтала кетсек, Республика күні 1990 жылы қазан айының 25-і Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды.

Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Әлем картасында жаңа мемлекет Қазақстан Республикасының негізі қаланды.

Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналады. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік өкіметтің дербестігі мен толықтылығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынасатардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, Ту, Әнұран, сондай-ақ ұлттық валютасы бекітілді.

-Балалар сендер қандай мемлекетте тұрасыңдар?

— Қазақстан мемлекетінде тұрамыз

-Қазақстан мемлекетінің президенті кім?

-Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

-Сендер қай қалада тұрасыңдар?

-Астана қаласында тұрамыз.

Балаларға жан-жақты түсінік бере отырып слайд арқылы түсінік беру.

(Слайдқа назар аударту)

Балалар бүгін бізде ерекше күн, біз бүгін барлық әндерімізді,
тақпақтарымызды біздің Отанымызға арнаймыз, өйткені 25- қазан күні
Республика күні болып тойланады.

Отан туралы кім тақпақтар біледі?

Нұрасыл:

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем!

Аиша:

Шықты тарап ой данадан,
Бері қарады жұлдыз беті.
Өзі қалап сайлап алған,
Елімнің бар Президенті.

Аимна:

Әнұраным, жан ұраным
Туған жерім сағынарым.
Мәңгі-бақи шырқалады
Республика, Әнұраны.

Мұхамедали:

Ақжайық , Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!

-Жәрайсыңдар балалар, Республикамыз туралы тақпақтар айттық.

Қазақстан рәміздері туралы мәлімет

1992 жылы 4-маусымда жаңа мемлекеттік
рәміздер Елтаңба,Ту,Әнұран бекітілді.

Елтаңбаның, тудың суретін көрсету.

-Елтаңбаның қандай белгілері бар?

-Тудың түсі қандай? Қандай белгілері бар?

-Қазақстан ,елтаңба, ту туралы кім қандай тақпақ, мақалдар біледі?

Мақал-мәтелдер:

Арайлым: «Отан оттан да ыстық»

Нұрай: «Отан — отбасынан басталады»

Ақбөпе: «Отан үшін отқа түс күймейсің»

Сергіту сәті:

Елімде тыныш, жерімде тыныш

Бейбіткүн әні шырқалсын.

Бақытты елім, жақұтты жерім

Тіл көзден сені сақтасын.

Дидактикалық ойын «Мемлекетіме қалай көмектесем»

Сурет бойынша әңгімелеп беру.

— Мемлекеттім алға қарай дамуы үшін не істеуіміз қажет?

(білімді болуымыз қажет)

— Мемлекеттіз де мәдени орындар көп болуы үшін не істеу қажет?

(біз өнерлі болуымыз қажет)

-Мемлекетімізде спорт алаңдары көп болуы үшін не істеуіміз қажет?

(спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын сақтауымыз қажет)

-Мемлекетімізде оқу орындары көп болу үшін не істеуіміз қажет?

(Жақсы оқушы болуымыз қажет)

-Мемлекетіміздің кең байтақ даласын игеру үшін не істеуіміз қажет?

(Ерінбей егістікте еңбек етуіміз қажет)

-Мемлекетіміздің шекарасын қорғау үшін не істеуіміз қажет?

(Батыр да батыл сарбаз болуымыз қажет)

«Көк аспанда желбіре көк Туым» тақырыбында сурет салу.

Қортынды:

25- қазан қандай күн? Республика күні

Қазақстанның тұңғыш президенті кім? Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Қазақстанның қазіргі президенті кім? Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Бүгінгі іс-әрекетіміз сендерге несімен ұнады?

Қазақстанның Туының суретін салған сендерге ұнады ма?

Қазақстан елінің келешегі сендерсіңдер білімді ақылды болсаңдар көктуымызды талай көктен желбірететіндеріңе біз сенеміз!

Балалардың білімдерін бекіту, балаларды белсенділіктері үшін мақтау.

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



**«Бекітемін»
ЖШС «Радуга» балабақшасы
менгерушісі С.Сер
У.О.Серибаева
«19» «03» 2024 ж**

Тақырыбы: «Наурызым армысың»

**Кіші «Капельки» тобы .
Ортаңғы «Улыбки» тобы .
Тәрбиеші Г.Кошикбаева
Тәрбиеші М.Нурова**

Жүргізуші: Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар, балалар, қонақтар! Бүгінгі наурыз мейрамына арналған «Наурыз-Ұлыстың ұлы күні» атты ертеңгілігімізді тамашалаңыздар. Наурыз-Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын! Ақ мол болсын! Жаңа жыл бақ, береке, молшылық әкелсін! Ертеңгілігімізді қазақ халқының ұлттық биімен ашқымыз келіп отыр.

Би: Қара жорға (Айша-Ибраһим, Адина-Абубакир, Раяна-Мирамбек, Ардана-Әмірхан, Мұхаммед-Айару)

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Ендеше балаларымыздың наурызға арналған тақпақтарына кезек берейік.

Ибраһим

Ата бабам тойлаған
Наурызым армысың
Қызығына тоймаған
Жаңа жылым бармысың.

Айша

Жыл басы-Наурыз мереке
Ақ нұрға әлем боянды
Наурыз тойы береке.
Тіршілік жаңа оянды.

Ардана

Ашылды да кебеже
Дәм әзірлеу басталды
Әжем наурыз көжеге
Жеті түрлі ас салды.

Мирамбек

Бата беріп атамыз,
Бата беріп апамыз
Тәтті болып жасалған
Наурыз дәмін татыңыз.

Әмірхан

Кел балалар ойнайық
Наурыз тойын тойлайық.

Жүргізуші: Тамаша! Наурызды барлығымыз асыға күтеміз. Біздің балабақшамыздың кішкентай бүлдіршіндеріміз «Капельки» тобының дайындаған биі бар екен. Тамашалайық!

Би: Ұлдар биі

Жүргізуші: Жарайсыңдар Улыбкидар! Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Ендеше ортамызға аппақ тілегімен келген ақ әжемізді қарсы алайық.

Әже: Наурыз құтты болсын, осы мейрам әр шаңыраққа бақыт, табыс, қуаныш әкелсін. Ұлыс бақты болсын, ақ мол болсын, төрт түлігі ақты болсын, қайда барса жол болсын!

Жүргізуші: Рахмет әже! Олай болса тағы да біздің тәтті бүлдіршіндеріміз «Капельки» тобының қыздар биіне кезек береміз.

Би: Қызар биі

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Одан әрі тұсау кесу рәсімімен жалғастырсақ. Бүгінгідей ұлы мерекеде аяқтарын апыл-топыл басып, бақша есігін аттағалы отырған шөберелеріңіз де бар.

Әже: Әлбетте қарағым. Ал халайық менің шөберемнің тұсауын кесіп, жоралғысын алар қайссың бар? (біреу мен деп шығады)

Тұсау кесуші апай:

Қаз-қаз балам, қаз балам

Қадам бассаң мәз болам

Күрмеуіндің шешейін

Қаз бола ғой қарағым

Құтты болын қадамың.

Әже: Жорытқанда жолың болсын!

Арғымақтай жүйрік бол!

Асқар таудай биік бол!

Ауминь!

Ал қарағым шөберемнің тұсауын кестің, орамал тон болмайды, жол болады деп силығымды қабыл ал!

Жүргізуші: Ендеше әнге кезек берейік.

Ән: Қош келдің өз-Наурыз!

Жүргізуші: Балалар қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?

Балалар: Алтыбақан, Қыз қуу, Көкпар, Асық ату, Теңге ілу.

Жүргізуші: Олай болса ұлттық ойынымыз, Қыз қууды тамашалаңыздар.

Ойын: Қыз қуу.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Ендеше ұлдарымыздың дайындаған биіне кезек берейік.

Би: Тұлпар биі (Мұхаммедәли, Әлинұр, Нартай, Ахмедияр, Құдайберген)

Жүргізгіші: Балаларымыздың тағы да тақпақтары бар екен тыңдап алайық.

Кәусар

Абубуакир

Жылдың басы Наурыз

Жақсылыққа бас болып

Жырдың басы Наурыз

Алдымызға ас болсын!

Наурызға арналған

Келген наурыз құт болсын

Бүгінгі ән жырымыз.

Берері тағы мол болсын!

Раяна

Мұхаммед

Армысыздар халайық

Наурыз шаттық әніміз

Әркез аман болайық

Салтанатты сәніміз

Наурыз тойын әр жылда

Ән саламыз бәріміз

Бірге қарсы алайық.

Би билейміз бәріміз.

Жүргізуші: Керемет! Ендеше қызарымыздың биіне кезек берейік.

Би: Текемет биі. (Аяна, Айлин, Айкөркем, Ақбота)

Жүргізуші: Осымен біздің наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліміз аяқталды. Барлықтарыңызға Наурыз құтты болсын! Тек жақсылық болсын!

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



«Бекітемін»

**ЖШС «Радуга» балабақшасы
меңгерушісі** 
У.О.Серибаева
«18» «03» 2024 ж

Тақырыбы: «Наурызым армысың»

**Ересек «Звёздочки» тобы .
Тәрбиеші: У.Темірбекова**

«Наурызым армысың»

Хабаршы: Сүйінші! Сүйінші! Сүйінші! Көктем келді. «Радуга» балабақшасының Наурыз тойы басталды. Естімегендер тойдан қалып қоймаңыздар!

Жүргізуші:

Келіңіздер, Наурыз тойға бәріңіз бүгін

Аямас бүлдіршіндер ән мен жырын

Тойлайық халық тойы Наурызымның

Шуағын жерге төккен бақыт күнін.

Келіңіздер, Наурыз күнін қарсы алайық

Билейік, жыр жырлайық, ән салайық

Қаһарлы қыстан өтіп, наурыз келді.

Арқанды кеңге салшы, уа халайық!

(«Наурыз Думан» әні орындалады, қазақ киімдерін киген балалар орындарына жайғасады.)

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, алыстан ат терлетіп келсең айран ұсынып, қонақ десе құрт майын сақтаған абзал әжелер, күлкісі әсем аналар мен жеңгелер, ұстаздармен балалар! Төл мерекеміз Наурыз мейрамы құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа жыл келді. Ендеше, той құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық әкелсін!

Наурыз келді, жайран қақты таң күліп.

Жап-жасыл болып кетті дүние жаңғырып

Жақсылыққа жаршы болған Наурызым!

Сен өмірдің көктемісің мәңгілік!

Жүргізуші: Наурыз мерекесіне арналған әнімізді шырқап берейік.

Ән: «Наурыз келді алақай»

Жүргізуші: Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты. Барлығымыз қарсы алайық.

Наурыз аруы: (Наурыз аруы ортаға билеп шығады)

Армысыңдар, ардақты ата-аналар, құрметті қонақтар! Салеметсіңдерме балалар!

Уа, жарандар жарандар,

Көңілің бар алаңдар.

Ата менен анаң бар,

Үлкен кіші ағаң бар.

Наурыз тойы басталады.

Бәрің бері қараңдар!

Жүргізуші: Ал енді балалардың тақпақтарын тыңдайық:
(Әдемі, Нұрай, Азамат, Мирас, Ислам, Аяна,)

Әдемі

Наурыз келді нұр келді

Түгел аймақ түрленді

Бақшадағы апайлар

Тойға әзір боп үлгерді

Нұрай

Наурыз тойы тамаша

Наурыз тойы жаңаша

Табиғатта тамаша

Тамылжып тұр жараса

Азамат

Наурыз тойым, Наурыз тойым.

Құтты болсын халайық.

Қане достар, қане достар,

Шырқап әнге салайық

Ислам

Жылдың басы Наурыз,

Жердің басы Наурыз,

Мерекеге арналсын

Бүгінгі жыр-әніміз

Аяна

Наурыз тойы-салтанат

Наурыз тойы-мархабат

Әр жүректен ән тарап

Шаттанады шартарап.

Мирас

Наурыз келді сан құрып

Жасарып жаңғырып

Құлпырады жер мен көк

Мейіріммен таң күліп.

Жүргізуші: Кезекте сері жігіттеріміздің орындауында «Бәйге» биін тамашалайық.

Би: «Бәйге» биі (Нұрасыл, Мұхан, Ерсайын, Арслан, Алихан, Ердаулет)

Жүргізуші: Енді ортамызға ақ ниетпен, шын ниетпен, дархан көңіл жарқын ниетімен Қыдыр атаны ортамызға шақырайық.

Қыдыр ата: Амансыңдарма ұрпақтарым! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын, айналайындар. Ал балалар, Наурыз келді, жаңа жыл келді. Ұлу жылы бәрімізге жайлы жыл болсын.

Жүргізуші: «Батаменен ел көгерер,

Жаңбырменен жер көгерер»-дегендей

Қыдыр атадан бата сұрайық. Батаңызды беріңіз Қыдыр ата.

Қыдыр ата. Сұрасаң бата берейін

Үстем болсын мерейің

Ықыласпен қол жайсаң

Ақ тілекті төгейін

Дастарханың мол болсын

Денсаулығың зор болсын

Қайда барсаңда жол болсын!

Ұлыс оң болын,

Ақ мол болсын

Ұлыс бақты болсын

Төрт-түлік ақты болсын! (**Аумин**)

Жүргізуші: Ортаға балалардың жүректен шыққан тақпақтарын тыңдап алайық.(Ерсайын, Аяла, Мұхан, Кәусар, Ақбөпе, Арслан)

Ерсайын

Аяла

Уа, ағайын халайық

Наурыз шаттық әніміз

Мұнда назар салайық!

Салтанатты сәніміз

Мерекесі халықтың

Ән саламыз бәріміз.

Наурыз тойын бастайық!

Би билейміз бәріміз.

Мұхан

Кәусар

Наурыз келді-жыл келді

Наурыз жауын, наурыз сән,

Тірілтуге гүлдерді

Асем әуен, сазды ән

Сәнделелі аналар

Қыз бозбала қылыпған.

Сәбилермен бірге енді

Жасыл желек, көк аспан.

Ақбөпе

Арслан

Қыс өтіп, қар кетіп,

Наурыз бұл мереке

Шырайлы жаз жетіп,

Құтты болсын береке

Шаруаның кенелген

Қыдыр ата келсін

Мейрамы ежелден-

Жақсы тілек әкелсін.

Құтты болсын Наурыз!

Жүргізуші: Келесі біздің қыздарымыздың орындауында би.

Би: «Жыл басы Наурыз» (Бағым, Әдемі, Аяна, Раяна, Нұрай)

Жүргізуші: (Балалардан ұлттық ойындар туралы сұрау)

Ұлттық ойын (Бәйге, Қыз қуу, Арқан тартыс, қазақша күрес, асық ойындары, қол күрес, көкпар).

Жүргізуші: Ал енді балалар осы ұлттық ойындардың бірі яғни, «арқан тартыс» ойынын ойнайық. Ортаға ұлдарды шақырайық.

Ойын. «Арқан тарту»

Жүргізуші: Балалар біздің Қыдыр атамыз бен Наурыз аруы бізбен қоштаспақшы екен.

Қыдыр ата: Балалардың өнері бізге ұнады, солайғой Наурыз аруы. Бірақ біздің басқа жерлерде күтіп отыр, рұхсат болса біз басқа балалардың өнерін тамашалайық. Сау болыңдар!

Жүргізуші: Кезекті тақпақтарға берейік. (Ердаулет, Нұрболат, Бағым, Айеркем, Раяна)

Ердаулет

Нұрболат

Көктем келді балақай

Наурыз келді алақай

Жасарды жер алақай

Кел билейік балақай

Наурыз тойын тойлайық

Бізде қарап тұрмайық

Әсем әнге салайық

Тойға шашу шашайық!

Бағым

Наурыз көктем, наурыз жер,

Ана мейірім шуақ нұр

Жан иесін жаңартқан

Аққан бұлақ, нәзік сыр.

Айеркем

Наурызбенен құттықтап

Алыс жақын қауышты

Көктемдегі жарқын сәт

Коңілдерге ауысты.

Раяна

Жыл басы-Наурыз мереке

Ақ нұрға әсем боянды

Наурыз тойы береке

Тіршілік жаңа оянды!

Жүргізуші:

Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән саламыз баріміз.

Би билейміз баріміз.

Домбырасыз ән қайда

Домбырасыз сән қайда

Ән мен күй бар өмірде

От та лаулап жанбайма- деп ортаға ұл-қыздарымызды биін тамашалаңыздар.

Би: Домбырамен би. «Балдәурен» (Азамат, Мирас, Ислам, Нұрболат, Алинұр, Ернар, Каусар, Аяла, Ақбөпе, Айеркем, Ерке, Нұрай)

Жүргізуші: Құрметті қонақтар қазақ халқының салт-дәстүріне жетсін. Атап айтсақ олар шілдеhana, бесік той, тұсау кесер, сүндет той. Олай болса салт-дәстүріміздің бір үзіндісін көрсетейік. Ол бесікке салу.

Бесікке салу. (Әдемі, Аяна, Ақбөпе, Нұрай, Бағым)

Апасы мен қызы қыдырып келеді. Төрде әжесі, енесі, келіні отырады. Апасы мен қызы:

-Армысыз әже.

-Армысың қызым (әжесі)

-Сәбидің бауы берік болсын (апасы)

-Рахмет төрлетіңіздер (ене мен келін бірге айтады)

Баланы бесікке салайық бесікті әкеліңіздер(енесі)

-Бесік өмірге жаңа келген сәбидің ақ отауы. Ержеткенде асыл тұтар бұйымы. Мынау көрпе жастықтары, шүмек-түбектері. Осыны біле жүріңдер. (апасы)

-Апа мына бесік тесікқой (қыздар).

-Бұл тесік баланың жақсы ұйықтауы үшін жасалған. Қане тыштыма жасайық.

-Тыштыма ырымы баланың іші ауырмауы үшін жасалады.

-Тыштыма 2 реттен, 3 рет қайталайды.

-тышты 2 реттен 3 рет қйталайды. Тыштыма үлестіріледі.

-Сосын баланы бесікке салардан алдын аластаған жөн. (Алас алас тіл-көздерден алас.(Қане сәбиіңді әкелеғой. Баланы бөлейді.(Баланың ұйқысы тыныш болсын)(апасы)

-Ал мынау саған сый болсын(әжесі сыйлық береді)

-Рахмет(апасы)

-Ал қызым бесік жырыңды айтып сәбиіңді тербетегой(енесі).

Келіні:

Әлди әлди ақ бөпем

Ақ бесікке жатағой

Жылама балам жылама

Жілік шағып берейін.

-Рахмет сіздерге. Бүгін сіздерден көп нарсе үйрендік.(енесі мен келіні)

-Біз сіздерге көп нарсе үйретеміз. Ал сіздер балаларыңызға үйретіңіздер. Сонда салт-дәстүріміз, әдет-ғұрыпымыз, мәдениетіміз тірі өлмейді.(әжесі)

-Әже бата беріңіз(енесі колдарын жайып)

Баламыз сүйкімді болсын

Өнерлі, білімді болсын

Жаксы жолдан жүрсін

Ата-анасына мейірімді болсын. (аумин)

Жүріңдер бесік тойға дайындалайық. (шығып кетеді)

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, тағы да сіздерді жыл басымыз Наурыз мейрамы құтты болсын!

Көптен күткен Наурыз тойы арайлы,

Толтырып нұрға жатыр міне маңайды.

Төрт түлік бал татыған уызы

Қуат болып қанымызға тарайды.

Осымен **«Наурызым армысың»** атты ертеңгілігіміз аяқталды. Қош сау болыңыздар!

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
«Радуга» балабақшасы
меңгерушісі : 
Д.Б.Каттабекова
«18» «10» 2023ж



Ертеңгілік

Тақырыбы: «Қош келдің алтын күз»

Ортаңғы топ **«Улыбки»** тобы .

Тәрбиеші : М.Нурова

2023 – 2024 оқу жылы

Алтын күз. Улыбки тобы.

Жүргізуші:Қарсы алайық бәріміз

Жасымызбен кәріміз.

Қырдан кепті қыдырып,

Алтын күз бізге нұр беріп.

Армысыздар құрметті ата-аналар,ұстаздар және Улыбки тобының бүлдіршіндері!
Бүгінгі күз мезгіліндегі тамаша «Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қошт
келдіңіздер! Ел байлығын арттырған,сары алтындай сары күз бізге дәмді
жемістерін қамбаға толы астығын силады.Ендеше ертеңгілігімізді бастаймыз.

Қызыл,жасыл,сары алтындай

Жапырақтар күздің көркі.

Ән салайық,би билейік

Күз әніне қосыла-деп «Күз келді» әнін қабыл алыңыздар!(хормен)

Жүргізуші: Балдырғандар бүгінгі

Еркелігін тастайды.

Күз туралы сіздерге

Тақпақтарын бастайды-деп өлең шумақтарына кезек
береміз.(Кәусар,Айым,Айша,Мирас,Мұхаммед,Әдемі,Ибраһим)

Кәусар

Айым

Айша

Күздің қазан айында,

Алтын,сары,қызыл-көк Думан толы асқарлы

Алма алмұрт піседі

Алуан-алуан жапырақ Күз мезгілі басталды.

Жапырақтар сарғайып

Күзгі бақта күлімдеп,

Сыбдыр-сыбдыр түседі.

Көз тартады атырап.

Мирас

Мұхаммед

Ибраһим

Алақай- алақай

Келді міне күз

Жапырақ ұшты

Шаттанады балақай,

Айнала сары түс.

Суық та тұсті

Береке салтты күз.

Керемет,тамаша

Сонда да бізге,

Мереке Алтын күз. Қандай әсем күз! Қызық көп күзде.

Жүргізуші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.сендер бұл жұмбақты тапсаңдар біздің көптен күткен қонағымыз келеді. Ендеше сендер дайынсыңдарма?

Балалар: Ия.

Жүргізуші: Көк майсалы көрікті

Алқап толы көп егін

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін. Жауабы:(күз)

Жапқандай жапырағымен айналаны,

Қуантып байлығымен халқымды

Бір қуантып қайту үшін біздерді,

Сабырлы,сары күз келді.

Күз ханшайымы: Сәлем менің достарым,

Өмірге көп қосқаным

Күз силығын алыңдар

Силығына қаныңдар

Молшылыққа кенеліп.

Шаттық әнге салыңдар.

Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймын!Күз бақыт,береке әкелсін!Мен жалғыз келмедім өзіммен бірге досым қоянды ерте келдім.

Қоян: Балалар Күз ханшайымы менен бұрын кетіп қалыпты мен артынан жүгіріп жүгіріп,секіріп-секіріп әрең жеттім. Менің ойнағым келіп тұр. Балалар менімен ойнайсыңдарма?

Балалар:Ия.

Ойынның аты:Жемістердің орнын тап.

Қоян:Балалар ойын ұнадыма?

Балалар: Ия

Қоян:Ал ендеше балалар қасқыр мені қуып жетіп алмай тұрғанда мен орманға кетейін.Сау болыңдар балалар!

Күз ханшайымы: Жарайсыңдар балалар!Сендер бүгін қандай әдемісіңдер!Мен сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім.

Жүргізуші:Қош келдіңіз Күз ханшайымы!Төрлетіңіз Біздің өнерлі балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз! Біздің қыздарымыз дайындаған «Қолшатыр» биіне кезек берейік.(Айша,Раяна,Айым,Әдемі,Кәусар,Адина)

Жүргізуші:Жарайсыңдар қыздар!Күз мезгілінде біздің жеміс-жидектеріміз піседі. Ендеше кезекті жеміс пен көкөністердің тақпағына берейік.

Алма(С.Раяна)

Картоп(Абу)

Пияз(Адина)

Пісіп тұрған алмамын, Картоп біздің атымыз Асханадан шықпаймын,

Тамсандырар бал дәмім. Жер астында жатырмыз. Атым пияз бұқпаймын.

Жүргізуші: Ендеше жемістер мен көкөністердің биіне кезек берейік.(Абу,Мұхаммедәли,Ақбота.Айлин,Хабиб)

Жүргізуші:Жарайсыңдар балалар!Бүгін мейрам,бүгін той

Қуанышты күн біліп қой,

Күзгі бақтай сыңғырлап

Алақанды соғып қой-деп балалардың «Алтын

Күзі»әнін қабыл алыңыздар!(хормен)

Күз ханшайымы: Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер. Ендеше мені басқа балалар күтіп жатыр. Сау болыңдар!

Жүргізуші:Сау бол күз! Олай болса ұлдарымыздың «Саңырауқұлақ» биіне кезек берейік.(Мұхаммед,Мирас,Құдайберген,Ибраһим,Алинұр)

Жүргізуші:Жарайсыңдар балалар!Ендеше қыздардың ата-аналар көмегімен дайындаған киім үлгісін тамашалаңыздар!

Жарайсыңдар! Осымен «Улыбки» тобының «Алтын күз» аттыертеңгілігіміз аяқталды.Күзге айтарымыз берер сыйы жылдан жылға көп болсын!Елімізде тыныштық,береке болсын! Сау болыңыздар!

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Д.Б.Каттабекова
«25» «12» 2023ж

Тақырыбы: «Қош келдің жаңа жыл.»

Тәрбиеші: М.Жулдасбекова

Ортаңғы «Улыбки» тобы

Сарыағаш қаласы.
2023-2024ж

«Қош келдің, Жаңа жыл!»

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Жаңа жылымен құттықтаймын бәріңді

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы!

Құтты болсын ағайын!

Жаңа жылың тағы да

Қол соғып қарсы алайық

Шақырайық ортаға

Ертеңгілік басталсын

«Улыбки» тобында!

(балалар келіп шыршаны айналып тұрады)

(музыка қосылады Сиқыршы шыр айналып кіреді)

Сиқыршы: Жаңа жыл келді

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын жаңа жыл!

Құттықтаймыз сіздерді!

Тезірек, тездетіп мұнда жиналыңдар

Басталады Жаңа Жылдық карнавал

Маска да бар, би де бар, асығыңдар

Аяз ата шақырғанның бірі дағы қалмайды.

Басталады, басталады Жаңа жылдық карнавал

Карнавалдың иелерін қарсы алыңдар!

(қол соғып киінген ата - аналар кіреді)

Сиқыршы: Бәрекелді, жарайсыңдар! Қараңдаршы, айнала неткен керемет, әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп - әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қаппыз. Бірақ,... шыршамыз көңілсіз, қане менің сиқырлы таяғымның көмегімен, сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық!

Бәрі: Қуант, бізді, таңырқат

Шамдарыңды жарқырат! 3 рет

(Шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады)

Жүргізуші: Міне, керемет, қол ұстасып әнімізді шырқайық.

Ән: «Шырша жыры»

Жүргізуші: Ендеше, шыршамызға тақпақтарымызды айтайық.

Аяна: Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Нұрай: Шыршамызда қаншама

Түрлі - түсті шырақтар

Күлгін түсті тоқаштар

Жарқыраған алтын бар.

Әдемі:

Безендіріп шыршаны

Жыл қуантты баршаны.

Той - маскарад басталды,

Аяз оны басқарды.

Жүргізуші: - Балалар, жарайсындар. Айтыңдаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?

(Балалардың жауабы)

Жүргізуші: Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у! 3 - рет

Аю: - Здравствуйте, ребята! С Новым годом!

Мен қысқы ұйқыда болатынмын, қатты айқай – шу, тасыр - тұсыр шошып ояндым, не болып қалды деп сұрап едім, бәрінің айтатындары бір - ақ сөз: «Жаңа жыл келіп қалды, жаңа жыл» - дейді. Машаны да іздеп, осында болар деп келдім.

Жүргізуші: Мәссаған, балалар бұл кім?

Балалар. Аю.

Жүргізуші: - Иә, «Маша мен аю» мультфильмін сендер өте жақсы көресіндер ғой.

Бірақ біз Аяз атаны шақырдық қой, аюды емес...

Балалар: иә.

(осы кезде Маша келеді. Шыршаға таңырқап)

Маша. – Керемет...(деп шыршаның астындағы қорапты тауып алады. Аю шауып келіп Машаны көтеріп алады)

Аю. - Әрең таптым - ау, сені қасқыр жеп қойған шығар деп едім. (деп кетіп бара жатады)

Жүргізуші: Тоқтаңыздар, кетпеңіздер, бізбен бірге болыңыздар!
(Екеуі қуанып, балалардың жаныңа келеді)

Жүргізуші. Балалар, мына сыйлықты бәріміз бөлісейік... (деп ашып жатқанда ішінен күлдіргіш шығады)

Күлдіргіш: Амансыңдар ма, балалар! Иә, бұл менмін. Мені ораудан алып шыққандарың қандай жақсы болды. Ол жерде тар, әрі қап - қараңғы. Ал, мұнда сондай тамаша екен! Мен де сендермен жаңа жылды қарсы алайыншы. Сендермен бірге қызықты ойындар ойнайыншы.

(шыршаға қарап)

Шырша дейміз елканы

Балалар билеп қоршады.

Түрлі - түсті ойыншық

Шыршада көз тартады.

- Ой, балалар, шыршамызға Аяз Ата мен Ақшақар жетіспейді.

Бәрі. Қоңырау үні сыңғырла

Аяз ата, Ақшақар

Біз Сендерді сағындық

Тез келіңдер ортаға

Аяз ата, ақшақар 3 - рет

(әуенмен бірге Ат шанаға мініп Аяз ата, ақшақар келеді)

Аяз Ата:

Құтты болсын, балалар

Келген Жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер

Еркелеп қыз, ұлдарым

өткен жылы келіп ем

Бәріңді де көріп ем

Жыл өткізіп келем деп

Уәдемді беріп ем

Ойларың мен бойларың да

Бірдей өсіп қалдыңдар ма?

Ал, мен кіммін айтыңдаршы

Мені тани алдыңдар ма?

Балалар: Аяз ата!

Ақшақар.- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы
Жалт - жұлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін, жырмын, тақпақпын.

Қоян :Сәлеметсіздер ме, балалар
Мен тұрмын қуанып,
Шаттыққа бөленіп
Бір жыл бойы сіздермен
Дос болайық шаттанып.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, баршаңызда, алыс жолдан келдіңіздер.

Әсем әні де, биі де бар
Отыр ата, сәл дем ал.

Ән: «Аяз Ата»

Нұрасыл:

Киіндік ұл мен қыз
Аң болып, жан болып
Танымай тұрсын деп
Досымыз таң болып.

Алинұр:

Ақ қырауға малынған
Сақалы да, мұрты да
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына.

Айеркем.

Жаңа жылға сәніміз
Біздің айтар әніміз
Келдің бе аман алыстан
Сәлем, Аяз атамыз.

Ерсайын:

Шыршамыз да керемет

Ойыншықтар тағылған
Алыс жақтан келіп тұр
Аяз ата сағынған.

Аяла:

Кезектесіп балалар
Тақпақ айтып береміз
Сұрақ қойса Ақшақар
Ойланып жауап береміз.

Ақшақардың сұрақтары:

Мен білемін бір ойын: Үйретейін сендерге
Мен бастаймын,
ал, сендер аяқтандар ойынды.
Хормен жауап айтыңдар!
Қарға мүлгіп дала тұр,
Келе жатыр....

Балалар: Жаңа жыл!

Ақшақар: Қызыл мұрын, ақ мұртты
Білсең атын тез ата,
Келеді бізге....

Балалар: Аязата!

Ақшақар: Шырша бүгін кәделі!
Сендер әрі.....
Балалар: Әдемі!

Ақшақар: Көңілсіз бір бала жоқ,
Ойын - күлкі таралсын
Құтты болсын.....
Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)

Жүргізуші:

Әуеледі әніміз
Жаңа кірді сәніміз
Ақшақарды ортаға алып
Би билейік бәріміз.

Әдемі

Кел билейік сенімен
Деймін тартып жеңінен
Еріп кетпе Ақшақар
Адамдардың демімен.

«Ұлпақарлар» биі
Аяз ата: Жарайсыңдар, өнерлі екенсіңдер!

Жүргізуші: Иә, ата, балаларымыз шеттерінен өнерлі, тақпақты да жақсы айтады.
Шаттық:
Жаңа жылда жаңаша
Тақпақ айтамыз.
Болсын риза балаша,
Әппақ Аяз атамыз.

Ернар:
Аралайды бақшаны
Үзілмейді жақсы әні
Гүлденеді бақшалар
Жауса, жаусын Ақшақар!

Рамазан:
Жаңа жыл, жаңа жыл
Сені күттім елеңдеп
Өзіңменен ілесіп
Аяз ата келер деп.

Ердаулет:
Той, мереке, салтанат
Думандатты шартарап
Келді, міне жаңа жыл
Тартуларын арқалап.

Жүргізуші:- балалар, жаңа жыл болса кеп қалды, біздің қоштасатын қоян жылымыз қайда? Ай, Сиқыршы сен сиқырлап тастаған жоқсың ба? Балалар, қоян қалай дыбыстайды? Дауысы естілмейді ме?

«Жаңа жыл жарылқасын, ескі жыл есіркесін» деп ескі жылымызды қарсы алайық.

(жылтыр сандық ішінен қоян секіріп шығады)

Би: қоян

- Ау, қоянжан сенімен де қоштасатын кез келді. Мына жұртшылықтың

ризашылықтарын тыңда.

(Ата - аналармен сұхбат.)

Жүргізуші:

Айта берсек таусылмас

Жаңа жылда жаңа жыр

Кел оданда, халайық

Ойын ойнайық жаңа бір.

Ойын: «Байпақ»

Шарты: 2 ойыншы екі сыңарды бөліп алады. Біреуі оң, біреуі сол аяғынікін киеді де, әуенмен билеп, шыршаны айналып, ортаға бірінші жету қажет.

(алдымен ата - аналар, содан соң балалар)

Аяз ата: мына ата - аналар да мықты екен. Енді мен дем алсам деймін.

Жүргізуші: Иә, ата, дем алыңыз, ортамызда биші ата - аналарымыз да бар.

Тамашалайық!

Би: «Үнді биі»

Қоян

Бір жыл бойы сендермен

Бірге жүрдім ойнадым

Енді міне балалар

Кезек келді қоштасар.

Жүргізуші: - Шыныменен, балалар, біз бір жасқа үлкейдік. Ескі жыл Жаңа жылға орнын сыйлағысы келіп тұр, олай болса, сау болыңыз, біз сізге ризамыз!

Бәрі. Қош, қош, Ескі жыл!

Ұлу - Мұрагер

Мен жаңа жылмын

Мен жаңа нұрмын

Нұрымды да себейін

Жырымды да себейін

Ердаулет:

Оралдың өлкеме,

Жаңа жыл армысың.

Оранды ақ көрпеге,

Асқартау, қарлы шың.

Нұрасыл:

Қандай әсем шартарап
Шаттық күйге бөлеп тұр
Кәмпіттерін арқалап
Аяз ата келіп тұр.

Би: үнді биі

Алинұр:

Жамылған ақ мамық, ұлпа қар
Нұрланар кең байтақ Отаным
Бала жоқ сыйлықтан құр қалар
Сыйлығы көп, Аяз атаның.

Ерсайын:

Аяз келді қаһарлы
Айналаны қар жапты.
Ақтон киіп орман тұр
Дәл атамдай салмақты.

Аяна.

Далада қар борайды
Ақ мамыққа орайды
Мұз болады қатады
Жылтырап жатады.

Ернар:

Аяз ата аппақ
Кәмпіттері тәтті - ақ
Маған кәмпіт көп берсең
Тағы айтамын тақпақ.

Түлкі.- о - о, мыналарды қара! Аяз атадан сыйлық алмақшы. Сендерден бұрын мен аламын. (Аяз атаға келіп) Хи - хи - хи, Аяз ата, мен сіздерге өлең айтып берейін бе?

Аяз ата: Айта ғой, түлкішек

Түлкі:

Ананы да, алдадым
Мынаны да алдадым
Мен түлкімін айлакер
Аяз ата сыйлық бер. (қолын жаяды)

Каскып: Ах, түлкішек, сен жұрттын бәрін аллап, енді атаны да аллайсың ба? Кет әрі.

Аяз атаға әнді мен айтып беремін. (қолында гитара)

Мен қасқырмын, қасқырмын

Қозы ұрлаймын өрістен.

Ұйқым келмейді егерде

Қозы етін жемесем

Ахо - хо. Охо - хо.

(осы кезде ит шыға келеді)

Ит:

Ей, қасеке, қасеке

Сен де адал есесің.

Мен тұрғанда қозы, лақ

Оңайлықпен жемесің.

Аф - аф - аф

Жеті қазына бірімін

Қасқыр келсе үремін

Аяз ата мен сізге

Тақпақ айтып беремін.

Аяз ата: Адамзаттың серігі, сен ит екенсің ғой. (ал сыйлығыңды)

Жүргізуші: Міне, балалар аңдар да өнерлерін көрсетті.

Жаңа жылға барлығы жақсы дайындалған, осындай өнерлерімен белсенділік танытып жүрген және он саусақтарынан өнер тамған ата - аналарым мен балаларым бірлесіп ойыншықтар жасап әкеліп көрмеге шын жүректерімен қойған ата - аналарды марапаттағым келіп тұр.

(ата - аналарға алғыс хат табыстау)

- Аяз ата Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан бересіздер?

Аяз ата: Ой - буй, ұмытшақ басым ай, әрине қазір, қазір....

(барлығыңа сыйлық үлестіріледі)

Аяз - Ата: Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!(қолдарын бұлғап шығып кетеді.)

Балалар: Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге!

Бәні.

Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты

Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл!» жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата - аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



«Бекітемін»
«Радуга» балабақшасы
меңгерушісі : 
Д.Б.Каттабекова
«29» «08» 2023ж

Білім күні

Ортаңғы топ «Улыбки» тобы .

Тәрбиеші : М.Нурова

2023 – 2024 оқу жылы .

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрыңдар айтылғанда әнұран

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташы әнұраным шарықта!(Мемлекеттік әнұран орындау)

Тәрбиеші:Құрметті ата-аналар,қымбатты балалар және барша қонақтар!Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты,айтулы мереке-Білім күнімен құттықтаймын!

Балалар бүгін бізде ерекеше күн,бүгінгі оқу іс әрекетеміз біздің білім күніне,бірінші қыркүйек күніне арналады. Бірінші қыркүйек күні барлық балабақшаларда,мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. Мектептерде,балабақшаларда тұңғыш қоңырау соғылады.(Қоңыраудың суретін көрсету) Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады.

Балалар ,біздің елімізде Қазақстан Республикасының 3 рәмзі бар.Олар:әнұран,елтаңба,ту.(Суретін көрсету)

Біз қай елде тұрамыз?(Қазақстан)

Дұрыс.Қазақстанның Президенті кім?(Қасым Жомарт Тоқаев)

Жарайсыңдар!Біздің балабақшаның аты қандай?(Радуга балабақшасы)

Жарайсыңдар! Ендеше біздің қыздардың дайындаған биіне кезек берейік. «Кел әліппелі»

Тосын сәт. Жалқаубек келеді(әнімен)

Жалқаубек: Ой, балалар, мұнда не болып жатыр? Неге бәрің әдемі болып отырсыңдар?

Тәрбиеші: Бүгін-Білім күні ғой!Үлкен мереке! Біз енді ойынды азайтамыз,көбірек оқитын боламыз.

Жалқаубек:Солай деңдер?Ал көп оқып миды ашытып керегі не?Балалар,мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр,мына сөмкемнің ішіндегі оқу құралдары мен ойыншықтары араласып кетіпті,соны ажыратуға көмектесесіңдер ме?(Иә)

Ойын: Кім жылдам?

Жарайсыңдар! Сонымен қатар бізде 30 тамыз Ата заңымыз қабылднған күн.Биыл ата заңымызға 28 жыл толды.Заң болмаса ,адам құқығы қорғалмайды.Олай болса

еліміз аман болсын,Қазақстан жасай берсін!Алға Қазақстан!Ұлдарымыздың дайындаған биі,қабыл алыңыздар!

Бүгінгі біздің дайындыған ашық сабағымыз осымен аяқталды.Келгендеріңізге көп рахмет!

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



**«Бекітемін»
ЖШС «Радуга» балабақшасы
менгерушісі : *С.Сербаева*
У.О.Сербаева
«06» «03» 2024 ж**

Тақырыбы: Шуағын шашқан аялы алақан!

Ортаңғы «Улыбки» тобы .

Тәрбиеші М.Нурова

Шуағын шашқан аялы алақан!

Жүргізуші: Сәлеметсіздерме, құрметті қонақтар аналар, әжелер. Қар астынан қылтиып бәйшешек бой котергенде көктемнің алғашқы хабаршысындай болып аналар мерекесі келді. Бәйшешек нәзіктігіне қарамай қалың қардың астынан бүршік жарса, ал біздің асыл аналарымызда, соншалықты нәзіктігіне қарамастан барлық қиындық атаулыға төзімді. Аналар көктемгі күндей жарқырап, гүлдей құлпырған гүл мерекелеріңіз құтты болсын.

Ендеше «Улыбки» тобының балаларын қарсы алайық! (Музыка)

Жүргізуші: Мерекемізді әнмен бастайық! Ән: «Ана» Садрадиннің әні.

Жүргізуші: Ардақты әжелерім, аяулы аналарым

Мейірбан аппақ даналарым.

Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен

Құттықтайды сіздерді балаларың.

Балалардың аналарына арналған тақпақтарын тыңдап алайық!

Ортаға: Алинұр, Аяла, Нұрасыл, Нұрай, Нұрболат, Әдемі.

Алинұр	Аяла	Нұрасыл
Ана пана	Ақ анашым, аппағым	Мен мұғалім анамның
Ана дана	Өзің жайлы тақпағым	Өнегесін аламын
Өмірге әкелетін	Өзің жайлы әнімде	Ертең менде анамдай
Ана ғана	Арнадым саған бәрінде	Оқытушы боламын

Нұрай	Нұрболат
Ананы мен жақсы көремін	Ана, ана анасың
Ана шаттық, бақыт береді	Әр қашан маған данасың
Анаменен бар адам	Ақ сүт беріп өсірдің
Бақытты болып жүреді	Түн ұйқыңды төрт бөлдің

Әдемі

Жарқын жүзді жан анам
Сендей болсын бар адам
Сендей болса бар адам,
Шаттық кетпес баладан.

Жүргізуші: Бұл күнді тойлап жатыр барша халық,
Әйелдер күні бүгін халықаралық,
Жарыққа бізді әкелген бізді аналарды,
Бүгінгі мерекемен құттытайық.

Кезекте би. **»Жылтыр көйлек»**
(Мұхан,Раяна,Нұрай,Әдемі,Бағым,Ерке,Ақбөпе,Каусар)

Жүргізуші: Ана барлық өмірдің бастауы. Ол адамды өмірге әкеледі, тәрбиелейді, өсіреді.Адам бойындағы асыл қасиет күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариыды.Ана ұлы адам,ана құдыретті жан, ендеше бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсынаяулы аналар!

Кезекте аналарымызға арналған өлең жолдарын тыңдап алайық.

Ортада: Ақбөпе, Ерсайын, Арслан, Раяна, Мұхан, Ерке.

Ақбөпе	Ерсайын
Мейірім төккен баршаға	Той пердесін ашайық
Онымен өмір қаншама	Тойға шашу шашайық
Анасыз өмір болама	Аналарды құрметтеп,
Айтыңдаршы баршаңда	Ән маржанын ашайық

Арслан	Раяна
Бізге қарап елжіреп	Шашымды өріп тараған
Сүйсе беттен күнім деп	Қабағыма қараған
Құшақ ашса келші деп	Үлкен кіші демейді
Жүгіреміз күлімдеп	Сыйлайды оны бар адам

Мұхан

Ерке

Мен гүлдерді жұлмаймын

Анамыздың мерейлі

Торғайларды қумаймын

Жүзіне біз қараймыз

Айтқан сөзін тыңдаймын,

Анамызды пейілді

Анашымды сыйлаймын.

Жомарт жанға балаймыз

Жүргізуші: Ана деген асыл жандар болаттай

Ана деген мөлдір жандар бұлақтай

О, адамдар қадірлей біл ананы

Жат қылыққа ақыл ойды тоналтпай

(Музыка көктем) (Көктем аруы кіреді)

Көктем: Мен көңілді көктеммін,

Былырда келіп кеткенмін.

Құшағым гүлге толсын деп,

Нөсерімді төккенмін.

Мен балалардың өнерін тамашалағым келеді.

Жүргізуші: Қош келдіңіз көктем.

Мың бұралып би билеп

Ән де салып береміз.

Осылайша шаттықпен

Біздер өсіп келеміз.

Жүргізуші: Ерлік еткен біз үшін,

Еңбек еткен біз үшін

Еркелеткен біздерді

Анамызға мың алғыс.- дей отыра ортада би: «**Көктемгі вальс**»

(Нурасыл, Әлихан, Азамат, Нурболат, Ердаулет, Мұхан, Ернар
Раяна, Нұрай, Әдемі, Бағым, Ерке, Ақбөпе, Каусар,)

Тосын сәт:

Карлсон: Мұнда қандай мереке тойланып жатыр? Мен адасып кіріп кеттім бе?

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе? Жоқ адаспай таптыңыз. Біз сізді күтіп отырғанбыз. Мұнда қандай мереке тойланып жатыр балалар? Қане айтыңдаршы? 8-наурыз Аналар мерекесі тойланып жатыр.

Карлсон: Менің атым Карлсон. Мен Америкадан келдім. 8-наурыз бізде де тойланады. Мен әжеммен тұрамын. Әжем маған дәмді құймақтар пісіріп береді.

Жүргізуші: Уайымдамаңыз, Карлсон. Біздің балалар сізді құймақпен қонақ етеді.
Ортада құймақ эстафетасы. Ойын шарты: балалар 2 командаға 5 баладан бөлінеді. Құймақты скабародқаға салып алады да жүгіріп басқа ыдысқа салады. Ыдысқа салып болған бала келесі балаға береді. Құймақты қайсы команда бірінші болып жинап бітірсе, сол команда жеңіске жетеді.

Карлсон: Өте керемет жарайсыңдар! Рахмет балалар енді құймаққа тоятын болам! Ал менің кететін уақытым келді сау болыңдар!

Жүргізуші: Рахмет саған Карлсон бізбен мерекеде болғаныңызға. (кетеді)

Жүргізуші: Мерекені керемет көңіл күймен жалғастырайық!

Жүргізуші: Бізді өсіріп баптаған

Жақсы болсаң шаттанған

«Алтыным» деп мақтаған

Айналайын ақ мамам

Жүргізуші: Хор «Мама» орысша

Жүргізуші: Аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі.

Би: «Стирка» (Ерсайын, Арслан, Алинұр, Ислам, Нурболат)

Жүргізуші: Анамыздың мейірімі,

Жүзіне біз қараймыз.

Анамызды пейілді,

Жомарт жанға балаймыз.

Кезекте тақпақтар: (Ердаулет, Азамат, Кәусар, Бағым, Ислам)

Ердаулет

Азамат

Әр сөзімді жаттаған

Анам, анам, ақ анам,

Жүрегімде сақтаған
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ анам.

Мен өзіңдей ақ балаң
Айтқан тіліңді аламын.
Жұмсағанда барамын.

Кәусар

Жылылықтан жаралған
Құшағы оның таң мекен
Менің айдай анамнан,
Асқан сұлу бармекен.

Бағым

Менің анам ардақты
Алтыннанда салмақты,
Жақсы көріп баласын.
Мәпелейді анашым.

Ислам

Анамыздың мерекесі
Келіп қалды жақындап.
Көңілін қалай тапсам деп,
Ойлап жүрмін күн түні.


Жүргізуші: Аналар қалқып аралында

Лайым мұң қонбасын жанарыңа.

Осымен ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Сау сәламатта болыңыздар!

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министірлігі Түркістан облысы сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
У.О.Серибаева 
«05» «03» 2025ж

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Ана өмір шуағы»
Ересектер «Звёздочки»
Тәрбиеші: Г.Жакиянова

Сарыағаш қаласы
2024-2025ж

«Ана өмір шуағы»

(Әуенмен балалар шығады)

Жүргізуші: Қош келдіңіздер аяулы аналар, асыл әжелер, қызғалдақ қыздар. Көңлдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып «8-наурыз» халықаралық әйелдер, қыздар мерекесі келіп жетті. Осынау көктем мерекесінің қай кезде де орны бөлек. Өйткені аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сәнбек емес. Себебі, ана өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Ендеше көктемнің алғашқы күндеріне арналған ертеңгілігімізді бастауға рұхсат етіңіздер.

Жаннұр: Армысың мейірімді аналарым,
Мейірбан ашық көңіл даналарым.
Гүл көктемнің алғашқы мейрамымен,
Құтықтайды сіздерді балаларың.

Нұртас: Армысың ақ жаулықты әжелерім,
Ақылы дариядай кеменгерім.
Ардақты аналардың мейрамында,
Арнайды бүлдіршіндер өлеңдерін.

Жүргізуші: Ару ана өмірдің асылдары,
Жайнаған көңілімнің жасыл бағы.
Сіздер үшін ән мен би, өлеңмен күй,
Сіздер үшін мереке шашулары. - олай болса асыл аналар, ақжаулықты әжелер мерекелеріңіз құтты болсын.
Жер әлемді жайнатып,
Әнші құстарды сайратып.
Гүлге бөлеп даланы,
Әнге бөлеп қаланы,
Көрікті көктем келеді.

(Ортаға музыкамен көктем келеді. Гүлдерде бірге кіріп отырып қалады)

Көктем: Мен көңілді көктеммін,
Бытырда келіп кеткенмін.
Құшағым гүлге толсын деп,
Нөсерімді төккенмін.

Жүргізуші: Ару көктем хош келдің, төрге шық. Сенің көктемгі жаңбырыңның арқасында айналамыз әсемдікке кенелді. Сондықтан ару көктем біз саған ризамыз.

Көктем: Гүлдердің сан алуан,
Түрлерін мен білемін.
Сол гүлдерді өсіріп,
Аялаумен келемін
(Гүлдер кезектесіп тұрып жаттауларын айтады)

Бәйшешек:-Амина
Көктем гүлі бәйшешек,
Мен боламын қараңдар.
Наурыз сәуір айында,

Мен шығамын жайқала.

Қызғалдақ: Аяна

Қырқалардың төрінде,
Қаулап көзге ұрамын.
Құлпыра жайнап өңірде,
Қып-қызыл боп тұрамын.

Жауқазын:- Әдемі

Жауқазынмын жайқалған,
Сұлу гүлмін жайқалған.
Көктемде мен гүлдесем,
Құлпыра кетер айналам.

Раушангүл:К.Бағым

Әдемімін сұлумын,
Менен қай гүл аса алған.
Мен боламын раушангүл,
Гүл патшасы атанған.

Р.Аяла

Көктем болды алақай,
Қуанар барлық балақай.
Көктемде жаңбыр болады,
Бақшаға гүлдер толады.

Ерке

Бүршік шашып, жапырақ ашып,
Даланы гүлдер басады.
Сұлу көктем есігін ашып,
Шуағын бізге шашады.

Көктем: Кең даламды хош иісімен, сұлулығымен жайнатқан менің әсем гүлдерім аналарымызға қуаныш сыйлап би билеп берейік.

Би: «Түймедақтар»

(Амина,Әдемі,Аяна К.Бағым,Ерке,Аяла)

Жаннұр: Біздің халық өнерпазға бай тегі,
Өнші деп те,күйші депте айт оны.

Нұртас: Күлімдеген көктемге ана жайлы,
Жақсылап бір ән шырқасақ қайтеді.

Ән: «Ана туралы папури»

Жүргізуші: Ардақты асыл аналар. Мінекей күлімдеген көктем келіп,көрікті көктемнің алғашқы мерекесі аналар мерекесіде келіп жетті.Бүгінгі бағдарламамыз аналар мерекесіне арналады.

(Эфирде жүргізуші ұл мен қыз отырады)

Нұртас: Армысыздар құрметті теле көрермендер!Эфирде сіздермен бірге «Сазды сәлем» бағдарламасы. Бүгін біздің студиямызда Сарыағаш қаласында орналасқан «Радуга» балабақшасының бүлдіршіндері қонақта.

Жаннұр: ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақын жанашыры ақ сүт беріп аялаған жаныңда аямаған арлақтысы.Еңнлеше бүгінгі хабарымыз аналарға

арналады. Сондықтан «Сазды сәлем» хабары арқылы барша аналарды мейраммен құтықтаймыз.

Нұртас: Олай болса аяулы аналарын құттықтауға келген бүлдіршіндердің ыстық ықыласын тыңдайық.

Балалар тақпақ айтады.

Мұхаммед

Той пердесін ашайық,
Тойға шашу шашайық.
Аналарды құрметтеп,
Ән маржанын ашайық.

Замира

Ана дейміз бәрімізде аңқылдап,
Ана дейді жас сәбиде жарқылдап.
Ана деген бәйтерегі өмірдің,
Ана деген алтын қазық, алтын бақ.

Алихан

Анам менің сүйіктім,
Тек өзіңе табынам.
Қасыңда жүрсем биікпін,
Алыстасаң сағынам.

Жанару

Анаң болса қасыңда,
Басқа бақыт не керек.
Аналардың жүрегі,
Мейрімді ғой керемет.

Дініслам

Мәпелейді, әлдейлейді, бағады,
Құлыным деп құшағына алады.
Өзгеге де, өзіне де жауапты,
Барлығына қалай уақыт табады?!

Нұртас: Біздің әжелерге арналған тосын сыйымыз бар қабыл алыңыздар.

Көрініс: «Шүмән апа»

(Алинұр, Айзад, Бағым, Аяна, Арыстанбек)

Нұртас: Мінекей, біздің хабарымыз әрі қарай жалғасады. Хабарымызға келіп отырған қонақтарымызға сөз кезегін берейік.

Нұртас: Әжелеріңе қандай тілек айтасындар?

Арыстанбек

Әжем менің асыл жан,
Жақсылыққа үйретіп.
Жамандықтан шектейді,
Әжеме ешкім жетпейді.

Арыслан

Әжем менін ақ әжем.

Ақыл беріп үйреткен.
Аппақ әжем пәк әжем,
Мейіріммен тербеткен.

Ернар

Аман болсын басыңыз,
Ағармасын шашыңыз.
Шөбере сүйіп әліде,
Жүзге жетсін жасыңыз.

Алинұр

Мені ертіп өсірген,
Осы күнге жеткізген.
Құтты болсын мерекең,
Еркелетіп өсірген.

Жаннұр: Қонақтарымыздың өтініші бойынша әжелерімізге арналған әнді қабыл алыңыздар.

Ән: «Менің әжем»

Жүргізуші: Осы бір тамаша әнен соң хабарымызды әрі қарай жалғастырамыз.

Ана деген бәйтерегі өмірдің,
Ана деген қуанышы өмірдің.
Ана деген әр бір үйдің жылуы,
Ана деген гүлі туған өңірдің.
Ана бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді. Ананың көз нұры тастай мұзды да жібітеді екен ендеше асыл аналарды құттықтауға асығыңыздар. Ал біз хабарымызды одан әрі студиямыздың қоржынына келіп түскен мына бір хатпен жалғастырамыз. Құрметті «Сазды сәлем» бағдарламасы деп басталады бұл хат. Менің атым Болат мен сіздердің бағдарламаларыңызды үзбей көремін. Мен әскерде борышымды өтеп жүрген сарбазбын. Сіздерге хат жолдап отырған себебім сіздердің бағдарламаларыңыз арқылы аяулы анамды, асыл әжемді 8 наурыз аналар мерекесімен құттықтамын! Мен оларға зор денсаулық, мол бақыт, ұзақ өмір тілеймін. Музыкалық сәлем ретінде «**Көңілді би**» биін жолдасаңыздар екен. Құрметті көрермендер «**Көңілді би**» биін тарту етеміз қабыл алыңыздар.

Би: «Көңілді би»

(**Дініслам, Мұхмааммед, Алихан, Ернар, Арыстанбек, Абдуллаһ**)

Жүргізуші: Балалар сендерде келешекте осындай ел қорғайтын азаматтар боласындар! Қане балалар! Сендер үйлеріңде аналарыңа қалай көмектесесіңдер? Соны айтып беріңдерші.

Айзада

Қалай көмектесем деп,
Ертелі-кеш ойладым.
Ыдыстар сынып қалар деп,
Кір болсада жумадым.
Шаңы шығып кетер деп,
Үй сыпырып қоймадым.

Бағым

Балабақша болмаса,
Дүкенге өзім барар ем.
Ақшам көп болса анама.

Сәнді көйлек алар ем.

Жандарбек

Шәй қайнатып, бала ойнатып,
Үйді жинап қойар ем.
Тамақ жасай алмаймын,
Еденде жуа алмаймын.
Анама берер көмегім,
Мазасын алмай ойнаймын.

Жүргізуші: Мінекей, ардақты аналар! Біздің балаларымыздың берген жауабы осы болды. Расыменде бұл балалар қанша тырысып көмектескісі келгенімен шамалары келмейді. Себебі, олар ойыны қанбаған ойын баласы емес пе? Сондықтан хабарымызға сәл үзіліс жасап ойын ойнап алсақ. Ойын «**Аялы алақан**» деп аталады ойынның шарты бойынша төрт ана шығады. Аналардың көздері байлаулы болады. Аналар балаларының алақандарын сыйпап тануы қажет. Ал, біз сіздермен ойыннан соң жолығамыз.

Ойын: «Аялы алақан»

Жаннұр: Бір өзіңнен бастап өмір жолдарын.
Жүрегіңе жүрегімді жалғадым.
Өзің мына сыйға берген өмірде,
Ақ сүтінді ақтап өту арманым.

Нұртас: Барша ана құтты болсын мерекеңіз,
Әрқашанда ана сізбен берекеміз.
Ақтасаақ ақ сүтіндіі асыл анам,
Сонда біз кісілікке теңелеміз.-дей келе біздің бүлдіршіндеріміздің аналарына арналған биі бар екен қабыл алыңыздар.

Би: «Үнді биі»

(Арыстанбек, Арслан, Нұрасыл, Жандарбек, Бағым)

Жүргізуші: Асыл анам жасыл бағым жайнаған,
Сол бағымда асыр салып ойнағам.
Пәк жүрекпен жыр жазды перзентің,
Бар тілегі сіздерге арналған.-Асыл аналар балаларымыз сіздерге ақ тілегін жолдамақшы қабыл алыңыздар!

А.Аяла

Құрметтейік балалар аналарды,
Бізді өмірге әкелген даналарды.
Себебі анна деген асыл жан ғой,
Ойлауменен істейік бар қадамды.

Абдуллаһ

Үн қатасың бал тілмен,
Еркелеймін әр күн мен.
Құттықтаймын анашым.

Сегізінші мартыңмен.

Даурен

Ана өмір шуағы,

Ана өмір бұлағы.

Бесігімнің жыр әні,

Жүрегімде тұрады.

Нұрасыл

Нұрын төккен күндейсің,

Жылытатын жерімді.

Хош иісті гүлдейсің,

Көркейтетін төрімді.

Жаннұр: Құрметті көрермендер! Хабарымызға тағы бір көрермен хабарласқан екен қоңырау қабылдайық. Алло біз сізді тыңдап отырмыз. Кімді құттықтайын деп едіңіз?

Сәлеметсіздер ме? Менің есімім Айнұр «Радуга» балбақшасының ата-анасымын. Мен сіздердің бағдарламаларыңыз арқылы осы балабақшаның меңгерушісі Асем Ержігітқызын және балабақша ұжымын, барша аналарды 8 наурыз халықаралық аналар мерекесімен құттықтағым келіп отыр. Біздің балаларымызға тәлім-тәрбие берумен қатар олардың саналы,білімді,өнерлі де,өнегелі болып өсуіне үлесін қосып орасан еңбек жасап жүрген апайлардың дені сау болсын, бастарына бақ қонсын,ұстаздық деген ұлы жолда талмай- шаршамай еңбек ете берсін дегіміз келеді. Апайлардың құрметіне таамаша бір би тарту етсеңіздер деймін.

Жаннұр: Расыменде балабақшадағы апайлардың арқасында көптеген бүлдіршіндер болашаққа самғап биіктерден көрінуде.

Нұртас: Осындай апайлардың құрметіне тамаша таамаша би жолдайық.Қабыл алыңыздар.

Би: «Испан биі»

(Замира,Айзада,Жанару,Бағым,А.Аяла)

Жүргізуші: Асыл аналар! Мінекей сіздердің әлпештеп аялап отырған Капелькидарыңыз болашақта осындай беделді азаматтар болатынына біз сенеміз. Әлемнің бастауы мен таусылмайтын қазынасы қазынасы өздеріңіз. Мәпелеп отырған Капелькидарыңыз сіздерге деген шексіз алғысын әнмен жеткізгісі келеді.

Ән: «Мамочка мая милая»

Жүргізуші: Біз ғана емес қадір тұтқан бабалар,

Аналардан туған не бір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Мерекеңмен қасиетті аналар.-Құрметті көрермендер осымен

«Сазды сәлем» хабарымыз аяқталып қалды.Аяулы да, ардақты аналар! Бүгінгі айтылған әдемі әндер мен әсем билер және жақсы тілектер тек сіздерге арналады.

Келесі эфирде кездескенше хош сау болыңыздар

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министірлігі Түркістан облысы сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
У.О.Серибаева 
«05» «03»2025ж

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Ана өмір шуағы»

Кіші «Капельки»

Тәрбиеші: Балабек А

Сарыағаш қаласы
2024-2025ж

«Ана-өмір шуағы»

Жүргізуші: Қош келдіңіздер! Сәлеметсіздерме, ардақты әжелер, аяулы аналар, қызғалдақ қыздар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып «8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі» де келіп жетті. Сіздерді көктем айының алғашқы мерекесі Аналар күнімен құттықтаймыз! Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман, көңілдеріңіз жайдарлы болсын!

Бүгін наурыздың 8-і,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз адамның,
Анаға айтар лебізі.

«Капельки» тобының «Ана-өмір шуағы» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

(Залға балалар кіреді)

Жүргізуші: Балалар көктем мезгілінде күн жылынып, қар еріп жылы жақтан құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жарады, табиғат сұлулана түседі.

Жанымызды жайнатқан,
Сіздерсіз ғой аналар!
Зор денсаулық, мол бақыт,
Тілейміз біз балалар- дей отыра балаларымыздың
әнін тыңдай отырыңыздар

Ән: «Топ балақан»

Бұзақы: (өкпелеп шығады) мен үйімнен қашып кеттім, себебі анам маған ештеңкеге рұхсат бермейді. Телефон көрсетпейді, газды сусын ішкізбейді, дүкеннен түрлі тәттілер әпермейді. Маған ана керек емес.

Жүргізуші: Сенің бұл айтқандарың дұрыс емес. Аналарымыз бізге әрдайым жақсылық ойлайды. Бүгін біз балалармен бірге аналар күнін тойлап жатырмыз, сен бізбен бірге бол, сонда анаңның қадірін түсінерсің. Балалар біз аналарым ызға арнап гүл теріп берейік. Бұзақы сен де балалармен бірге ойна.

Ойын «Гүл теру»

Жүргізуші: балалар ортаға шығып гүлдерді себеттерге тереміз.

Бұзақы: Жарайсыңдар балалар, керемет ойнадық. Балалар менің ұарным ашты, менің анам тамақты дәмді дайындайтын еді. Мен анамды ренжіттім. Енді анамның көңілін қалай көтерсем болады.

Жүргізуші: Онда сен мына гүлдерді анаңа сыйла, енді біздің қыздарымыздың биін тамашалайық.

Би: «Көбелектер»

Көктем:(сәлемдеседі) Сенің мына жүрісің не?Үсті-басың кір
қожалақ.Неге мұнда жүрсің?

Бұзақы: Ия және қарнымда ашты,үйден кетіп қалмағанда анам мені тап-
таза етіп, қарнымды тойдырып қоятын еді. Мен анамды сағындым.Үйге
қайтайын анам мені іздеп жүрген болар.

Көктем: Тоқта,мына түріңді анаң көрсе ренжиді. Анаңа өзім сені жеткізіп
салайын.

Жүргізуші:Құрметті аналар сіздермен тағы бір ойын ойнайық ойынның
аты «Көзінен таны» деп аталады. Ойынның шарты аналар балаларын
суреттегі баласының көзі арқылы тануы қажет.

Жүргізуші:Ал,құрметті аналар біздің бүлдіршіндеріміздің сіздерге
арнаған тағы бір әні баар қабыл алыңыздар.

Ән: «Мама»

(Көктем,Бұзақы,Анасы кіреді)

Бұзақы:Анашым сіз мені кешіріңіз,мен сізді дұрыс түсінбеппін.Сізді
бүгінгі мерекеңізбен құттықтаймын.Біз мына балалармен бірге сізге
арнап би дайындадық.

Анасы: Жарайды,рахмет балам.Мен сені іздеп уайымдадым.Енді үйден
рұхсатсыз кетпе.

Би «Ұлдар биі»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар!

Әжетайым мерекеңіз құтты болсын,
Жанұяңызға тек қана шаттық толсын.
Немеренің өнерін тамашалап,
Жүзіңізге көтеріңкі көңіл толсын.

Анам менің ақылгөйім ғұлама,


Аспанымдай мәңгі жаса құлама.

Ер жетсемде еркелігім қалмайды,

Көз алдымда сен тұрғанда ұлы ана!-деп біздің балаларымыздың
әжелерін,аналарын мерекесімен құттықтап,алғыстарын осы жолдармен
жеткізбек.Осымен біздің сіздерге арналған «Ана-өмір шуағы» атты
ертеңгілігіміз аяқталды.Сау болыңыздар.

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министірлігі Түркістан облысы сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
У.О.Серибаева 
«05» «03» 2025ж

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Ана өмір шуағы»
Ортаңғы: «Улыбки»
Тәрбиеші: Жулдасбекова М

Сарыағаш қаласы
2024-2025ж

Жүргізуші:

Аналардың әр бір сөзі, ой талабы

Жүректің тереңінде сақталады.

Өсіңдер елін сүйген ұландар боп,

Ардақты ана еңбегі ақталады.

- Құрметті әжелер, аналар! Сіздерді наурыз айында келген 8 - наурыз мерекесімен құттықтаймыз.

Балалардың құттықтау тақпақтары.

Біз доспыз гүлдермен

Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір бірден

Аналарға сыйлаймыз.

Мені жақсы көреді,

Күндей күліп келеді.

Көп ертегі біледі,

Маған айтып береді.

Ақ анашым, аппағым.

Өзін жайлы тақпағым.

Өзін жайлы әнім де,

Арнадым саған бәрінде.

Әлпештеген аялаған

Ақ сүт берген апатайым.

Сәлем жазып бүгін саған

Мейрамын мен құттықтаймын

Жұмақ – құшақ панам,

Күндей нұрлы санаң!

Қызығын көр ұл – қыз,

Еңбек сүйгіш Анам!

Келді көктем күннің,

Күлімдейді гүлің –

Алтын ойлы Анам

Мерекеңіз бүгін!

Жүргізуші: - Ал енді біздің Капелькилар аналарға арнап өз өнерлерін көрсетсін.

Би: «Жаңбыр»

Залға Шатақбай кіреді: - Қайырлы кеш! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын. Жаңа бақыт әкелсін!

Жүргізуші: - Сіз өзі кімсіз? Қайдан келдіңіз? Біздің балабақшаға қалай кіріп кеттіңіз? Күзетші қайда?

Шатақбай: - Күзетші кіргізбеймін деді, ал мен мерекеге бара жатырмын дедім, сосын кіргізді.

Жүргізуші: - Бәрі түсінікті. Сізді көрген – ақ кім екеніңізді түсіндік. Басыңызға таба киіп алыпсыз. Аяғыңызға қолғап киіп алып, нағыз Шатақбай келіп тұр екен! - Бізді жаңа жылмен құттықтап тұр. Ал бүгін аналар мерекесі емес пе балалар!

Шатақбай: - Мә мен бәрін ауыстырып алдым ба?

Жүргізуші: - Ренжіме, Шатақбай! Енді сен бәрін дұрыс жасайсың.

Шатақбай: - Аналар, әжелер, қыздар сіздерді мерекемен құттықтаймын!

- Балалар, менімен бірге ойын ойнайсыңдар ма?

-

Ойын: «Гүл шоғын жинау»

Шатақбай: - Балалар сендерге көп рахмет. Ал ендеше сау болыңдар. (Шатықпай шығып кетеді)

Өлең: «Ақ мамам!»

Жүргізуші: - Ал балалар!

Ойнайық та күлейік.

Кәне енді бұрылып

Би билеуге тұрайық.

Би: «Қарлығаштар»

Жүргізуші: Біздің ұлдарымыз қыздарға тосын сый дайындап келді ғой. Бізге қонақтарды шақырды. Балалар, оны шақырайық па?

Балалар: Иә!

Бәрі шапалақтайды. Залға сайқымазақ келеді.

Сайқымазақ: Сәлеметсіңдер ме, достар! Сәлеметсіздер ме, қымбатты ата - аналар!

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Сайқымазақ!

Сайқымазақ: Менің атым Тили Вили. Мен сендерді сонау Америкадан құттықтауға келдім. Хелоу! Хелоу! Хелоу! (балалардың қолынан ұстап амандасады).

Сайқымазақ: Мен бүгін мереке бойы сендерді күлдіртіп, көңіл күйлеріңді көтеремін.

Сайқымазақ: Ал сендер отшашу көргілерің келеме? Бізді қуып жетіп, мына шарларды жарыңдар.

(Балалар кейіпкерлердің артынан жүгіріп шарларлы жаралы)

Мына балалар өздері қандай пысық. Кәне орындарына отыра қойыңдар. Балалар қандай мерекені тойлап жатырсыңдар.

Жүргізуші: Аналарға арналған 8 – наурыз мейрамы.

Тақпақтар әжелерге.

Менің әжем мейірбан
Мені жақсы көреді.
Қажетіне жарасам
Жас балаша күледі.
Аналарды сүйеміз
Ақылын ойға түземіз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.
Әже деген асыл жан
Құрмет көрген ғасырдан
Аялаймын әжемді
Аялаймын бар елді.

Аналармен ойын: «Мен баламды қалай еркелетемін»

Сайқымазақ:

Ал мен әнді жақсы айтамын, маған микрофон беріңіз, моэстро музыку.

(музыка ойнайды, сайқымазақ ырғағына қарамай біресе төмен, біресе жоғары айтады)

Жүргізуші: Тили Вили сен босқа өз тамағыңды шаршатпа. Біздің тобымызда өлең айтатын балалар бар.

Өлең: «Қошақаным»

Жүргізуші: - Рахмет, саған сайқымазақ. Сен бүгін бізді қызықтырып жүрдің.

Сайқымазақ: - Иә, біз сондаймыз. Біз көп ойындар, әндер де, билер де білеміз, және біз фокустар көрсете аламыз. Сендерге де қазір фокус көрсетеміз.

Фокустар:

Гүлмен. Бір гүлді қорапшаға салып, айтады: «Қазір осы гүл басқа бояумен боянады». Шығарса, боянбапты.

- Ой, неге боянбайды.

Жүргізуші: - сиқырлы сөздерді айту керек қой. Балалар, қандай сиқырлы сөздерді білесіңдер.

Балалар айталы.

Сайқымазақ:

- Фокус, мокус. (Қорапшаның ішіне қараса, ішінде кәмпиттер жатыр екен.)

Балалар, қарандар гүліміз кәмпиттерге айналды.

Балаларға кәмпиттер таратылады.

Жүргізуші:

- Ал енді, біздің аналарға арналған сыйлықтарды қабыл етіңіздер.

- Құттықтау сөзі балабақша меңгерушісі У.О.Серибаеваға беріледі.

- Осымен біздің мерекеміз аяқталды. Қымбатты да аяулы аналар! Мерекелеріңіз құтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық! Сау болыңыздар!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі
Түркістан облысы сарыағаш қаласы ЖШС «Радуга»
бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі

У.О.Серибаева *Серибаева*
«18» «03»2025ж

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Жыл басы Әз,Наурыз!»

Ортаңғы:«Улыбки»

Ересектер: «Звёздочки»

Тәрбиеші:М.Нурова

Тәрбиеші: У.Темірбекова

Сарыағаш қаласы
2024-2025ж

«Жыл басы Әз,Наурыз!»

Залда әсем әуен ойнап тұрады.

Айару: Жер әлемді жайнатып, әнші құстар сайратып, наурыз тойын тойлатып, Ұлыстың ұлы күні келді ағайын. Той құтты болсын! Ақ мол болсын! Армысыздар құрметті қонақтар.

Жаннұр: Ұлыс күні кәрі – жас
Құшақтасып көріскен
Жаңа ағатқан қозыдай
Жамырасып өріскен
Ұлыс күні қар еріп
Сай салалар гүрілдеп
Көк шөбі шығып желкілдеп
Дүние біткен күлімдеп
Ұлыс күні кәрі жас
Құшақтасып көріскен.
(Ортаға екі бала шығады.)

Алинұр : Ассалаумағалейкум

Ұлыс оң болсын
Ақ мол болсын!

Ислам: Уағалейкумссалам

Ұлыс оң болсын
Пәле – жала жерге енсін!

Екі бала төс қағыстырып аман – саулық сұрасады.

Ән:«Құтты болсын әз наурыз»

Айару: Келіндер, Наурыз күнін қарсы алайық,
Билейік жыр –жырлайық,ән салайық.
Қаһарлы қыстан өтіп наурыз келді,
Арқанды кеңге созшы уа халайық!- келесі кезекте
бүлдіршіндеріміздің биіне берейік.

Би: «Грузин биі»

(Жандарбек,Замира,Нұрасыл,Айзада,Бағым, Жанару)

Жаннұр: Ұлыс күндеріңіз құтты болсын!
Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Наурызды!

(Әжесі мен Наурыз қыз ортаға келеді. Әжесі шашу шашады)

Әже: Наурызым , құт әкелсін елімізге
Береке, ырыс кірсін жерімізге
«Барысты» қуанышпен шығарып сап
Бақыт боп «Қоян » кірсін елімізге
Жаңа жыл елімізді жарылқасын
Қиналып әр отбасы тарықпасын
Ата – әже келгенде қуанғандай
Немерелерім сендерді қуаныштан арытпасын.

Наурыз қыз: Жасай бер жаңа күн!
Туа берсін жаңа күн
Дүр сілкінсін дала бір
Құтты болсын жаңа жыл!!
Құтты болсын Наурыз – той,
Құтты болсын Жаңа жыл!

Айару: Ата-бабам тойлаған,
Науырызым армысың.
Қызығына тоймаған,
Жаңа жылым бармысың- келесі кезекте балаларымыздың
биіне кезек берейік.

Би: «Қызыл раушан»

(Арыстанбек, А. Аяла, Алинұр, Әмина, Ерке, Арыслан, Алихан)

Жаннұр: Ой, халайық, халайық,
Әсем әнге салайық.
Наурыз тойын көңілді,
Бірге қарсы алайық дей келе бүлдіршіндеріміздің тақпақтарын
қабыл алыңыздар.

Нұрасыл: Қош келіпсің Наурыз!
Арман тойы халықтың.
Қуанышы халықтың,
Құтты болсын қадамың!

Мұхаммед: Би биледік бәріміз!
Егін өңін толқытқан,
Елдің көңілін шалқытқан.
Бас иеміз- Наурыз!

К.Бағым : Сені тойлап қарсы алып,
Бар әлемге жар салып,
Сәлем бердік, біз сізге!

Әмина: Наурыз тойы-береке,
Наурыз тойы-жыр аңыз.
Қызып дулы мереке
Қызық думан құрамыз.

Жандарбек: Қар кетіп, қыс өтіп,
Шырайлы шақ жаз жетіп
Шараның ұлы кенелген
Күн мейрамы ежелден
Құтты болсын бұл наурыз.

Ерке: Наурыз тойы тамаша,
Наурыз тойы жаңаша,
Табиғатта тамаша,
Тамылжып тұр жараса.

Арслан: Наурыз тойы салтанат,

Наурыз тойы мархабат,
Әр жүректен ән тарап,
Шаттанады шартарап.

Айару:

Күн мен теңелді,
Жер шуаққа кенелді.

Соны тойлар ел енді- дей келе Улыбкидарымыздың бин қабыл алыңыздар.

Ұлдар биі: « Алаштың ұлы»

(Мирас,Әлинұр,Мұхаммед,Мейрамбек,Нұрали,Ерсайын,Ердаулет,Ердәуір,Ернар)

Жаннұр: Құрметті қонақтар, сіздерге арналған бақша бүлдіршіндерінің «Алтын сақа » ертегісінің желісімен қойылған «Жыл басы- әз,Наурыз» атты ертеңгілігімізді тамашалауға шақырамыз.

Көрініс.

(Шал қолында қамшысы бар, қой жайып жүреді)

Шал: Шек, шеку , ей кебенек! Мына ешкілер әбден мазамды алды. «Қой бақтым қоңырау тақтым, ешкі бақтым еңіреп бақтым » деген осы екен ғой. Уһ, әбден шаршадым, дем алайыншы,- деп малдас құрып отыра кетеді.Сол кезде артынан Мыстан кемпір келіп шалды қылқындыра бастайды.

Мыстан: Уһ, бәлем қолыма түстің бе?

Шал: Ойбай, ойбай жіберші, қылқынып барамын.

Мыстан: Сен маған не бересің?

Шал: Бір отар қой беремін.

Мыстан: Жоқ маған қой керек емес, балаңды бер әйтпесе жібермеймін.

Шал: Жәрәйді, жалғыз Кенжебек деген ұлым бар еді , соны ал.

Мыстан: Онда келісімін, оны қалай бересің?

Шал: Баламның жақсы көретін алтын сақасы бар , соны саған беріп кетейін, балам алтын сақасын іздеп келгенде өзің ұстап ал.

- Міне, алтын сақа,- деп қалтасынан алтын сақасын алып береді де өзі кетіп қалады.

Мыстан алтын сақаның жанында отырады.

(Бала сақасын іздеп шығады)

Бала: Апа, апа анау сақамды алып беріңізші?

Мыстан: Ой, мен отырсам тұра алмаймын, тұрсам отыра алмаймын, өзің ал.

Бала еңкейіп сақаны ала бергенде мыстан оны шап беріп ұстап алады. Осы кезде қыздар Кенжебекті іздеп шығады.

Жаннұр: Кенжебек, Кенжебек, қайдасың? Біз сені іздеп жүрміз.

Осы кезде ортаға Мыстан атын шығып, қыздарды қорқытады. Қыздар қорқып бірінің артына бірі тығылады.

Мыстан: Сендерге Кенжебек керек болса , менің шартымды орындаңдар.

Айару: Орындаймыз, апа орындаймыз.

Мыстан: Онда маған Наурыз туралы тақтақ айтып беріңдер.

(Балалар Наурызға байланысты жаттаған тақпақтарын айтады)

Дініслам: Ұлыс күні кәрі- жас,
Құшақтасып көріскен.
Жаңа ағытқан қозыдай,

Жамырасып өсірген.
Наурыз той құтты болсын!

Замира: Шапағатын аямай бұл жақта аспан,
Жадырайды әр адам мұң шақпастан.
Ой ағайын, келіндер!
Бүгін бізде –
Наурыз көже құрт - қатық,бұршақ қосқан.

Алихан: Наурыз келсе,құт келгені, халайық!
Есік ашып,шашу шашып,
Ел боп қарсы алайық.

Әдемі: Бүгін күн мен түн теңелді,
Жер шуаққа көгереді,
Соны тойлап ел енді.
Қуанышқа кенеледі

Бағым: Наурыз той салтымыз,
Көгерсін деп халқымыз
Көшеге тал егеді.
Бағымызда бұлбұлымыз сайрайды.

Аяна: Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық бақыт тілеймін,
Бүкіл қазақ еліне.

Абдуллаһ. Ұлы күні ұлыстың
Күн мен түнді теңеген
Тәтті дәмін ырыстың
Таттық Наурыз көжеден.

Мыстан: Жарайсыңдар!

Жаннұр: Апа ,енді Кенжебекті жібересіз бе?

Мыстан: Жоқ, маған енді өнерлеріңді көрсетіңдер.

Айару:Кезекті бүлдіршіндеріміздің биіне берейік

Би: «Домбыра»

(Р.Аяла,К.Бағым,Әмина,Абдуллаһ,Ернар,Ислам,,Мұхаммед,Әдемі)

Мыстан: Ой, рахмет, көңілім көтеріліп қалды ғой.

Жаннұр: Апа Кенжебекті жібересіз бе?

Мыстан: Жоқ әрине осығанда жіберем бе кәне ұлдар жылдам ба. қыздар жылдам ба соны көргім келіп тұр.

Ойын: «Қыз куу» (Улыбки тобы)

Айару: Енді, жібересіз бе?

Мыстан: Ой, рахмет, бір сергіп рахаттанып қалдым ғой. Бірақ бұл маған аздық етеді. Тағы қандай өнерлерің бар.

Би: « Аралар»

(Адина,Айым,Кәусар,Нұрайым)

Жаннұр: Енді, жібересіз бе?

Мыстан: Жоқ, менің енді айтыс тыңдағым келіп отыр. Ақындарың бар ма?

(Айтыс өнерін көрсетеді)

Арыстанбек мен Айзада айтысы

Арыстанбек: Арыстан ұлың мен болам.
Әке шешем мақтаған,
Жарыс десе жайнаймын
Намысымды қорғаймын.

Айзада: Өнердің ашып есігін
Шешендік сөзбен көсілдім
Таныстырсам өзімді
Айзада менің есімім

Арыстанбек: Ал Айзада сұлу қыз
Қандай күшті бұрымың
Қасындағы қыздардың
Ішіндегі сұлу қыз

Айзада: Мені мақтап не істейсің
Білем өзім сұлуым
Дайынсың ба мектепке
Соны айтып білдіргін.

Арыстанбек: Білім, ғылым өнерге
Қанат қағар кезім ғой
Ата – салтын ертеңге
Жеткізетін өзім – ғой

Бірге: Еркем , еркем еркем- ай
Еркелеген ертең – ай
Бүгін болған мереке
Болсын тағы ертең ай.
Оу, халайық халайық
Әсем әнге салайық
Наурыз тойын көңілді
Бірге қарсы алайық.

Мыстан: Өй, сендерде ақындарда бар екен ғой.

Айару: Кенжебекті енді жібересіз бе?

Мыстан: Жібермеймін, (ойланып тұрып) қане ұлдарыңның күшін сынып
көрейінші(белінен арқан шешіп береді)

Ұлттық ойындар . «Арқан тартыс» (Звёздочки тобы)

Мыстан: Қандай күшті балалар. Бірақ мен Кенжебекті жібере алмаймын, менің
қарным ашты,көңіл-күйім жоқ, жібере алмаймын. Болмааса тағыда жаттау айтып
беріңдер.

Ернар: Наурыз көктем,наурыз жыр.
Ана мейір,шуақ,нұр.
Жан иесін жаңартқан,
Аққан бұлақ,нәзік сыр.

Р.Аяла: Наурыз келді сән құрып,
Жасарып,жаңғырып.
Құлпырды жер мен көк,
Мейірім таң күліп.

А.Аяла: Науырызбен құттықтап,
Алыс жақын қауышты.
Көктемдегі жарқын сәт,
Көңілдерге ауысты.

Жанару: Наурыз тойым, наурыз тойым,
Құтты болсын халайық.
Кәне достар, кәне достар,
Шырқап әнге салайық.

(Қыздар жиналып ақылдасады)

Жаннұр: Апа, мынау ұялы телефон, мұнымен барлық жермен сөйлесе
аласың, өлең тыңдайсың, ойын ойнайсың, суретке түсесің.

Мыстан: Қане, әкел бері көрейін.

Мыстан телефонды алып бұрышқа қарай барғанда қыздар Кенжебекті алып
шығып кетеді.

Мыстан: Әй, әй тоқтаңдар..

- Алло, Таусоғар, Желаяқ ұстандар аналарды! Мыстан өзі де шығып кетеді.

Айару: Балалар мінекей әрқашанда жамандық жасаған адамдар өзі ұсталып
қалады көрдіңдерме барлығымыз бірігіп Кенжебегімізді де шығарып алдық,
барлықтарыңда көп жақсылық жасауға тырысыңдар. Балалар бүгінгі мейрамға
бізге бата беруге арнайы Қызыр атамыз
да келіпті. Келіңіз, ата төрлетіңіз.

Қызыр ата батасын береді.

Азамат боп ержетіндер,
Ақылды болып ержетіндер
Азамат болыңдар көрікті,
Ғұмырың болсын берікті
Азамат болыңдар ардақты
Мінездерің болсын салмақты
Өнер болыңдар жан – жақты
Осы айтқанның бәрі қабыл болып
Алла берсін сендерге зор баққты! Аумин.

Жаннұр: Жылдың басы наурыз,,
Жердің басы наурыз.
Мерекеге арналсын,
Бүгінгі жыр-әніміз.-дей келе бүлдрішіндермздің тақпақтарына
берейік.

Кәусар Наурыз тойым,
Наурыз тойым.
Құтты болсын халайық.

Мұхаммед Жылдың басы наурыз,
Жердің басы наурыз.

Әдемі Күлімдеген көктемге,
Шағын шашқан наурыз.

Раяна Мерекеге арналсын,
Бүгінгі жыр-әніміз.

Нұрай Бүгін күн мен түн теңелді.

Айару: Жер шуаққа көгерді.
Аңсап жүрсең осы күнді,
Ашып таста есігіңді.
Болайықшы кешрімді,
Ән тербетсін бесігіңді.

Ән: «Қош келдің әз наурыз»

Жаннұр: Наурыз шаттық әніміз,
Салтанатты сәніміз.
Ән салып көңіл көтеріп,
Би билейік бәріміз дей келе бүлдіршіндеріміздің биіне кезек
берейік.

Би: «Өзбек халық биі»

(Раяна, Кәусар, Әдемі, Нұрай, Раяна, Айеркем)

Айару: Наурыз құтты болсын!
Дендеріміз сау, мықты болсын!
Наурыз тойы келе берсін!
Барлық халық бақытты болсын,
Қош ,сау болыңыздар, халайық!
Көріскенші күн жарық болсын!

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«15» «10» 2024 ж

Ертеңгілік
«Қош келдің Алтын күз»
Ересек «Звёздочка» тобы

Тәрбиеші: А.Жұмабай

Сарыағаш қаласы.
2024-2025ж

Арайлы алтын күз!

Жүргізуші: Қарсы алайық бәріміз
Жасымыз бен кәріміз
Қырдан кепті қыдырып
Алтын күз бізге нұр төгіп

Армысыздар ата-аналар,қәдірлі қонақтар! «Арайлы алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! «Звёздочка» тобының балаларын қары алыңыздар.

Жүргізуші: Қызыл, жасыл,сары алтындай
Жапырақтар күздің көркі
Ән салайық, би билейік
Күздің әніне қосыла-деп сіздердің құрметтеріңізге «Күз келгенде» әнін тыңдаңыздар.

Ән: «Күз келгенде»

Жүргізуші: Көк майсалы көрікті
Алқаптағы көп егін
Бұл күндері киіпті
Сары жібек көйлегін-бұл не балалар?
Күз мезгілі

Жарайсындар балалар!ендеше күз мезгіліне арналған өлең шумақтарымызды тыңдайық.

Т.Кәусәр

А.Кәусәр

Жетті желмен алтын күз

Күзім-ау,күзім-ау

Жеміс жинау салтымыз

Мінезің бұзық-ау

Жиып-теріп болған соң

Жаңбырың сіркіреп

Той жасайды халқымыз

Келгенің қызық-ау

Кездескен соң күзімен

Гүл жайнаған даланың

Бұтағынан үзүлген

Жапырағы солыпты

Ай жапырақ-сары алтын

Таңырқадым, қарадым

Айналаның бәрі алтын

Танымастай болыпты

Нұрболат

Айару

Алақай, алақай

Сары теңге жапырақ

Шаттанды балақай

Бояғанба көл бетін

Күз түсті, дән пісті

Тоңазыпты топырақ

Айтамыз алғысты

Ызғарлы екен желде тым

Жүргізуші: Теңіздей тербетіле көл бетіне

Бишілер билеп кетті тербетіле

Аққудай қалықтаған теңіздегі

Бишілеріміз өнерлерін көрсетуде

Улдарымыз бен қыздарымыздың биін тамашалаңыздар.

Би: «Күзгі блюз»

Жүргізуші: Қандай керемет!

Әсем әуен салдырған

Сәбилерде алғыр жан

Звёздочкатың ұл-қыздары

Ән айтады жаңадан-деп, келесі кезекті әнге берейік.

Ән: «Осень к нам пришла»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар!

Ерте,ерте,ертеде
Бау-бақшасы көп өлкеде
Көкеністер жиналып

Үлкен айтыс құрыпты
Көкеністер туралы өлең шумақтарына кезек береміз.

Ерсайын

Менде бір сөз айтайын
Мақтанайын сіздерге
Менсіз борщ болмайды
Винегрет те үстелде

К.Әлинұр

Мен ұялшақ картоппын
Мен емеспін мақтанар
Мені жақсы көреді
Үлкендер мен балалар

Алихан

Мақтанғаннан не пайда
Менсіз дәмді щи қайда
Мені қосса самсаға
Бәрі жейді тамсана

Нұрай

Өсем бақша-бауыңда
Қатты ұқсаймын қауынға
Жемек болып шикідей
Күлкі болма қауымға.

Жүргізуші: Бәрекелді, керемет!

Ал енді біздің биші қыздарымыздың биін тамашалайық.

Би: Бұлттар.

Жүргізуші: Жарайсыңдар!

-Ал балалар, балалар

Енді бері қараңдар.

Бізге қонақ келмекші

Сендерді бір көрмекші
Әуелі жұмбақ жасырам
Қулығымды асырам
Таба алсаңдар шешімін

Қонағымды дәл ортаға шақырам.

Жұмбақ: Жиып-теріп болатын
Қамбаға астық толатын
Қызыл қырман ойнайтын

Қай мезгіл деп ойлайсың?

Күз мезгілі

-Дұрыс,күз мезгілі. Ал күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

Балалардың жауаптары:

-Күзде жапырақтар сарғайып жерге түседі,күн салқындайды,құстар жылы жаққа ұшып кетеді,жаңбыр жауады,көкеністер мен жемістер піседі.

Жүргізуші: Өте жақсы. Ендеше, уәде еткенімдей ортаға қонағымыз-

« Күз аруын » шақырайық!

Музыкамен күз аруы кіреді.

Алтын күз: Сәлеметсіңдерме, балалар!

Сәлеметсіздерме,қонақтар!

Мен- Алтын күзбін !

Жайдары ,жарқын жүзбін.

Қонаққа келдім сендерге.

Жүргізуші: Иә, Алтын күз қош келдің біздің мерекемізге,жол жүріп шаршаған боларсың,мында отырып біздің балалардың бігінгі мерекеге дайындаған өнерлерін қабыл алыңыз.

Алтын күз,біздің балалар көкеністер туралы тақпақтар айтып қана қоймай
,адам ағзасына пайдалы дәрумен,жемістер туралы тақпақтар
Да біледі.Кәне,ендеше жемістер туралы тақпақтарға кезек берейік.

Арслан

Өрікпін мен өрікпін

Бау-бақшаға көрікпін

Баптап мені күткен сон

Талды бойлап өріппін

Ердаулет

Өзім шебер жүзіммін

Толып пісіп үзілдім

Ақбөпе

Шиемін мен шиемін

Піскенше тон киемін

Бала келсе піскенде

Басымды мен иемін

Аяна

Тіл үйірген алмұртпын

Таңсығымын бар жұрттың

Бақшасында бағбанның

Моншақ болып тізілдім

Мейрамбек

Апорт деген алма бар

Жер жаратын атағы

Ондай алма қайда бар

Алматы оның отаны

Жақсы өсіре алмайды

Қараса егер салғырт кім

Айша

Пісетін кезі дәл күзде

Мезгілсіз оны сен үзбе

Аузынан кетпес бал дәмі

Оның аты шабдалы

Алтын күз: Рахмет,рахмет қандай өнерлі,қандай білімді балалар өзі.

Жүргізуші: Ал, енді балалар алтын күзге билеп берейікші.

Би: Лада

Алтын күз: Жарайсыңдар, балалар қандай керемет. Сенд ердің өнерлеріңе менде қызығып кеттім ғой. Менде сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр. Бізге көмекке аналар керек. Екі қатардан екі бала анасымен шығады.

Ойын: Көкеністер мен жемістен ойыншық жасайды.

Алтын күз; Рахмет аналар, рахмет балалар!

Жүргізуші: Алтын күз, біздің қыздарымыз аналары тіккен күздік киім үлгілерін көрсетпекші. Солай ғой, қыздар? Ендеше « Алтын күз » топтамасын ортаға шақырамыз! Қарсы алыңыздар!

Сән үлгілері:

Неткен сұлу, қандай әдемі- ендеше осы қыздарымызды марапаттау үшін ортаға « Радуга » бала-бақшамыздың менгерушісі У.О.Серибаеваны ортаға шақырамыз.

Алтын күз: Керемет! Қандай әдемі!

Балақайлар, бүгінгі сендердің өнерлеріңе тәнті болып отырмын, сендерге алғысым шексіз, әкелген сиығымды қабыл алғайсыңдар. Менің басқа бақшаға баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін, сау болып тұрыңдар! Келесі кездескенше!

Жүргізуші: Балалар алтын күзге рахмет айтайық! Келесі кездескенше

аманшылық болсын.

Балалар: Сау болыңыз алтын күз.

Жүргізуші: Ал, келген қонақтарымызға сау болыңыздар дей отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«16» «10» 2024 ж

Ертеңгілік

Алтын күз!

Ортаңғы «Улыбки» тобы

Тәрбиеші: М.Жулдасбекова

Сарыағаш қаласы.
2024-2025ж

Мақсаты: Алтын күз мерекесін өткізу. Күз туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.

Жүргізуші: Қуандырып біздерді

Мереке келді, күз келді

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін ел енді.

Құрметті қонақтар, балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекеліде, мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Ендеше «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз. «Улыбки» ортаңғы тобының бүлдіршіндерін қарсы алайық. (залға кіреді)

Жүргізуші: Жапырақтар сап-сары

Қонып жатыр жерге кеп

Қызықтап бау-бақшаны

Шаттанады бал-бөбек-деп балаларымыздың әніне кезек берейік.

Ән: Кап-кап.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Ия балалар табиғаттың бізге берер байлығы мен берекесін сыйлайтын сары Алтын күзіміз тағы келді. Олай болса ортамызға Күз ханшайымын шақырайық. Күз ханшайымы келіңіз, Күз ханшайымы неге келмей жатыр екен? (әуенмен қасқыр ортаға келеді)

Қасқыр: Бұл жерде не болып жатыр?

Жүргізуші: Алтын күз мерекесі болып жатыр. Біз күз ханшайымын күтіп отырмыз.

Қасқыр: Мен күз ханшайымның жолын бөгедім, егер балалар менің көңлімді көтеретін болса мен жолын ашамын.

Жүргізуші: Қойыңыз қасеке сіз ашуланбаңыз біздің балалар өнерлі. Оданда балалармен бірге би билеңіз.

Би: Чук-Ча-Ча. (Аян, Аңсар, Бақдәулет, Жандәулет, Арнұр, Нұрболхан)

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Қасеке сіздің ашуыңыз басылды ма?

Қасқыр: Ия көңіл күйім көтерілді, бірақ менің қарным ашып тұр.

Жүргізуші: Онда бізде жеміс жидек бар. Саған алма берейін.

Қасқыр: Рахмет, туууф мына алманың құрты бар ғой?

(Тосын сәт алма көрінісі)

Жүргізуші:Қасеке енді бізге Күз ханшайымын шақырып бер.

Қасқыр: Жарайлы ендеше мен Күз ханшайымын шақырайын.

Күз ханшайымы: Сәлеметсіңдерме балалар!Сәлеметсіздерме қонақтар!

Уа халайық,дархан далам армысың

Табиғатым жаны жайсаң тал мүсін

Ханшайымы күздің міне келіп тұр

Алмақ болып бар халқымның алғысын.

Мен сендерге сонау алыстан «Улыбки» тобына арнайы келдім. Мен өзімнің биші қызарыммен би дайындап келдім.

Би:Себет биі.(Айлин,Аяна,Әмина,Айкөркем,Айым,Ақбота)

Жүргізуші:Жарайсыңдар! Ендеше қасқырдың балаларға дайындаған ойыны бар екен.

Қасқыр: Ия қазір күз мезгілі болғандықтан жеміс-жидектер пісіп тұр. Сондықтан жемістерді себетке теру ойыны.

Ойын:Жемістерді теру.

Жүргізуші: Біздің балаларымыздың осы орайда дайындаған жемістер биі бар екен.

Би:Жемістер биі.(Ахмедияр,Мұхаммед,Құдайберген,Нұргелді,Адихан)

Ендеше біздің қыздарымыздың аналарының көмегімен жасаған күздік сән үлгісіне кезек берейік.Қарсы алыңыздар!

Сән үлгісі


Жүргізуші:Ендеше осы сән үлгісі бойынша номинациялауды балабақшамыздың меңгерушісі Муталиева Асем Ержігітқызын ортаға шақырамыз.

Күх ханшайымы;Жарайсыңдар балалар! Өте өнерлі,тәртіпті екенсіңдер!Сол үшін мен сендерге сыйлығымды берейін.

Жүргізуші: Осымен «Улыбки» тобының «Алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды.Күзге айтарымыз ,берер сыйы жылдан жылға көп болсын.Елімізде тыныштық,береке болсын! Сау болығыздар!

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«29» «08» 2024 ж

Білім күні
Кіші «Капельки» тобы

Тәрбиеші: Г.Кошикбаева

Сарыағаш қаласы.

2024-2025ж

1 қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты іс-шара

Топ: «Капельки»

Мақсаты:

- 1 қыркүйек – Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіндіру;
- Бүлдіршіндерге Білім күні мерекесінің мән-мағынасын ұғындыру;
- Сахналық мәдениетін қалыптастыру; Мерекелік көңіл-күй сыйлау.

«Әнұран» орындалады.

Шырылдаған тыным алмай,
Қоңыраудың үні қандай?!

Мақсатына жете ме адам

Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы

Ғалымдықта асқаралы

Бар білімнің нұр бастауы —

Балабақшадан басталады.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, құрметті ата — аналар, балалар, барша қонақтар!
Бүгін — 1 қыркүйек – Білім күні. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Жүргізуші: Бүгінгі білім күні мерекесімен құттықтау құрметі ЖШС «Радуга»
бөбекжай балабақша меңгерушісі У.О.Серибаеваға ұсынылады

Құттықтау сөз

Жүргізуші: Білім бастауы – балабақшада. Ендеше бүгінгі мерекеде тағы бір
әнімізді балабақшамызға арнайық!

Ән: **«Мен әдепті баламын»**

Тәрбиеші: Енді біздің балалардың білім алудың маңызына байланысты
тақпақтарын тыңдап көріңіздер.

Білім керек бәріне

Мұхиттарды жалғасам
Тандандырап бар еллі

Ғажап үйлер сала алсам

Жасартатын әжемді.
Дәрі де ойлап таба алсам....
Сырлары көп ғылымның
Шешілмеген әлі де
Тереңдігі білімнің
Керек екен бәріне!

Оқу, білім, тәрбие

Ой-санама екенің

Балабақшам – айтар әнім

Сан рет қайталадым

Балабақша – анамыз

Оқып білім аламыз

Өнерпаз боп өсетін

Біз – балдырған баламыз!

Өсті міне бойымыз,

Өсті міне ойымыз.

Қуанышқа ортақпыз

Құтты болсын мерекеміз!

Жаңа оқу жылы, төрлет

Дүбірлі думан басталсын.

Жүректерді ән тербеп

Шапалақ ұрсын асқақ шың.

Білім менің ертеңім

Өсу үшін өркенім

Жүзем оқу айдында

Жайып білім жепкенім

Қиындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге.

Білім – менің ертеңім

Өсу үшін өркенім

Жүзем оқу — айдында

Жайып білім желкенін

Қиындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге!

Би: «Ленталармен»

Көңілді музыкамен Жалқаубек келеді.

Жалқаубек: О, мұнда балалар көп екен! Жақсы болды! Неге сонша сықиып киініп алғансыңдар?

Балалар: Бүгін – білім күні ғой! Үлкен мереке! Біз енді ойынды азайтамыз, көбірек оқитын боламыз.

Жалқаубек: Солай деңдер?! Ал көп оқып миды ашытып керегі не? Балалар, мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр, мына сөмкемнің ішіндегі оқу құралдары мен ойыншықтары араласып кетіпті, соны ажыратуға көмектесесіңдер ме?

Ойын: Кім жылдам?

Шарты: Оқу құралдарын бөлек, ойыншықтарды бөлек жинау,

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Өнерлерің өрге жүзсін! Бүлдіршіндеріміздің өнер, білім үйреткен, сүйікті балабақшаға арнаған кезекті бір әніне кезек берейік.

Ән: «Бақытты балалық»

Жүргізуші: Жаңа оқу жылын қоңыраудың сыңғырымен бастау – жылдар бойы жалғасын тауып келе жатқан қалыптасқан дәстүр. Ендеше биылғы 2024-2025 оқу жылының қоңырауын қағуды кішкентай бүлдіршініміз..... ұсынамыз!

Алғашқы қоңырау соғу салтанаты.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«29» «08» 2024 ж

Білім күні
Ортаңғы «Улыбки» тобы

Тәрбиеші: М.Жулдасбекова

Сарыағаш қаласы.
2024-2025ж

Білім күні - мереке

Топ: «Улыбки»

Балабақша ауласы 1-Қыркүйек-Білім күніне сай безендіріледі. Жеңіл музыка ырғағымен әр топтың балалары екі қатармен келіп, орындарына тұрады. Жүргізуші баларды мерекемен құттықтайды.

Қастерлемес даңқын кім,

Қадірлемес салтын кім?

Әнұраны елімнің,

Үні,Тілі халқымның!

(Әнұран орындалады)

Жүргізуші:

Сәлем, достар, балалар!

Жаңа білім күніңмен!

Білім-күні мереке,

Ән салсам да әдемі.

Туған тілім-береке,

Сөз арнасам кәделі!

Хор: «Жас дәуірдің түлегі». (Сөзі: Е.Өтетілеуов, әні: И.Нүсіпбаев).

Тәрбиші:

Жаңа киім үстінде,

Мақтанғаным да келеді.

Білім тойы үстінде

Шаттанғым да келеді, -деп біздің «Радуга» балабақшасының балалары мерекеге орай әдемі киініп келген екен, енді сіздерге арнап тақпақтар айтып береді.

Ахмедияр:

Ән салайық, келіндер,

Жайнап гүлдей жүріндер.

Білім күнін тойлайық,

Би билейік, ойнайық.

Би: «Аққу»

Айлин:

Ұстаздар- ұлттың тірегі,
Ұстаздар- білім жүрегі.
Ұрпаққа жетер ұстазбен,
Халықтың ұлы тілегі.

Құдайберген:

Кітап-білім кеніші,
Білім- елдің өрісі.
Татар дәмді тәтті етер
Ащы еңбектің жемісі.

Айша:

Қуандырып біздерді
Мерекелі күз келді,
Кел, жемісті алтын күз,
Кемелденсін халқымыз.

Ән: «Достық»

Тәрбиші:

Шалдықпадым ,талмадым,
Арманды алға жалғадым.
Конститутция-Қорғаным.

Атасы ол бар Заңның,- деп сіздерді 30-тамыз-Конституция күнімен құттықтай отырып, Балалардың өнерін тамашалауға шақырамынз.

Ақбота:

Әрқашан дос біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Достық жырын біліндер,
Ту қылып ұстап бірлікті,
Еңбекті сүйіндер.

Айлин:

Сүйемін туған тілді ана тілім,
Бесікте жатқаныида-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутым сол,
Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Тәрбиеші:

Мереке ел мерейлі,
Мерейлі күн көбейді.
Шаңыраққа құт болып,
Керегеміз кеңейді.
Ән: Күз мерекесі»

Жандаулет:

Ән салыңдар күліңдер,
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Келіңдер күз тойын тойлайық
Би билейік, ойнайық.

Аян:

Алтын, сары, қызыл, көк.
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп.
Көз тартады атырап.
Ойын: «Жапырақтарды кім тез жинайды.»

Жүргізуші:

Ал бірінші қыркүйек,
Күнсің ғой сен ең тәуір.
Өйткені ол мереке,
Бірінші күн ерекше.
Мерекелеріңіз құтты болсын. Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын!-деп,
мерекелік шағын ойын-сауығымызды «*Әрқашан күн сөнбесін*» әнімен аяқтаймыз.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«25» «12» 2024ж

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Төрлет-төрлет Жаңа жыл!»

Тәрбиеші: С.Бозорбаева

Тобы: «Звёздочки» ересек топ

Сарыағаш қаласы.
2024-2025ж

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар және балалар! Сіздерді жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Сәбилеріміздің күлкісі сіздерді қуанта берсін.
«Звёздочки» тобының жаңа жылдық мерекемізді ашуға рұқсат етіңіздер.
«Звёздочки» тобының бүлдіршіндерін шақырамыз.

Жаңа жылды қарсы алып

Жасаймыз той жылда біз,

Жарқын-жырқын ән салып

Жалғасады жырға-жыр!-деп балаларымыздың әніне кезек берейік.

Ән: « Белые снежинки »

Жүргізуші: Жаңа жыл келді

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын жаңа жыл

Құттықтаймыз сіздерді-деп, келесі кезекті балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік.

Айша

Билеймізде ойнаймыз

Балғын ұл-қыздар

Жаңа жылдай жайнаймыз

Жарқын жұлдыздар.

Адина

Армысыздар халайық

Бармысыздар халайық

Жаңа жылды жұп жазбай

Бірге қарсы алайық.

Айару

Келді тағы жаңа жыл

Қуантумен біздерді

Құтты болсын қуаныш

Құттықтаймыз сіздерді

Ардана

Жаңа жылмен, жаңа жылмен

Құттықтаймыз әрине

Әкемізді, анамызды

Қонақтардың бәрінде.

Азамат

Жасыл шырша орманнан

Бізге арнайы келіпті

Ойыншығын балалар

Шыршаға әкеп іліпті.

Мейрамбек

Аппақ қарға малынып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып.

Алихан

Қалып едік сағынып

Күтіп алдық жабылып

Жолын қойдық жарық қып

Шыршаларға шам іліп.

Жүргізуші: Келіңдер жас ұландар

Ертегімді тыңдаңдар

Ертегімде сан қилы

Қызық,қызық сырлар бар

Соныменен балалар

Жаңа жылға арналған

Ертегіні көріңдер

Шын бағасын беріңдер.

Қараңдаршы балалар, айналаға. Сондай әдемі, өздерінде әдемі болып кетіпсіңдер. Мынау не? Жамылғы ғой балалар. Бұл жай жамылғы емес екен, жарқыраған, әдемі жұлдызды жамылғы.

- Сендер білесіңдерме, бұл кімнің жамылғысы ?
- Иә, бұл ертегі елінің ханшайымы Шахерезаданың жамылғысы.

Балалар мен жаңа айтып өттім. Бұл жай ғана жамылғы емес, жаңа жылда не тілесек, тілегімізді орындайтын жамылғы екен. Ендеше жамылғының сыйқырлы жұлдызшасын ұстап, сыйқырлы сөзді айтайық, не болар екен?

Балалар: Ертегі, ертегі

Таңырқат біздерді.

Музыкамен Шахерезада кіреді.

Шахерезада: Менің атым Шахерезада, Шығыс елінен келдім, мен ертегі айтқанды жақсы көремін.

Жүргізуші: Шахерезада біз жамылғыңызды тауып алдық.

Шахерезада: -Рахмет, менің сиқырлы жамылғымды тауып бергендеріңе. Мұндағы әрбір жұлдыз ертегіге айналады. Жұлдызшаны қолымызға алсақ, ертегілер елінен бірақ шығамыз.

Жүргізуші: Балалар Шахерезада жұлдызшаны қолына алды, сиқырлы сөзді айтуымыз керек.

Балалар: Ертегі, ертегі

Таңырқат біздерді.

Музыкамен Алладин кілемшемен, қолында шамы бар келеді.

Алладин: Сәлеметсіңдерме балалар, мұнда не болып жатыр? Сендердің дауыстарыңды естіп, мұнда келдім. Келе жатып, мына шамды тауып алдым, ішінде не бар екен? Өзі көздің жауын алады. Қолындағы шамды тербете бастайды, шам тербеле бастайды. Қорқып шамды есік жаққа лақтырады.

Дыбыспен жын шығады.

Жын: У-ух-хо-хо-ха

Алладин: Шегініп, сен кімсің?

Жын: Мен сенің құлыңмын тақсырым, не бұйырасың? Тез арада орындаймын. Тасқа айналдыр десең, тасқа айналдырамын. Қатырып таста десең, қатырамын.

Алладин: Міне керемет! Мен жаман істермен айналыспаймын. Мен Шығыстың әдемі қыздарының арасында болғанды қалаймын. Тезірек орында.

Жын: Әміріңізге құлдық, айналып үш рет шапалақтайды.

Би: Шығыс биі

Алладин: Рахмет жын, ертегі айтатын Шахерезада осыма?

Жын:Иа,бұл біздің Шахрезада.

Алладин: О,сұлу қыз жынды шамымен саған сиға беремін,ал.

Шахрезада:Рахмет Алладин.

Алладин:Мен силық бергенді, жақсылық жасағанды жақсы көремін.Күн батпай жатып,еліме оралайын,жақсы сау болыңдар.

Жүргізуші: Міне тағы келіп тұр

Жаңа бір жыл балалар

Жадыратып жер үстін

Төрімізге ол шыққан-дей отыра балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік.

Раяна

Ауыл сырты баққа да

Тұрғызамыз аққала.

Аққаланы айналып

Би билейміз шаттана!

Т.Кәусар

Аспан жерге төгеді

Ақ күмісін уыстап

Жаңа жылда келеді

Бізге қарап жылыстап.

Нұрай

Тауда туып,тауда өскен

Шырша келді ортаға

Қандай жақсы шыршамыз

Би билейік бәріміз.

Аяна

Тілеймін мен бар әлемге

Дос көп болсын жанашыр.

Ата-әже,әке-ана,

Құтты болсын жаңа жыл!

А.Кәусар

Жаңа жыл,жаңа жыл

Жаңалық ізде сен

Жаңа ән,жаңа жыр

Жазып бер бізге сен.

Ақбөпе

Жасыл шырша жанында

Көңілдіміз баршамыз

Ән салуға,би билеуге

Әрқашанда әзірміз.

Жын:Әмір беріңіз Ханымым.

Шахрезада: Жын Аяз атаны мерекеге тезірек келуіне көмектесші.

Жын: Өміріңізге құлдық, айналып үш рет шапалақтайды.

Аяз ата: Сәлеметсіңдерме қыздарым, ұлдарым. Мен сендердің мерекелеріңе асығып ұзақ жүрдім.

Құтты болсын балалар

Келген жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер

Еркелер ұл-қыздарым

Өткен жылы келіп ем

Бәріңді де көріп ем

Жыл өткізіп келем деп

Уәдемді де беріп ем

Ойларың мен бойларыңда

Бірдей өсіп қалдыңдарма?

Ал мен кіммін айтыңдаршы

Мені тани алдыңдарма?

Балалар: Иа, Аяз ата.

Ақшақар: Сәлеметсіңдерме балалар

Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды

Ақшақармын арайлы

Жалт-жұлт еткен жүзімнен

Күміс сәуле тарайды

Ақшақармын, аппақпын

Қалай тыныш жатпақпын

Менсіз қыстың сәні жоқ

Әнмін, жырмын, тақпақпын.

Жүргізуші: Аяз ата біздің балалар өте ақылды, білімді, сізге арналған тақпақтары, өлеңдері, билері бар. Балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз.

Жүргізуші: Бақша іші мереке

Ойын күлкі, асқақ ән

Жақсы әпкелер жаңа кеп

Мерекені бастаған-дей отыра балаларымыздың әнін қабыл алыңыздар

Ән: Шыршаға бардық.

Шахрезада: Балалар сендерге көп рахмет, сендер өте ақылды екенсіңдер. Біз басқа да балабақшадағы балалардың өнерлерін көрейік. Қош сау болыңдар!

Жүргізуші: Ау жараңдар, ал қараңдар

Жауып тұр қар себелеп

Көкке толды, жерге қонды

Сансыз аппақ көбелек-дей отыра, балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік.

Шапағат

Аяз атам, ақ атам

Асқақтата ән айтам

Құт қуаныш әкеліп

Құтты болсын ақ батаң.

Ердаулет

Аппақ тонға оранып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып.

Ерсайын

Көрлінбе аяз атаны

Нұрболат

Ақ сақалды ақ ата

Ақ таяқты ақ ата

Асып өтіп таулардан

Жеттің бізге таң ата.

Арслан

Келеді аяз атамыз

Қасында ақшақары бар

Қызыққа әбден батамыз

Қарсы аламыз баршамыз.

К. Алинұр

Көрікті бөрікті

Аппақ екен шапаны

Аппақ екен мұрты да

Аппақ екен сақалы.

Аяз ата келіпті

Беріп жатыр таратып

Бізге әкелген сыйлықты.

Жүргізуші: Жүзімізге күлкі ойнап

Қанаттанды жанымыз

Жаңа жылды біз тойлап

Би билейміз бәріміз-дей отырып кезекті биге берейік.

Би: Рок н ролл.

Жүргізуші: Ақ сақалды ата жылына

Бірақ рет келіп кетеді

Қызы мен ұлына

Сыйлық алып келеді.

Ол кім балалар?

Балалар: Аяз ата

Жүргізуші: Балалар, қараңдаршы біздің шыршамыз өте әдемі болып тұр. Бірақ шамдары әлі жанбапты, Аяз атадан көмек сұрайықшы, шыршамыздың шамдарын жақсын.

Аяз ата: 1, 2, 3. Шыршаға бер күш.

Жүргізуші: Аяз ата менің балаларым сізге арнап « аяз ата » биін билеп бермекші. Қарсы алыңыздар.

Би: Аяз ата

Аяз ата: Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарыңда ақылды, білімді, өнерлі екенсіңдер. Біздің сыйлықтарымызға риза болыңдар.

Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерлерін тамашалайық. Ал, балаларым сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош сау болыңдар.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар осымен біздің мерекеміз аяқталды. Келгендеріңізге көп рахмет! Жаңа жыл құтты болсын.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«25» «12» 2024ж

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Төрлет-төрлет Жаңа жыл!»

Тәрбиеші: С.Бозарбаева

Тобы: «Капельки» кіші топ

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бақыт шаттық жыл әкелсін арайлы.

Құрметті қонақтар, сіздерді жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын.
Ендеше біздің кішкентай «Капельки» тобын қарсы алыңыздар!

Балалар әуенмен шығады

Қоян: Ля-ля-ля. Ой мұнда не болып жатыр, неткен керемет
шырша, балалар неткен әдемі

Жүргізуші: Мұнда жаңа жыл мерекесі болып жатыр. Кел сенде бізбен
бірге би билеп, ән салып көңіл көтер. Сен жолда Аяз атаны
көрдіңбе, қазір бізге қонаққа келе жатыр. Балалар тыңдаңдаршы бұл
қандай дыбыс?

Аяз ата, Ақшақар (әуенмен кіріп келеді)

Аяз ата: Амансыңдарма ұлдарым

Аппақ ару қыздарым

Мен сендерге әкелген

Құтты болсын жылдарың.

Ақшақар: Аман есенсіңдерме менің балғын достарым! Бізге әзірлеген
билерің өнерлерің болса Аяз ата дорбасында бәріңе жететін силық бар.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер Аяз ата, Ақшақар!

Ендеше балалардың өнерін тамашалаңыздар!

Ән: Жаңа жыл

Тосын сәт (Сайқымазақ)

Ойын

Жүргізуші:Ендеше Капелькиіміздің биін тамашалаңыздар!

Аяз ата: Жарайсыңдар,бәрекелді өнерлі балаларым. Ендеше мен сендерге сыйлық берейін.

Жүргізуші:Осымен Капельки тобының Төрлет Жаңа жыл атты ертеңгілігіміз аяқталды,көріп тамашалағандарыңызға рақмет.

Ендігі сөз кезегімізді балабақшамыздың меңгерушісі У.О.Серибаеваға сөз кезегін береміз.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«25» «12» 2024ж

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Қош келдің Жаңа жыл!»

Тәрбиеші: М.Нурова

Тобы: «Улыбки» ортаңғы топ

Сарыағаш қаласы .
2024-2025ж

Қош келдің,Жаңа жыл

Жүргізуші: Бүгін сізге Жырдан алқа тағайын

Шат күлкіге толы болсын маңайың

Көргендерде көрмегенде арманда

Жаңа жылың құтты болсын ағайын!

Құрметті балалар,ата аналар,қонақтар! Жаңа жыл мерекесіне арналған «Қош келдің Жаңа жыл» атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер! Олай болса «Улыбки» тобының бүлдіршіндерін қарсы алайық!(балалар әуенмен ішке кіреді)

Жүргізуші: Ендеше балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік:

Айкөркем

Әмина

Дала нұр,қала нұр

Жаңа жылды біз тойлап

Құтты болсын жаңа жыл!

Шаттанамыз бәріміз.

Аян

Айша

Тамаша,тамаша!

Жаңа жылым мол болсын!

Шыршамыз тұр жараса.

Басқан қадам оң болсын!

Нартай

Айлин

Далада қар борайды,

Аяз ата келіп тұр

Ақ мамыққа орайды.

Бізге сәлем беріп тұр

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Олай болса жаңа жылға арналған әнімізді қабыл алыңыздар!

Ән: Жаңа жылды қарсы алайық.

Жүргізуші: Біздің жаңа жыл кешімізге Аяз ата мен Ақшақар жетіспей тұр. Ендеше шақырайық.(ортаға қарақшы кіріп келеді)

Қарақшы:Мұнда не болып жатыр? Мыналар неғылған балалаар? Мен демалатын жер іздеп жүрмін? Көп күннен бері дұрыс ұйықтай алмай жүрмін? Маған кедергі жасайды.....

Жүргізуші:Құрметті қарақшы ! Сен бұл жерде демала алмайсың ,бұл жерде жаңа жыл мерекесі болып жатыр

Қарақшы: Қайдағы Жаңа жыл? Ха-ха-ха Мен осында шыршаның түбінде ұйықтаймын.

Жүргізуші: Жарайды ендеше біз саған ән айтып берейік, сен ұйықтай бер.

Қарақшы: Жарайды солай болсын!

Жүргізуші: Ендеше әнге кезек берейік.

Ән: Шырша

Жүргізуші: Қарақшымыз ұйқыға кетті. Әнімізді шырқадық, енді биімізді билейік.

Би: Дженгл Бенс(Айкөркем-Аян, Айым-Аңсар, Ақбота-Құдайберген, Айша-Нұрболхан)

Қарақшы: Мен ұйқыдан тұрдым. Енді жақсы болып қалдым. Көңіл күйім көтерілді. Енді мына балалармен ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Ендеше Аяз ата мен Ақшақарды тағы да шақырайық.

Сиқыршы: Сәлеметсіңдерме балалар! Мен сиқыршымын. Бұл жерге арнайы келдім. Мен жаңа жылды қатты жақсы көремін.

Жүргізуші: Керемет Сиқыршы! Жаңа жыл құтты болсын!

Сиқыршы: Сендермен бірге жаңа жылды бірге өткізсем болама?

Балалар: Ия

Сиқыршы(сиқыр көрсетеді)

Жүргізуші: Қандай керемет! Көңіл күйіміз көтеріліп қалды. Ендеше балаларымыздың биіне кезек берейік.

Би: Мұңайма(Нартай, Амина, Бақдәулет, Жандәулет, Мұхаммед)

Тосын сәт

Жүргізуші: Ал ендеше құрметті қонақтарымызжы Аяз ата мен Ақшақарымызды бірге шақырайық.

Аяз ата: Амансыңба ,ұлдарым!

Амансыңба қыздарым.

Қандай жарқын жүздерің

Қандай әсем жырларың!

АқшақарСәлеметсіңдерме балалар! Қандай әдемісіңдер! Жаңа жылдарың құтты болсын!

Жүргізуші: Қош келдіңіз Аяз ата Ақшақар! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!
Ендеше балаларымызды бііне кезек берейік

Би: Қармен би.


Ақшақар:Керемет балалар! Билерің де әдемі,өздеріңде әдемісіңдер! Олай болса сендерге алып келген силығымызды үлесейік.

Силық беру.

Жүргізуші: Бүгінгі «Қош келдің жаңа джыл» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз.
Барлығыңызға жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жыл жақсы жаңалығымен келсін!
Сау болыңыздар!

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«21» «05» 2025ж

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Қош бол сүйікті балабақшам»

Тәрбиеші: С.Бозорбаева

Тобы: «Звёздочки» ересек топ

Сарыағаш қаласы.
2024-2025ж

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, балабақша қызметкерлері, балалар, бүгінгі біздің мерекеміз ерекше болмақ, себебі бүгін бірнеше жыл мәпелеп өсірген, тәрбиеленген бүлдіршіндерімізді ұямыздан ұшырып, мектепке шығарып салғалы отырмыз. Әрине, бұлда үлкен той, тойларыңыз құтты болсын!

« Қош бол сүйікті балабақшам » атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Олай болса « Радуга » бөбекжай балабақшасының , Ересек «Звёздочки» тобының бүлдіршіндерін ортаға шақырамыз.

Жүргізуші: Қандай ғажап күн бүгін

Күміс күлкі жан-жағың

Күлімдеген бар бала

Ән айтады шаттана-деп, балаларымыздың әніне кезек берейік.

Ән: Балабақшам арайлым.

Тосын сәт: « Әліппе »

Сәлеметсіздерме, балалар, мен сендердің достарыңмын, менің атым

« әліппе », мектепте сендердің достарың боламын. Мен сендердің мектепке дайын екендеріңді білу үшін бірнеше тапсырмалар алып келдім.

Бірінші тапсырмам: жұмбақ жасырамын, шешуін тауып көріңдерші.

Тілі бар да, үні жоқ,

Сөйлеп тұрар ішінен

Көзбен шалсам бір рет

Не дегенін түсінем. (кітап)

Ортасында ішегі бар

Жіп-жіңішке денесі бар. (қарындаш)

Әліппе: Жарайсыңдар, тамаша жауап бердіңдер. Енді мен сендерге бір жұмбақ есеп жасырайын, шешуін кім табар екен?

Мұз айдында 4 бала

Асыр сап жүр сырғанап

Сырғанамай 1 бала

Жағалауда тұр қарап

Енді осы барлық баланың

Санын айтсаңыздар жарадыңдар.(5)

Тағы бір жұмбақ: сен,мен, және бізбен бірге Асылай бар.Сонда біз нешеуміз?(үшеу)

Әліппе:Жарайсыңдар балалар.Сендер мектепке баруға дайын екенсіңдер.Мен сендерді сынап көрмекшімін.

А әріпін көрсетіп дауысты ма,дауыссыз ба деп сұрау?

А әріпінен келетін сөздер айту.

С әріпін көрсетіп дауысты ма,дауыссыз ба деп сұрау?

С әріпінен келетін сөздер айту.

Ж әріпін көрсетіп дауысты ма,дауыссыз ба деп сұрау?

Ж әріпінен келетін сөздер айту.

Жүргізуші:Тамаша әдемі жауап бердіңіздер.Әліппе менің балаларым әдемі,ақылды,тәртіпті,жан-жақты балалар.

Әліппе:Балалар сендер өте білімді,өнерлі балалар екенсіңдер,әрқашанда тәртіпті,үлкен азамат ,азаматша болып өсе берулеріңізге шын жүректен тілектеспін.

Мен сендердің келешек достарыңмен таныстырып өтейін,енді соларды ортаға шақырайық.(математика,күнделік,дәптер)

Әліппе

Ардана

Менің атым әліппе

Жазулы менде әр күнің

Мені анаңдай дәріпте

Бар мінезің, тәртібің

Мені оқып ер жеткен

Дос болайық жарқыным

Бауыржан да,Мәлікте

Жолдасымсың жарқыным

Нұрай

Ақбөпе

Біздің келер шамамыз

Ел құрметтеп бағалар

Бестен үшті аламыз

Досың бар ол тазалық

Төртті бөліп екіге

Кел дәптерге балалар

Жауабын тез табамыз

Тап-таза етіп жазалық

Жүргізуші: Тамаша, керемет балалар.

Берекеде осында

Мерекеде осында

Болып жатыр куаныш

Шәкірттермен қосыла-деп, келесі кезекті биге береміз.

Би: Флешмоб

Әліппе: Күшті билейді екенсіңдер балалар. Өнерлерің өрлей берсін. Ал балалар мен сендермен бір ойын ойнасам. Танымдық ойын. (Азамат, Аяна, Ақбөпе)

Ойынның шарты: Ата-аналар есеп айтады, балалар көрсетіп орындайды.

Мысалы: $3+2=$ дегендей

Жүргізуші: Берілген есептерді өте жоғары деңгейде орындадыңдар.

Тосын сәт: « Буратино »

Сәлеметсіздерме балалар! Мұнда не тойлап жатырсыздар? Балалар әдемі киімдерін киіп алған, мына жерде әдемі болып безендірілген.

Жүргізуші: Сәлеметсіңбе Буратино біз мұнда балабақшамен қоштасу кешімізді тойлап жатырмыз. «Звёздочки» тобындағы балаларымызды мектепке шығарып салып жатырмыз. Өзің мұнда не жүрсің?

Буратино: Мен осы жерден өтіп бара жатқан едім. Балалардың дауыстарын естіп осы жерге келіп қалдым. Қандай той тойлап жатыр екен деп қызығып, тап болып қалдым. Менің сұлу қыздармен би билегім келіп тұр, бірге би билеп берсем болама?

Би: Барби.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, әдемі биледіңіздер. Келесі кезекті әнге береміз.

Ән: Біз мектепке барамыз.

Буратино: Керемет, әдемі орындау.

Осындай көтеріңкі көңіл-күймен мен ата-аналармен бірге бір ойын ойнасам.

Ата-аналар сіздер қалай қарайсыздар?

Ойын:

Ойын шарты: Ата-аналар балаларының қолын ұстап, сипап сезу арқылы тану.

Жүргізуші: Жақсылыққа құмармыз

Жақсы адам болып шығамыз

Таза саби жүректен

Қабылдаңыз мың алғыс!-деп балалардың таза көңілмен қимас жандарға арналған алғыстарыңды айтатын кез келді.

Азамат

Мейрамбек

Гүлдендірген бақшаны

Тәтті тағам пісірген

Меңгеруші апай жақсы адам

Айран-сүтін ішкізген

Сондықтан да біз үшін

Айгүл апайға

Артықсыз сіз басқадан

Бізден сізге мың алғыс.

Абу

Аяна

Денсаулыққа болаттай

Жазу жазып үйреткен

Ауруларды жолатпай

Өріптерді оқытқан

Күнде болған әбдігер

Санамақты жаттатып

Қамқоршымыз дәрігер

Жақсы болсақ қуанған

Қате болсақ кешірген

Айтамыз біз мың алғыс.

Арслан

Мирас

Бөбегім деп аянбай

Бұзықтық етсек кешірген

Сүйген өз ұл-қызындай

Мәпелеген біздерді

Аялаған анамдай

Оразкүл апайға мың алғыс.

Алинұр

Әрқашан өзі тынбайтын

Мейірлене қарайтын

Алия апайға

Мың алғыс

Ердаулет

Сіздердейін жан барда

Күлімдейміз шаттана

Шығып биік заңғарға

Сафура апайға мың алғыс.

Жүргізуші: Жаңа өмір басталсын

Үміт сенім ақталсын

Алғашқы бүлдіршін вальсі

Көңілде мәңгі сақталсын-демекші қоштасу вальсі.

Би: Вальс

Жүргізуші: Әр сөзінің түйінін

Жақсылыққа тірейтін

Қадап айтып ақылын

Көпке бақыт тілейтін-деп « Радуга » балабақшасының меңгерушісі
У.О.Серибаева сөз береміз.(марапаттау)

Жүргізуші: Осымен «Звёздочки » тобының балабақшамен қоштасу ертеңгілігі
аяқталды.Бүлдіршіндерімізге сәт-сапар.

Ата-аналарға сөз кезегін береміз.

Ұмытпаймыз сөзіңізді

Ұмытпаймыз өзіңізді

Айнұр Рахымбекқызына

Шын алғыс.

Нұрболат

Сіздер біздің айымыз

Сіздер барда әрдайым

Болар біздің жайымыз

Гүлжанат апайға мың алғыс.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министiрлiгi
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:
ЖШС «Радуга»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«15» «10» 2025ж

Алтын күз - әсем айналам!

Тәрбиеші: Б.Батыркулова

Тобы: «Звёздочки»

Сарыағаш қаласы
2025-2026ж

Алтын күз - әсем айналам

Жүргізуші: Қарсы алайық бәріміз
Жасымыз бен кәріміз
Қырдан кепті қыдырып
Алтын күз бізге нұр төгіп

Армысыздар, ұстаздар мен ата-аналар. Алтын куз әсем айналам атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Ендеше «Звёздочки» тобын қарсы алайық.

Жүргізуші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр
«Көк майсалы көрікті
Алқаптағы көп егін
Бұл күндері киіпті
Сары жібек көйлегін»
Бұл не екен балалар «Күз мезгілі» Ендеше күз мезгіліне арналған өлең шумақтарын тындайық. Ортада Раяна, Нартай, Айым, Айтөре, Ерасыл

Раяна

Қамба толды астыққа
Алғыс саған алтын күз
Бір уыс дән шаштықта
Қап-қап қауын алдық

Айым

Мен шиемін, шиемін
Күннің көзін сүйемін
Қышқыл шырын кімде бар
Төмен басты иемін

Ерасыл

Сап-сары маңай
Сап-сары тоғай
Соңғы әнін айтып
Құс кетті қайтып

Нартай

Апорт деген алма бар
Алматы оның отаны
Ондай алма қайда бар
Жер жаратын атағы

Айтөре

Дождик капает с утра
Скоро холод, холода
А пока краса стоит
Осень золота блесит

Мұхаммедәли

Жеті желмен алтын күз
Жеміс жинау салтымыз
Жиып теріп болған соң
Той жасайды халқымыз

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар,

Соңғы шуақ төгіліп, Жалқынданып тұр аймақ

Ақ сәулеге шомылып, Жапырақтар жүр ойнап.

Қонақтар біздің балалар заманауи, трендтен қалмаймыз дейді. Қарсы алыңыздар ортада заманауи тренд би. (Айару, Асылым, Айлин, Айкөркем, Мөлдір, Адина)

Жүргізуші: Нағыз сары алтындай сары күз қыркүйек айы. Ол еңбек айы. Күз маусымының екінші айы Қазан. Бұл ай мереке басы. Өйткені дихандар сабантай жасайды. Күздің соңғы айы қараша. Күздің нағыз сәні келетін кезі. Ендеше қонақтар «Күз келгенде» әнін тыңдап алайық.

Жүргізуші: Алтын күзім келдің бе

Жемиңді бердің бе

Қызыл алмам қолымда

Балғын жүзім жемісте

Қане балалардың тақпақтарын тыңдап алайық. Ортада

«Шахитдин, Бағдаулет, Фатима, Айкөркем, Айжұлдыз, Қосыбай Айлин»

Шахитдин

Жапырақты тасалап

Өскен жері бақша бақ

Қызыл күрең шіркін ай

Оның аты Құлпынай

Фатима

Жапырақ ұшты

Суық та түсті

Сонда да бізге

Қызық көп бізге

Айжұлдыз

Алтын күзім келдің бе

Жемісінді бердің бе

Қызыл алмам қолымда

Бағдаулет

Пісіп тұрған алмамын

Тамсандырап бал дәмім

Жерге сілкіп түсірме

Ісіп кетер маңдайым

Айкөркем

Беркесін сыйлауға

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді

Айлин

Келді міне алтын күз

Айнала сары түс

Керемет тамаша

Балғын жүзім жемісте

Қандай әсем алтын күз

Жүргізуші: Күз ханшайым әсемсің

Жеміс толы себетсің

Жерге бердің ырысты

Халыққа бердің тынысты - деп кімді кімді шақырамыз «Күз ханшайымын» шақырамыз.

Күз ханшайымы

«Сәлем балалар. Мен Күз ханшайымымын.

Қолымда алма, алмұрт, жүзім

Сендерге әкелдім мол ырысым,

Күзбен бірге келемін

Сары көйлек киемін.

Жүргізуші: Сәлем Күз ханшайымы. Қош келдіңіз. Біздің балалар сізге өнерін паш етеді бүгін. Звёздочки тобының орындауында «Осень гости к нам пришла» әнін тыңдап алайық.

Жүргізуші: Қарашы күз келді, күз келді

Жапырақ жауыпты іздерді.

Құс біткен керуен тізеді ,

Қара бұлт қабағын түйеді. Ортада Звёздочки тобы «Осенний вальс»

«Шахитдин+Каусар» «Фатима+Айтөре» «Адина+Мұхаммедали»

«Аян+Айкөркем»

Жүргізуші : Күз ханшайымы біздің балалар білімді, тәрбиелі. Білім теңіз, Мектеп кеме дейміз. білім мен тәрбие егіз неге дейміз – дей отыра тақпақтарын тыңдауға «Каусар, Айару, Асылым, Адина, Аян, Ақбота»

Каусар

Көк майсалы көррікті

Алқаптағы көп егін

Бұл күндері киіпті

Қызыл жібек көйлегін

Адина

Алақай, алақай

Шаттанды балақай

Күз түсті дән пісті

Айтамыз алғысты

Айару

Ходить осень

В нашем парке

Дарить осень

Всем подарки

Асылым

Күзде дала жаурайды

Көкте бұлттар аунайды

Бұтағынан үзіліп

Жапырақтар саулайды

Жүргізуші: Қане қане қараңыз

Сахнаға би келеді

Қыздарымыз сән беріп

Жүректерді тербейді.Ортада би

«Каусар+Ерасыл» «Раяна+Айтөре» «Айжұлдыз+Бағдаулет» «Айым+Нартай»

Жүргізуші: Тамаша балалар өнерлерің өрге жүзе берсін.Күз ханшайымы сендерге ойын ойнатамын дейді.Ойнаймыз ба балалар.

Ойыннан кейін ән орындалады.

Жүргізуші : Күздің көркін келтіріп

Сәнді киім кигендер

Қошеметпен қарсы алайық

Күз аруын күткендер..... Қыздардың сән үлгілерін көрейік.

Жүргізуші: Жеңістермен жеңілістен тұратын

Өмір күрес жеткіземе мұратын

Жеңбедім деп,жеңілдім деп ренжімегін

Қатысу да бір жеңіс жан болсаң сен ұғатын.

Қош демейміз әлі талай сайыстар бар.

Өнерлерің өрлей берсін қайыспандар

Аян

Көрініп еліме

Күндері мереке

Келді ғой жеріме

Күз дейтін мереке

Мөлдір

Сап сары маңай

Сап сары тоғай

Соңғы әнін айтып

Құс кетті қайтып

Ойлы орта кеңейсін күннен күнге

өскен елдің жұртынан қалыспаңдар.....-дей отыра бүгінгі мерекеміз
аяқталды.Қуанышты күндерде кездескенше дей келе меңгерушіміз

У.О.Серибаеваға сөз кезегін берейік.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева
«19» «01» 2026ж

АШЫҚ ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті

Тақырыбы: «Қысқы серуен».

Ортаңғы «Улыбки» тобы

Тәрбиеші: М.Кенжеханова

2025 -2026ж

Мерзімі: 20. 01. 2026ж

Тақырыбы: «Аңдар бізде қонақта»

Мақсаты: Балалардың жабайы аңдар туралы түсінігін кеңейту. Балаларға жаттығудың адам денсаулығына пайдасы мен шипасы туралы түсіндіре отырып іс жүзінде көрсету. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Қозғаушы Ынталандырушы	Сәлемдесу Арайлап бүгін таң атты, Шашаып бізге шапағын. Қуанышты бүгін күн, Қайырлы таң ататын. Әнұранды орындау Шаттық шеңбері Күлімде, күн күлімде, Болсын барлық бала шат, Берекелі бүгіндей, Жарқын болсын болашақ -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -иә, дұрыс айтасындар қыс мезгілі. Қыс мезгілі 3 айдан тұрады. Қыс, көктем, жаз және күз. Қазір қыстың екінші айы қаңтар. Қыс мезгілінде күн суық болады. Қар жауады. Біз қардан аққала жасаймыз. Балалар қараңдаршы, бізге бүгін көптеген қонақтар келіп қалыпты, бізде бүгін қандай әдемі болып тұрмыз. Тосын сәт: «түлкі мен қоян, аю» Амандасады. Біз сендермен бірге, жаттығу жасап	Сәлемдесті Әнұранды орындады

Ізденіс Ұйымдастырушы	үйренейік деп келдік. Аю, ай түлкішек жаттығуды қалай жасайтынымызды көрсетемізбе? Ендеше допты қолға алып оңға солға қарай иілтеміз. Қоян: Бізде құр қол келген жоқпыз. Сендерге тапсырмалар ала келдік. Ойын: доғаның астынан еңбектеу. Қимылды ойын: Түлкінің қулығы. Денені шынықтыру ойындарын ойнау керемет балалар. Бұл салауатты өмір сүрудің негізі, міне осылай бізге келіп тұрыңдар, бізде әркез көңілді, денеміз шыныққан, әр-кез татумыз. Сендерге ұйымдастырылған оқу қызметіміз қызықты Түлкі мен қоянға не үйреттік? Қандай ойындар ойнадық? Жарайсыңдар балалар. Бұл оқу қызметімізде денсаулыққа спорттың пайдасы зор екенін, аңдар арасындағы достықты түсіндік. Келген қонақтарға көп рахмет.	Балалар мұқият тыңдады Сұрақтарға жауап берді
--	--	---

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«16» «10» 2025ж

Берекелі Алтын күз

Тәрбиеші: Г.Асқаровна

Тобы: «Солнышко»

Сарыағаш қаласы
2025-2026ж

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме! Құрметті қонақтар, ата-аналар, балабақша ұжымы. Бүгін міне « Солнышко » тобының « Берекелі Алтын күз » атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! (әуенмен залғат балалар келеді)

Кездескен соң күзімен

Бұтағынан үзілген

Ай жапырақ , сары алтын

Айналаның бәрі алтын.

Қуандырып біздерді

Берекелі күз келді

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз !- деп кезекті балаларымыздың биіне берейік.

Би: Қырманға кел, қалқатай.

Жүргізуші: Рахмет, балалар!

Тосын сәт: Алтын күз.

Сәлем менің достарым

Өмірге көп қосқаным

Күз силығын алыңдар

Силығына қаныңдар

Молшылыққа кенеліп

Шаттық әнге салыңдар.

Армысыздар , құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер!

Жүргізуші: Алтын күз біздің балалар мерекеге арнап , өз өнерлерін дайындап келіпті. Кел бізбен бірге тамашала! Балаларымыздың әдемі әні бар екен.

Ән: Кап-кап, тук-тук-тук.

Жүргізуші: Рахмет,балалар!

Күз де келді , күз келді

Күндерін жаз үзді енді

Күз де келді , күз келді

Көкте бұлттар жүзді енді-деп қыздарымыздың биіне кезек берейік.

Би: Тамшылар

Алтын күз:

Шоғы толған гүлдей жайнап

Шақырады жарқын күз

Сайраңдаған күліп-ойнап,

Келді міне Алтын күз!-деп ойын ойнап жіберейік.

Ойын: Жаңбыр суы.

Ойын шарты: Екі ата-ана шығу керек. Алдарыңызда тұрған үлкен ыдыстағы жаңбыр суын қасықпен мына ыдыстарға төкпей, жылдам құю керек. Кімнің суы көп, сол жеңімпаз болады.

Жүргізуші:

Алтын сары, қызыл, көк

Алуан-алуан жапырақ

Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартады атырап.

О, алақай, тамаша!

Шашу шашты жапырақ

Бақтың іші алаша

Аунар ма еді жата қап- деп келесі кезекті биімізге береміз.

Би: Шегірткелер.

Алтын күз: Балалар өнерлерің көп екен.Риза болып отырмын. Менің де қайтатын кезім болды. Аман-есен болыңдар. Еңбек етіп, ойнап-күліп , шырқап әнге салыңдар.Менің сендерге әкелген сиығым бар.(Жемістерді балаларға таратады.)

Сау болыңдар балалар !

Жүргізуші: Құрметті қонақтар , ата-аналар , балабақша ұжымы , міне осымен біздің « Берекелі Алтын күз » атты мерекеміз аяқталды. Бүлдіршіндерге арналған жылы тілектеріңіз болса,ортаға шығып сөз сөйлеулеріңізге рұқсат!

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«28» «08» 2025ж

Білім күні

Тәрбиеші: Б.Батыркулова

Тобы: «Звёздочки»

Сарыағаш қаласы
2025-2026ж

МДМ-де оқыту-тәрбиелеу жұмысы бір сәтке де толастамағынның өзінде де, мектеп жасына дейінгі балалар 1 қыркүйекте әдемі киініп, гүл ұстаған оқушыларға қарап, тезірек өсіп мектепке баруды армандайды. МДМ педагогтарының алдын ала жүргізетін жұмыстары болашақта мектептегі оқуға жақсы түрткі береді. «Білім күніне» арналған шара осы әдістердің бірінің ролін атқарады. Біздің балабақшада да 1 қыркүйекте мерекелік шаралар өткізу дәстүрге айналды. Мерекеде ересек топ балаларына Карлсон қонаққа келді. Сондай-ақ балаларға ептілік пен тапқырлықта сайысуға мүмкіндік туды. Балалар ән айтып, би биледі. Мереке өте тамаша өтті. Ересек топта «Біз бақытты балалар». сценарийін дайындаған кезде келесі мақсат және міндеттер қойылды...:

Мақсаты: Балаларға Білім күні-мерекесінің қоғамда алатын орнын көрсету; Мерекелік көңіл-күй орнату; балалардың мектеп туралы түсініктерін кеңейту; мектеп оқу құралдарымен таныстыру;

Міндеттері:

Білімділік: Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. .

Елімізде тек қана бейбітшілік, тыныштық үшін, әр адам оған атсалысу керектігін түсіндіру. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету

Дамытушылық: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, әндерді нақышына келтіріп айтуға үйрету.

Балалардың бойында ұлтық мақтаныш, өз ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін қалптастру.

Тәрбиелік: Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу.

Алдын ала жұмыс: Білім күні тақырыбына арналған әңгіме өткізу, оның маңыздылығын балаларға жеткізу. Отан туралы, білім туралы- тақпақтар, мақал-мәтелдер, өлеңдер, жаттау, суреттер қарау, музыкалық ойындар, сайыстар өткізу. Өз еліне, жеріне, достарына сүйіспеншілік қасиеттерін жеткізу жұмысын жасау.

Көрнекі құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер, оқу құралдары, ойыншықтар.

Білім күні

Жүргізуші: Балалар, сендерді қайта көргеніме өте қуаныштымын. Сендер күнге күйіп, бойларың өскен. Қараңдаршы, біздің балабақшада жаңадан келген балалар бар. Сендер жақсы дос боласыңдар деп ойлаймын. Қане, бір-бірімізге қол бұлғап «Сәлем» деп аманадасайық. Бүгін қандай мейрам екенін білесіңдер ме? Иә, Білім күні. Бұл күні балалар мектепке ағылады. Бұл күні балабақша да жаз мезгілінен соң өз балаларын қарсы алады. Ал сендер балабақшаны, мерекелерді сағындыңдар ма? Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтап, осы күнді есте қалатындай етіп өткізейік. Бұл күні жаңа оқу жылы басталады.

Осы жыл ең қызықты болсын және сендердің білімдерің толысып, жаңа нәрселерді танып білулеріңе тілектеспіз.

Ендеше бүгін Білім күні мерекесін сиқырлы пойызда атап өтеміз бе? Әр станцияда пойыз тоқтап сендер түрлі тапсырмаларды орындайсыңдар. Тапсырманы дұрыс орындасаңдар пойыз әрі қарай жүреді. Ал, дайынсыңдар ма? Ендеше кеттік! (Балалар пойызбен жүреді)

Бірінші станция «**Әндер**» деп аталады.

«Шар»

Жүрг: Жарайсыңдар, балалар! Әрі қарай кеттік.

Келесі станция «**Ойын**» деп аталады. Жүрг: Балабақшада мектептегі сияқты сабақтар бар. Балалар көп нәрсені үйренеді: санауды, ән салуды, достасуды. Қазір біз “**Ал мектепте...**” деген ойын ойнаймыз. Мен балабақшада балалардың не істейтінін айтамын, ал сендер мектепте не істейтіні туралы жауап бересіңдер.

Балалар хормен жауап береді:

— Балабақшада — тәрбиеші, ал мектепте кім? (Мұғалім)

— Балабақшада сендерді балалар дейді, ал мектепте ? (оқушылар)

МДМ-де оқыту-тәрбиелеу жұмысы бір сәтке де толастамағынның өзінде де, мектеп жасына дейінгі балалар 1қыркүйекте әдемі киініп, гүл ұстаған оқушыларға қарап,

тезірек өсіп мекепке баруды армандайды.МДМ педагогтарының алдын ала жүргізетін жұмыстары болашақта мектептегі оқуға жақсы түрткі береді. «Білім күніне» арналған шара осы әдістердің бірінің ролін атқарады. Біздің балабақшада да 1 қыркүйекте мерекелік шаралар өткізу дәстүрге айналды.Мерекеде ересек топ балаларына Карлсон қонаққа келді.Сондай-ақ балаларға ептілік пен тапқырлықта сайысуға мүмкіндік туды. Балалар ән айтып, би биледі.Мереке өте тамашаөтті.Ересек топта «Біз бақытты балалар».сценарийін дайындаған кезде келесі мақсат және міндеттер қойылды...:

Мақсаты: Балаларға Білім күні-мерекесінің қоғамда алатын орнын көрсету;
Мерекелік көңіл-күй орнату; балалардың мектеп туралы түсініктерін кеңейту;
мектеп оқу құралдарымен таныстыру;

Міндеттері:

Білімділік:Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. . Елімізде тек қана бейбітшілік, тыныштық үшін, әр адам оған атсалысу керектігін түсіндіру.Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету

Дамытушылық: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, әндерді нақышына келтіріп айтуға үйрету.

Балалардың бойында ұлтық мақтаныш, өз ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін қалптастру.

Тәрбиелік: Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу.

Алдын ала жұмыс:Білім күні тақырыбына арналған әңгіме өткізу, оның маңыздылығын балалара жеткізу. Отан туралы,білім туралы- тақпақтар, мақал-мәтелдер, өлендер, жаттау,суреттер қарау,музыкалық ойындар,сайыстар өткізу.Өз еліне, жеріне, достарына сүйіспеншілік қасиеттерін жеткізу жұмысын жасау.

Көрнекі құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері,суреттер, оқу құралдары, ойыншықтар.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ жауап,әңгімелеу.

Осы ойын-сауық педагогтар мен балаларды оқыту және тәрбиелеу үрдісінде одан әрі жемісті еңбек етулеріне, жаңа идеялар мен мүмкіндіктерді жүзеге асыруға құлшындыра түседі.

Орта топқа арналған «Біз бақытты балалар» ойын-сауық

Зал әдемі безендірілген . Көңілді әуенмен «Әрқашан күн сөнбесін» балалар залға кіреді.

«Достық шеңбері»

Біздің топта балалар

Тату - тәтті ойнайды.

Дос көңілі әрқашан

Тек жақсылық ойлайды

Жүргізуші:Бүгіннен бастап біз доспыз, арамыз ешқашан осы шеңбердей бұзылмасын.

Мемлекеттік әнұранды орындау.

Жүргізуші:Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі кездесуіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналған. 1-ші қыркүйек күні барлық балалбақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады.

Қоңырау соққан бала шығады.

Жүргізуші:Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Жүргізуші:Балалар, мен сендерге сұрақ қойғым келіп тұр.

«Отан» деген сөзді естігенде не ойларыңа келеді? Отан ол не?

Біз қандай мемлекетте тұрамыз? /ҚР картасы/ Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз

ҚР қандай қалаларын білесіңдер? Атап беріңдерші.

Қарағанды, Алматы, Астана.

Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? /Астана суреті/

Астана

Кім Астанаға барды? Астанада қандай керемет үйлер бар?

Астанада – Хан шатыр, Байтерек, Ақ орда.

Біздің президентіміз кім? /Н. Ә. Назарбаев портреті/

Нұрсұлтан Әбіш ұлы Назарбаев

ҚР рәміздерін кім біледі? /ҚР рәміздері/

ҚР туында не суреттелген? Ол нені білдіреді?

Елтаңбада не суреттелген?

Қазақстанда қандай ұлттар өмір сүреді?

ҚР халқы бір - бірімен қалай өмір сүріп жатыр.

Тату өмір сүреміз, өйткені біз бір Отанда

:

Елтаңбасы елімнің,

Неткен әйбат, әдемі!

Тұнығындай көңідің

Ортада аспан әлемі.

Аңсаған:

Көк аспандай көкпеңбек

Қазақстан жалауы

Көк емес ол тектен тек

Елдің ашық қабағы.

Мақал-мәтел

Отан оттан да ыстық.

Туған жерге ту тік.

Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.

Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.

Жүргізуші: Кәне, кім Отан, ел, халық туралы тақпақ жаттап келді?
Мұхаммед

Отанды біз атамекен деп аялап атаймыз.

Өйткені оны мекен еткен, бабамыз бен атамыз.

Жандаулет:

Отанды әркім анасындай, қастерлейді бағала

Өйткені Отан анасындай, бізді өсірер аялап.

Жүргізуші: Міне балалар біздер Елімізбен мақтанамыз. Бұл еркіндік оңайлықпен келген жоқ. Қазақ елі еркіндікке жету үшін қаншама қиын - қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар.
Қазақстан Тәуелсіз Республика болды.

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясы өтті. Сессияда Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясын «Бүкіл халықтық өкілдік!» деп атады. Көреген Ұлт Көшбасшысының ұлы мақсатын сессияның аты да әйгілеп тұр: «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр»!

Жүргізуші: Балалар, сендер көп нәрсені біліп, жақсы оқу үшін көп еңбектену қажет екенін білесіңдер. Халық айтқандай: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»: «Білім инемен құдық қазғандай».

Және балалық шақтан бастап еңбек етуге бейімделу керек.

Ал сендер білім турады қандай мақал мәтелдер білесіңдер?

Мақал- мәтел.

Білім басы- бейнет, соңы-зейнет.

Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт.

Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір.

Білім арзан, білу қымбат .

Күш- білімде, білім-кітапта.

Өлен «Менің сүйікті балабақшам».

Асылбек:

Сәлем саған балабақшам, алғыстарым көп менің.

Оқу, білім, тәрбие, ой санама еккенің.

Жансая:

Балабақшам – айтар әнім, сан рет қайталадым.

Өзіңнен алғанымды, өзіне қайтарамын.

Залға әдемі әуенмен Суретші келеді:

Түрлі - түсті қарындаш, тату - тәтті қарындас

Ақ қағаздың бетіне, түрлі өрнек салыпты

Көбелекті, гүлдерді, әсем қала, үйлерді

Түрлі түске бояпты.

Суретші: Сәлеметсіздер ме, балалар! Тойларың тойға ұлассын!

Балалар: Сәлематсыз ба! Рақмет.

Суретші:Жыл төрт мезгілге бөлінеді. Кім атап береді?Мен сендерге осы төрт жыл мезгілдерінде кездесетін ауа - райы құбылыстарын айтамын.Дұрыс болса - қол шапалақтаймыз.Бұрыс болса (қате)- аяқпен еден соғамыз

Жазда жиі жаңбыр жауады.

Қыста алма піседі.

Көктемде жеміс - жидек жинаймыз.

Қыста боран соғады.

Күзде суық жел соғады.

Жазда қарлы, аязды күндер жиі болады.

Қыстыгүні гүл жинаймыз.

Көктемде ағаштар бүршік атады

Суретші: - балалар, сендер түстер туралы не білесіңдер?

Балалар:Түстер суық, жылы,әр түрлі болады

Суретші:Қандай түстерді білесіңдер?

Балалар: Қызыл, сары, көк, ақ, күлгін, жасыл.

Суретші: - Керемет, ал сендер ойын ойнағыларың келе ме?

Балалар: - Иә.

Ойын: «Өз түсінді тап»

Шарты: Еденге төрт түсті гүлдер қойылады, сол түстер қарындаштар беріледі. Әуенмен билеп жүріп, әуен тоқтағанда өз түсіне сәйкес гүлдің тұсына тұрып үлгеру керек.

Суретші: - Балалар, сендер түстерді жақсы айыра алады екенсіңдер. Мен сендерге ризамын. Мен енді кетейін. Сіздерге сәт сапар!

Балалар: - Сау болыңыз!

Жүргізуші:

Қандай ғажап күн бүгін

Күміс күлкі жан - жағың

Көрдің бе дос, құрбыңның

Қолға портфель алғанын.

Карлсон кіреді.

Карлсон: Сәлеметсыңдер ме балалар! Мен Карлсон!

Карлсон:Бұл жерде не болып жатыр?

Жүргізуші: Біз Білім күні тойлап жатырмыз.

Карлсон:Ал сендер білесіндерме мен ойнауды өте жақсы көрем.

Жүргізуші:Біздің балаларда ойнауды жақсы көреді.

Карлсон:Ойын көңілді көтереді, бір-бірімізді татуластырады,достыққа бөлиды.
Бірінші эстафета «Үлкен доптармен»

Жүргізуші: Демалайық Карлсон, балалар өлең айтады

Өлен:«Біз көңілді балалар.»

Карлсон: Жақсы Балалар! Тағы да жарысайық.

Ойын. «Кім тез тунельге кіреді»

Карлсон: Жақсы балалар! Керемет!

Залға Жалқаубек келеді:

Жалқаубек: Балалар, сендер мені көрген жоқсыңдар. Мен апамнан тығылып жүрмін. Апам келсе, мені жоқ деп айтыңдар.

Жалқаубек балалардың артына тығылып қалады.

Жалқаубектің апасы келеді.

Апасы: Амансыңдар ма, балалар! Менің баламды көрген жоқсыңдар ма?

Іздеп жүріп тауып алады.

Апасы:Балам, тығылып неғып отырсың? Тұр кәне.

Жалқаубек: Ту - у. Қойшы апа.

Апасы: Балам мынауың не? Мынау менің орамалым ғой, ал мынау әкеңнің галустугі ғой. Мынау не, беліндегі? Балам, жүр мектепке апарайын.

Жалқаубек: Жоқ, бармаймын мектепке.

Апасы: Балалар, көмектесе көріңдер. Менің балам мектепке барғысы келмейді.

Жүргізуші: Жалқаубек, сен санау білесің бе?

Жалқаубек: - Иә, білем.

Жүргізуші: Тәрбиеші: Ал, ендеше тақтаға қарайық.

Тақтамен жұмыс.

Жалқаубек: - Ой, керемет, өздері менен кіші болса да құлшынып тұр ғой тегі. Өттең босқа уақытымды өткізіп алғаным ай - а?! Эх, ерінбей, жалқауланбай балабақшаға келсем ғой, мен де көп нәрсені үйреніп білмек екенмін.

Жүргізуші: Олай деп өкін бе, Жалқаубек, әлі де кеш емес, тек жалқаулықты тастасаң болды.

Балалар:

Білім жалғыз мектепте емес

Білім үйде, көшеде,

Білім сені аялаған

Өлпештеген шешеде - емес пе?

Жалқаубек: - Распа, онда келістік, балалардың алдында сөзімді бересің, бүгіннен бастап, жалқаулықты тастаймын, мектепке барамын.

Жүргізуші: Талабыңа нұр жаусын.

Ортаға қоңырау соғылады...

Жүргізуші:

Жаңа оқу жылы, кел, төрлет

Дүбірлі думан басталсын

Жүректерді ән тербеп

Шапалақ ұрсын асқар шың.

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



Бекітемін:
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева
«25» «12» 2025ж

Тақырыбы: «Құтты болсын, жаңа жыл!»

Тәрбиеші: С.Бозорбаева

Тобы: «Звёдоочки»

Жүргізуші: Сәлеметсіздерме құрметті қонақтар, балалар. Жаңа жыл құтты болсын. Жаңа жыл құт береке әкелсін. Балаларыңызбен бақытты болыңыздар

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа орап алды маңайды

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін.

Бәрімізге мына жыл арайлы.

Құтты ағайын жаңа жылың тағы да,

Қол соғып қарсы алайық

Шақырайық ортаға

Ертеңгілік басталсын

«Звёточки» тобында «балалар кіреді»

Балалардың орындауында ән «Шыршаға бардық»

Жүргізуші: Жарайсындар балалар дауыстарың сондай әдемі екен.

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз

Тақпақ айтып би билеп

Жаңа жылды бастайық. Балалардың тақпақтарын тыңдайық.

«Айжұлдыз, Айлин, Адина, Шахитдин, Айтөре, Сахиба, София»

Айжұлдыз

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын.

Айлин

Далада қар борайды

Ақ мамыққа орайды

Мұз болып қатады

Жып-жылтыр боп жатады.

Адина

Шахитдин

Бақша іші мереке

Қар жатыр аппақ

Ойын-күлкі асқақ ән

Ойнауға жақсы-ақ

Жақсы әпкелер жаңа кеп

Осындай шақта

Мерекені бастаған

Кім үйде жатпақ.

Айтөре

Көкті бұлт тұмшалап

Жер ақ тонын киеді

Шұнақ аяз шымшылап

Ақ бетіңнен сүйеді

Жүргізуші: Кел балақай шырша дайын

Қол ұстасып ән салайық

Жаңа жылдың жарқын айын

Әнмен бимен қарсы алайық-дей отыра құрметті қонақтар ортада жаңа жылдық би. «Твист

Жүргізуші: Не деген бишісіңдер, әншісіңдер осылай өнер көрсеткендерің үшін Аяз Атаны шақырып сыйлық алмадық па.... Қане бәріміз шақырайық бірге..... Аяз Ата, Аяз Ата, Аяз Ата

«Аю кіреді»

Аю: Здравствуйте ребята, С новым годом. Мен қысқы ұйқыда болатынмын. Қатты айғай-шу тасыр-тұсыр шошып ояндым, не болып қалды деп сұрап едім, бәрінің айтатындары бір сөз «Жаңа жыл кеп қалды, жаңа жыл» дейді. Машаны да осында болар деп іздеп келдім.

Жүргізуші: Мәссаған балалар бұл кім.

Иә «Маша мен аю» мультфилмін жақсы көресіңдер я. Бірақ біз Аяз атаны шақырдық қой аюды емес. Демек сендер дұрыстап шақырмаған болып тұрсыңдар ғой..... Келесіде әдемілеп шақырайық.

Жүргізуші: Аю, Аяз Ата келгенше сен біздің өнерімізді тамашала, Маша осында кеп қалар мүмкін.

Аю: Жарайды

Жүргізуші: Не ойласаң жаңа жыл

Орындалады бар арман

Жаңа жылды сондықтан

Күтеді барлық балалар. Балалардың тақпақтарын тыңдап алайық.

«Ерасыл, София, Сахиба, Мөлдір, Нартай, Аян»

Ерасыл

Тілеймін мен бар әлемге

Дос көп болсын жаңа жыл

Ата-әже, әке-шеше

Құтты болсын жаңа жыл

София

Келді тағы жаңа жыл

Қуантумен біздерді

Құтты болсын қуаныш

Құттықтаймыз сіздерді

Мөлдір

Оралдың өлкеме

Жаңа жыл армысың

Құтты болсын қуаныш

Асқар тау қарлы шың.

Сахиба

Келді тағы жаңа жыл

Қуантумен біздерді

Құтты болсын қуаныш

Құттықтаймыз сіздерді.

Нартай

Жаңа жылда бақшамыз

Гүлдей болып жайнасын

Аман болсын барлық бала

Шат шадыман ойнасын.

Аян

Бақша іші мереке

Ойын-күлкі асқақ ән

Жақсы әпкелер жаңа кеп

Мерекені бастаған

Жүргізуші: Жарайсындар балалар. Жаңа жыл, жаңа жыл

Сені күттім елеңдеп

Өзіңменен ілесіп

Аяз ата келер деп.Қарсы алыңыздар ортада

Павлин биі

Жүргізуші:Балалар аю сендермен ойын ойнағысы келген сияқты.ОЙЫН

Жүргізуші:Балалар, Аяз атаны шақырамызба,АЯЗ АТА,АЯЗ АТА,АЯЗ АТА

«Аяз ата кіріп келеді»

Аяз ата:Құтты болсын балалар

Келген Жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер

Еркелеп қыз,ұлдарым

Өткен жылы келіп ем

Бәріңді де көріп ем.

Ал мен кіммін айтыңдаршы

Мені тани алдыңдарма.....

Ақшақар: Сүйсіндірер маңайды

Ақшақармын арайлы

Жалт-жұлт еткен жүзімнен

Күміс сәуле тарайды

Ақшақармын аппақпын

Қалай тыныш жатпақпын

Менсіз қыстың сәні жоқ

Әнімін жырмын тақпақпын

Жүргізуші:Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты

Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты.Балалардың орындауында ән .

Жүргізуші:Шаттық нұр шаттық нұр

Дидарында шаттық нұр

Аяз ата ортада

Арқасында қапшық жүр. Аяз ат, Ақшақар балалардың тақпақтарын тыңдаңыздар.

Мұхаммедали

Жасыл желең жамылған

Асыл моншақ тағылған

Міне сұлу шыршамыз

Көптен күтіп сағынған.

Кәусар

Ойын ойнап міне біз

Қыз қызығын көреміз

Шанаға да мінеміз

Шаңғыны да тебеміз

Раяна

Жаңа жылда балалар

Тек қуаныш көріңдер

Айару

Аю, қасқыр, қоян, түлкі бәрі де

Ортада жүр би билеп

Ауырмандар ешқашан

Мықты болу өзіңнен

Балалар жүр мәз болып

Би билейді дөңгелеп.

Фатима

Жаңа жыл жаңа жыл

Жаңа жылға жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр

Айым

Аяз ата келіп тұр

Бізге сәлем беріп тұр

Қалтасында шоколад

Оны бізге беріп тұр

Аю: Қой, мен қайтайын Маша жоқ әлі барып іздейін. Басқа мерекелерде қаңғырып бірдеңе бүлдіріп жүрген шығар.

Жүргізуші: Тоқтаңыз аю мерекені аяқтап кет. Маша өзі-ақ тауып алар.

Жаңа жыл келді

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын жаңа жыл.Звёточки тобының орындауында би ПИЖАМА ПАТИ

Жүргізуші:Жарайсыңдар балалар,Аю да өз машасын тапты.Аяз ата сендерге сыйлық беремін деп отыр.Осынша би билеп ән салып сыйлық алмай кетсеңдер болмас.

Құрметті қонақтар балалар,ертеңгілігіміздің осындай керемет өтуіне ат салысып жүрген ата-аналар,әріптестер сіздерге мың алғыс.Көріп тамашалағандарыңызға мың алғыс.ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН.....

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы**



Бекітемін:
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«25» «12» 2025ж

Тақырыбы: «Құтты болсын, жаңа жыл!»

Тәрбиеші: Н.Тұрлыбек

Тобы: «Капельки»

Қош келдің, Жаңа жыл!

Жүргізуші:Құрметті ата-аналар, тәрбиешілер және сүйкімді балақайлар! Сіздерді жарқыраған, қуанышпен шаттыққа толы **Жаңа жыл** мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жыл-бұл ертегіге толы ерекше сәт. Бүгін біздің балабақшамызға да сол ертегінің бір бөлігіне айналды. Шыршамыз жайнап тұр, балаларымыз көңілді, ал көңіл-күйіміз көтеріңкі!

Ендеше біздің көңілді балаларымыз «Капельки» тобын қарсы алайық.

(әуенмен балалар ортаға шығады)

-Сәлеметсіңдер ме балалар! Бүгін қандай керемет күн! Қараңдаршы, шыршамыз қалай жарқырап тұр!

-Бүгін бізге қонақтар келеді. Тыңдап көрейік –біреу келе жатқан сияқты....

Қоян:

-Сәлем, балақайлар! Қандай әдемі шырша. Мен сендерге секіріп келдім, менімен бірге секіргілерің келеме?

Ойын: «**Қоянмен секір**»

Балалар қоянмен бірге секіреді:

-Бір секірдік, екі секірдік,

-Қар үстімен зыр жүгірдік!

Жүргізуші: Жарайсындар балалар, сендер өте жылдам, зерек екенсіңдер. Балалар қандай дыбыс шығып жатыр.....

(әуенмен қасқыр кіріп келеді)

Қасқыр:

Ууу! Сәлем балақайлар!

Қорықпаңдар, мен жаман қасқыр емеспін!

Жаңа жылда мен де жақсы болғым келеді, ормандағы барлық аңдар шыршаға келді диді. Мен де келдім! Бірақ ән айта алмаймын (жыламсырап айтады)

Жүргізуші: Қасқыр сен мұңайма балалармен қосылып ән айт, балалар қасқырмен

қосылып ән айтайық.

Қасқыр: -Рас па?Ендеше менде ән айтайын.

Ән: «Жаңа жыл»

Жүргізуші: Балалар біздің мерекемізге кімдер жетіспей тұр?Жаңа жылда бізге сыйлықты кім береді...(балалар хормен АЯЗ ата деп айтады)

Дұрыс айтасындар балалар ендеше барлығымыз бірге Аяз атаны шақырамыз.

Аяз ата:

-Асау желмен жарысып,

-Ақ боранмен шапқылап

-Таулы орман, бел асып,

-Сендерге мен жеттім,балалар!

Ақшақар:

-Сәлеметсіздерме,балақайлар!

-Мен – Ақшақармын,қардан жаралған,

Неткен керемет шырша,көңілді балақайлар.

Жаңа жыл-қуаныш пен үміттің,жарқын армандардың бастауы. Келе жатқан 2026 жыл баршаңызға бақыт,шаттық,мол табыс әкелсін.Жылқы жылы берекелі жыл болсын.

Жүргізуші:Қош келдіңіздер,алыс жолдан шаршаған боларсыздар келіп жайғасыңыздар,сіздерге балалар билеп өнерлерін көрсетеді.

Би: « Аққала»

Аяз ата:

Жарайсындар балалар өте керемет биледіңдер.Мен сендерге жаңа жылдық сыйлығымды алып келдім.Ақшақар қызыммен бірге табыстайын..

Жүргізуші:Балалар неткен керемет сыйлықтар Аяз атамызға алғыс білдіреміз.

Аяз ата:Ал балалар,Ақшақар екеуіміз жолға шығуымыз керек

Жаңа жылда аман-сау болыңдар,

-Үлкендерді тыңдап,әрқашан күлімдеп жүріңдер.

-Келесі жаңа жылда тағыда жолығайық!

Жаңа жыл құтты болсын,балалар!Сау болыңдар.

Жүргізуші:Құрметті қонақтар осымен мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды.Жаңа жыл құтты болсын,сау болыңыздар.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибасва
«12» «11» 2025ж

АШЫҚ ұйымдастырылған Іс-әрекеті

Тақырыбы: «Күз кереметі».

Ересек «Звёздочки» тобы

Тәрбиеші: Б.Батыркулова

2025 -2026ж

Білім беру дағдысы: Коммуникативтік

Бөлімі: Тіл дамыту

Тақырыбы: Күз кереметі.

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы сөйлем, әңгіме құрастырту. Күз мезгілі, адамдардың күзгі еңбегі

туралы әңгімелеуге үйрету. адамдар үшін жемістер мен көкөністердің маңызы туралы түсінік беру.
Балалардың сөздік қорларын дамыту. Жазуға қолдарын жаттықтыру.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, түсіндіру, ароматерапия.

Сөздік жұмыс: бау, бақша.

Көрнекіліктер: суреттер, слайдтар.

Сабақ барысы:

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті	Жағымды	Жағымсыз
Мотивациялық қозғаушы	“Шаттық шеңбері” Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек! Көңілді боп жүрейік! Жұмбақ жасыру.	Балалар шаттық шеңберінде тұрып, төмендегі әнді бәрі бірге қосылып айтады.		
Іздену-ұйымдастырушы кезеңі	1) Аспай піскен, қайнамай түскен. 2) Бақшадан жер қазып, Жиып алдым жез қазық. 3) Көк ала костюм киеді, Күннің көзін сүйеді. Сөздік жұмыс. Бақ-әртүрлі ағаш (алма ағаштар, өрік, алмұрт) өсірілетін жер. Бақша-көкөністер (қауын-қарбыз, қияр, т.б.) егілген жер. Д/о: «Дәміне қарай ажырат» Ойынның шарты: үстел үстіндегі көкөністер мен жемістердің бөліктерінен көзі байланған бала дәм татып, андай жеміс немесе көкөніс екенін табуы керек. Дәптермен жұмыс. а) 6-7 беттегі суреттер бойынша «Бақта» және «Бақшада» тақырыптарында әңгіме құрастыру. - Суретте күз мезгілі бейнеленгенін қалай білуге болады? - Бақта не өседі? - бұларды бір сөзбен қалай топтап айтуға болады? ә) Үзік сызықтармен берілген алма, алмұрт, шиені салу, оларды бояу. (6-бет) б) Д/о: «Жемістерді себетке жина» суретте бақта өсетін жеміс, көкөністердің және себеттің суреттері берілген. в) Дәптердің 7-бетіндегі (бұрыш, сәбіз, қызанақ) көкөністердің суреттерін үзік сызықтармен қосу және бояу. «Бірдей	Балалар жұмбақ шешеді. (Жеміс) (Сәбіз) (Қарбыз) Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды. Көзі байланған бала көкөністер мен жемістердің бөліктерінен дәм татып, андай жеміс немесе көкөніс екенін табады. Балалар әңгіме құрастырады. Сұрақтарға жауап береді. - Ағаштардың жапырақтары сарғайған. Адамдар көкөністер мен жемістерді жинап жүр.		

	шелекті штрихта» тапсырмасы. Сергіту сәті. Жайдары күз, жарқын күз, Аяулы күз, атын күз. Дөнге толы ен далам, Дариядай шалқып жүр.	шие, т.б. -Жемістер. Балалар себетке тек жемістердің суретін сызық арқылы себетке сызып көрсетеді. Балалар көкөністердің суреттерін үзік сызықтармен қосып, бояйды. Бірдей шелекті штрихтайды. Балалар қимылмен көрсетеді.		
Рефлексивті- коррекциялауш ы кезеңі	-Күздің қандай кереметін сездіңдер? -Күз мезгілінде қандай жеміс- жидектер піседі? -Суреттен жемістерді атаңдар. -Көкөністер қайда өседі? Сабақты қортындылау. Мадақтау. Тәрбиешінің бағалауы.	Балалар өз ойларын айтады. Сұрақтарға жауап береді. Бірін-бірі бағалау.		

Күтілген нәтиже:

Білуі керек: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы білді.

Игеруі керек: адамдардың күзгі еңбегі туралы әңгіме құрастырту игерді.

Меңгеруі: жемістер мен көкөністердің маңызы туралы түсінікті меңгерді.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«09» «02» 2026ж

АШЫҚ ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті

Тақырыбы: «Қысқы серуен».

Ортаңғы «Солнышко» тобы

Тәрбиеші: А.Жұмабай

2025 -2026ж

Мерзімі: 10. 02. 2026ж

Тақырыбы: «Қысқы серуен»

Мақсаты: Қыста далада уақытты көңілді өткізуге шанамен сырғанауға, қар лақтырып ойнауға, қардан кескіндер жасауға болатындығына балалардың назарын аудару. Қыстың белгілері туралы білімдерін пысықтау. Ойлауын, есте сақтау өабілетін, зейінін, шапшаңдығын, табиғаттың әсемділігін көре білу икемділігін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін, сезімдерін тәрбиелеу.

Билингвальды компонент: Аққала-снеговик

Шана-санки

Қар-снег

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Сәлемдесу Күннің көзі ашылсын Көкке шуақ шашылсын Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Ал қанеки бәріміз, Сәлемдесіп алайық Сәлеметсіздерме, апайлар Әнұранды орындау Шаттық шеңбері Күніміз ашық болсын Түніміз тыныш болсын Ауамыз таза болсын Суымыз мөлдір болсын Балалар қазір жылдың қай мезгілі Дұрыс Қазір қыс мезгілі Қыста ауа райы суық болады, қар жауады, балалар қармен ойнайды, далаға шығарда қалың киімдерімізді кимесек тоңып қаламыз. Балалар қыста қардан не жасауға болады, дұрыс аққала жасауға болады.	Сәлемдесті Әнұранды орындады

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігі

Түркістан облысы Сарыағаш қаласы

ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«28» «08» 2025ж

Білім күні

Тақырыбы: «1 қыркүйек-Білім күні»

Тәрбиеші: Г.Асқаровна

Тобы: «Солнышко»

Сарыағаш қаласы
2025-2026ж

1 қыркүйек - Білім күні.

Мақсаты:

1. бүлдіршіндерге Білім күні мерекесінің мән - мағынасын ұғындыру;
2. сахналық мәдениетін қалыптастыру;
3. мерекелік көңіл - күй сыйлау.

I. Ән «Күмбірле, қоңырау»

Каусар

Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай мәпелеп,
Өсірді бізді бақшамыз.
Бұл - екінші үйіміз,
Бір туғанбыз бәріміз.
Біз осы үйдің сәніміз,
Біз осы үйдің гүліміз.

Тәрбиеші:

Бүгін - 1 қыркүйек - білім күні. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Тәрбиеші: Биіктерге бастайтын асқаралы

Әр жүректің сүйікті, асқақ әні

Мерекеде бәріміз бір дауыспен

Шырқайық бақшамыздың әнұранын!

Балабақша әнұраны

Тәрбиеші: Білім бастауы - балабақшада. Ендеше бүгінгі мерекеде тағы бір
әнімізді балабақшамызға арнайық!

Ән «Бақытты баламыз»

Тәрбиеші: Енді біздің балалардың білім алудың маңызына
байланысты айтарларын тыңдап көріңіздер..

Айару

Білім керек бәріне!

Корабльді басқарып

Көк жүзіне самғасам

Тауды бұзып, тас жарып

Мұхиттарды жалғасам

Тандандыар бар елді

Ғажап үйлер сала алсам

Жасартатын әжемді

Дәрі де ойлап таба алсам....

Сырлары көп ғылымның

Шешілмеген әлі де

Тереңдігі білімнің
Керек екен бәріне!

Айлин

Білім - менің ертеңім
Өсу үшін өркенім
Жүзем оқу - айдында
Жайып **білім** желкенін
Қиындықтан өтуге
Армандарға жетуге
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге!

Тәрбиеші: Жарайсындар. Өнерлерің өрге жүзсін! Бүлдіршіндеріміздің өнер,
білім үйреткен, сүйікті балабақшаға арнаған кезекті бір
әніне кезек берейік.

Тәрбиеші: Жаңа оқу жылын қоңыраудың сыңғырымен бастау - жылдар бойы
жалғасын тауып келе жатқан қалыптасқан дәстүр.

Алғашқы қоңырау соғу салтанаты

Тәрбиеші: Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы

Ғалымдық та асқаралы

Бар **білім**нің нұр бастауы -

Балабақшадан басталады!


Бүгінгі мерекелік ертеңгілігіміз осымен тамам. Ден қойып тамашалағандарыңыз
үшін көп рахмет! Баршаңызды **балабақшамыздың** білім бағына шақырамыз!

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігі

Түркістан облысы Сарыағаш қаласы

ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«28» «08» 2025ж

Білім күні

Тақырыбы: «1 қыркүйек-Білім күні»

Тәрбиеші: Г.Бекмурзаева

Тобы: «Улыбки»

Сарыағаш қаласы
2025-2026ж

Білім күні

Жүргізуші: Балалар, сендерді қайта көргеніме өте қуаныштымын. Сендер күнге күйіп, бойларың өскен. Қараңдаршы, біздің балабақшада жаңадан келген балалар бар. Сендер жақсы дос боласыңдар деп ойлаймын. Қане, бір-бірімізге қол бұлап «Сәлем» деп аманадасайық. Бүгін қандай мейрам екенін білесіңдер ме? Иә, Білім күні. Бұл күні балалар мектепке ағылады. Бұл күні балабақша да жаз мезгілінен соң өз балаларын қарсы алады. Ал сендер балабақшаны, мерекелерді сағындыңдар ма? Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтап, осы күнді есте қалатындай етіп өткізейік. Бұл күні жаңа оқу жылы басталады.

Осы жыл ең қызықты болсын және сендердің білімдерің толысып, жаңа нәрселерді танып білулеріңе тілектеспіз.

Ендеше бүгін Білім күні мерекесін сиқырлы пойызда атап өтеміз бе? Әр станцияда пойыз тоқтап сендер түрлі тапсырмаларды орындайсыңдар. Тапсырманы дұрыс орындасаңдар пойыз әрі қарай жүреді. Ал, дайынсыңдар ма? Ендеше кеттік! (Балалар пойызбен жүреді)

Бірінші станция «**Әндер**» деп аталады.

«Шар»

Жүрг: Жарайсыңдар, балалар! Әрі қарай кеттік.

Келесі станция «**Ойын**» деп аталады. Жүрг: Балабақшада мектептегі сияқты сабақтар бар. Балалар көп нәрсені үйренеді: санауды, ән салуды, достасуды. Қазір біз “**Ал мектепте...**” деген ойын ойнаймыз. Мен балабақшада балалардың не істейтінін айтамын, ал сендер мектепте не істейтіні туралы жауап бересіңдер.

Балалар хормен жауап береді:

— Балабақшада — тәрбиеші, ал мектепте кім? (Мұғалім)

— Балабақшада сендерді балалар дейді, ал мектепте ? (оқушылар)

— Балабақшада — үстел, ал мектепте ? (парта)

— Балалабақшада — топтар, ал мектепте ? (сынып)

— Балалабақшада — оқу іс-әрекеті, ал мектепте ? (сабақ)

— Балалабақшада — меңгеруші, ал мектепте ? (директор)

— Балалабақшада сендер ойнайсыңдар, ал мектепте не істейді? (оқиды)

Келесі станция **«Жұмбақтар»** деп аталады.

«Көңілді алақандар» биі

Келесі станция **«Ертегілер»** деп аталады.

Дымбілмес: Саламатсыңдар ма, балалар! Менің сөмкемде ертегілер көп, бірақ олардың бәрі шатысып кетті.

(ойын «Адасқан ертегілер»).

Мақсаты: неше ертегі бар екенін табу.

Перейти

Келесі станция **«Орман»** деп аталады.

Жүрг: Біз орманға келдік. Самал жел соғып, ағаштар шулайды.

Жүрг: Қане, құстардың дыбысын тыңдайықшы.

Мыстан: Ал сендер кімсіңдер? Орманға не үшін келдіңдер?

Жүрг: Бізде бүгін мереке, саяхаттап жүрміз.

Мыстан: Қалайша, менсіз бе? Мені білмейді деп ойладыңдар ма? Менің мұрным бәрін сезеді. (түшкіреді). Не, менен қорықпайсыңдар ма? Дұрыс! Кім көңілді жүрсе, ол ештеңеден қорықпайды. Иә, бүгін менің көңіл-күйім тамаша болып тұр, тіпті билегім келіп тұр. Менімен билейсіңдер ме?

Жүрг: Балалар, қараңдаршы, Мыстан әжеміз әдемі киініп алыпты, өзі сондай мейірімді. Бізді биге шақырады. Билейміз бе?

Балалар: Иә!

Жүрг: Ендеше, балаларды биге шақырамын.

«Достық» биі

Мыстан: Жарайсыңдар!

Жүрг: Мыстан әже, орманда жақсы екен. Енді біздің балалар ойын ойнағысы келіп тұр.

Ойын «Мыстан әже».

Ойын шарты: 2 топ қатысады. Көрнекілігі: шелек, сыпырғыш.

Оң аяқты шелекке салып, сол қолға сыпырғыш ұстайды. Шелектің құлағынана ұстап белгіленген жерге дейін жүгіріп бару керек. Қайтып келіп заттарды келесі ойыншыға береді.

Біздер әрі қарай жүрейік.

Мыстан: Келгендеріңе рахмет! Ал менің тәттілерім қайда? Жоғалтып алдым ба? Міне екен ғой, ала қойыңдар балалар! Жолдарың болсын! Сау болыңдар!

Жүрг: Қане, балалар, әжемізді көңілді әнмен шығарып салайық.

«Балабақша»

Жүрг: Жарайсыңдар! Біз балабақшаға қайтайық.

